

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

«КЕДЕНДІК, ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ» КАФЕДРАСЫ

**ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІНІҢ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

Дайындаған:

ЕСЕКЕЕВА АЙНАШ АКИМСАЛОВНА

Алматы, 2013

Оқу әдістемелік кешен з.ғ.д., доцент Л.Қ.Еркінбаевамен, кафедра оқытушылары А.А. Есекеевамен, А.Қ. Жангабуловамен, Г.Қ. Шуланбековамен 2008 ж. «Оқу үлгі бағдарламасына» сәйкес жасалды.

Заң факультеті кедендік, қаржылық және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде

«_____» _____ 2013 ж. № _____ хаттамамен бекітілді.

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., доцент _____ Л.Қ. Еркінбаева

Заң факультетінің әдістемелік бюросымен

«_____» _____ 2013 ж. № _____ хаттамасымен мақұлданды.

Төрайым _____

Мазмұны

I.Кіріспе.....	4
II.Силлабус.....	5
III.Лекциялар курсының мазмұны.....	14
IV.Практикалық сабақтар мазмұны.....	90
V. Емтихан сұрақтары.....	93
VI.Глоссарий.....	95
VII. Схема.....	104
VIII. Қолданылған әдебиеттер	133

КІРІСПЕ

Нақты оқу әдістемелік кешен студенттердің Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаюына үлес қосуға ынталандыруы және еліміздегі құқық тәртібі мен заңдылықтың орын алуына септігін тигізуі қажет.

Халықтың құқықтық білімінің төмендігі елдегі құқық тәртібіне әсер етуші басты фактор екендігі белгілі. Сол себепті, “Құқық негіздерін” оқу барысында басты назар Қазақстан Республикасының қазіргі қолданыстағы заңдары мен нормативтік- құқықтық актілеріне аударылуы тиіс. Курсты оқу барысында студенттер Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін талдау әдістемесін игеруі қажет. Атап айтсақ, құқық пен мемлекеттің негізгі түсініктерімен танысуы, мемлекет, құқық, демократия, адам құқықтары мен бостандықтарның негізгі идеялары мен проблемаларын ашатын сұрақтармен танысуы; Құқық негіздері курсы оқу процесінде студент құқықтық әдебиеттермен, заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей білуі; Қазақстанның қолданыстағы заңдары туралы жалпы мағлұматтарының болуы және олардың қоғамдық қатынастардағы орны мен функцияларын білулері тиіс.

ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАҒЫТЫ: ЭКОНОМИКА САЛАСЫ
ШИФР:
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КАФЕДРАСЫ

« ____ » _____ 2009 ж.
№ ____ хаттамамен
және бизнес

заң факультетінің
Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде
келісілген заң

факультетінің деканы з.ғ.д.,
профессор Д.Л. Байдельдинов

« ____ » _____ 2009 ж.
№ ____ хаттамамен экономика

факультетінің
Ғылыми Кеңесінің мәжілісінде
бекітілген экономика және
бизнес

факультетінің деканы э.ғ.к.,

СИЛЛАБУС
ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-курс, к/б, күндізгі бөлім, 2 кредит

Дәріс берушінің аты-жөні: Есекеева Айнаш Акимсаловна

Телефон: жұмыс телефоны: 3773336 вн 1257

e-mail: Ainash07@mail.ru

каб.: заң факультеті, табиғи ресурстар және экологиялық құқық кафедрасы, 320 каб.

Оқытушының аты-жөні (семинар сабақтары): Шуланбекова Гулмира Куралбековна

Телефон: жұмыс телефоны: 3773336 вн 1257

Пәнді оқыту алдында оқытылуы тиіс пәндер:

Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасы шегінде)

Құқық негіздері (мектеп бағдарламасы шегінде)

Қоғамтану (мектеп бағдарламасы шегінде)

Пәнді оқытылғаннан кейін оқытылуы тиіс пәндер: Конституциялық құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, еңбек құқығы және т.б.

Пәнді оқытудың мақсаты. Қоғамның дамуы, заңдылықтың нығаюы, құқық тәртібінің орнауы үшін құқықтың маңызы зор екендігі белгілі. Сондықтан, тұтас алғандағы қоғамдық прогресс, экономиканың жаңа сатыға көтерілуі және елдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең алдымен қоғамдық қатынастардың қалай реттелетіндігіне және заң талаптарын орындамағаны үшін нормативтік-құқықтық актілерде қандай шаралардың қарастырылғанына байланысты.

Пәнді оқытудың міндеттері. Курсты оқу барысында студенттер Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін талдау методикасын игеруі қажет:

- құқық пен мемлекеттің негізгі түсініктерімен танысуы, мемлекет, құқық, демократия, адам құқықтары мен бостандықтарның негізгі идеялары мен проблемаларын ашатын сұрақтармен танысуы;

- Құқық негіздері курсын оқу процесінде студент құқықтық әдебиеттермен, заңдармен, өзге де нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істей білуі;

- Қазақстанның қолданыстағы заңдары туралы жалпы мағлұматтарының болуы және олардың қоғамдық қатынастардағы орны мен функцияларын білулері тиіс.

Апта лар	Тақырып атауы	Сағ атта р	СӨЖ тапсырмалары
Модуль 1.			
1	<p>Дәріс "Құқық негіздері" курсының пәні және жүйесі. Мемлекет пен құқық туралы негізгі ұғымдар мен түсініктер.</p>	2	
	<p>Семинар сабағы Құқықтың түсінігі мен белгілері. Құқықтың қызметі мен қайнар көздері. Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар. Мемлекеттің белгілері мен қызметі. Мемлекеттің тарихи типтері. Мемлекет нысандары (басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны, саяси режим). Құқықтық мемлекеттің ерекшеліктері.</p>	2	
2	<p>Дәріс Құқықтық қатынастар. Құқықтық мінез-құлық және құқықбұзушылық. Заңды жауапкершілік.</p>	2	
	<p>Семинар сабағы Құқықтық қатынастар түсінігі, белгілері, құрамы. Құқықтық қатынастар субъектілері мен объектілері. Заңды фактілер ұғымы және түрлері. Құқық бұзушылық ұғымы, белгілері, түрлері, құрамы. Заңды жауапкершілік ұғымы, белгілері, түрлері, қағидалары. Заңды жауапкершілікті және құқыққа қайшылықты жоятын мән-жайлар.</p>	2	
3	<p>Дәріс Қазақстан Республикасы Конституциялық құқығының негіздері.</p>	2	<p>СӨЖ 1 Қазақстан Республикасының Конституциясына жалпы сипаттама. (нысаны – ауызша, жоғары балл – 4 балл)</p> <p>Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасы Конституциясына жалпы сипаттама (қабылданған уақыты, кіммен қабылданғаны, конституцияның құрылымы т.б.) Енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға ерекше көңіл бөлу. • Жалпы ережелер. • Адам және азамат. <p>Қазақстан Республикасындағы</p>
	<p>Семинар сабағы Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығының түсінігі, пәні. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының жалпы сипаттамасы. Конституцияда бекітілген адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, Азаматтық: ұғымы, алу және айырылу тәртібі. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі: ұғымы, қағидаттары сайлау органдары.</p>	2	

			сот және сот төрелігі;
4	Дәріс Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық негіздері.	2	
	Семинар сабағы Әкімшілік құқықтың пәні, әдісі, қайнар көздері. Әкімшілік құқықтық қатынастар. Атқару билік органдары және әкімшілік құқық. Мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік қызметтің қағидалары. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәртебесі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінігі. Әкімшілік құқық бұзушылықтың қылмыстан және тәртіптік теріс қылықтан айырмашылығы. Әкімшілік мәжбүрлеу құқықтық жауапкершіліктің бір түрі ретінде. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары.	2	
5	Дәріс Қазақстан Республикасы азаматтық құқық негіздері.	2	
	Семинар сабағы Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні және реттеу әдістері. Азаматтық құқықтың қайнар көздері және жүйесі. Азаматтық құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері, жүйесі. Азаматтық құқықтық қатынастардың мазмұны, субъектілері және объектілері. Құқық қабілеттілік және әрекет қабілеттілік ұғымдары. Заңды тұлғалардың түсінігі, белгілері және түрлері. Мемлекеттің азаматтық құқықтық қатынастарға қатысуының нысандары. Мәміле түсінігі, нысаны. Мәміленің жарамдылығының жарамсыздығының негіздері. Азаматтық құқықтарды жүзеге асырудың және қорғаудың мерзімдері.	2	
6	Дәріс Қазақстан Республикасының отбасы құқығы негіздері.	2	СӨЖ- 2 2. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Жалпы сипаттамасы. (нысаны – жазбаша (бақылау түрінде), жоғары балл – 3 балл) Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: • Әкімшілік құқық бұзушылықтар. Түсінігі мен түрлері. • Әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік. Түсінігі мен түрлері.
	Семинар сабағы Отбасы құқығы ұғымы, қағидалары. Некеге тұру шарты және тәртібі. Некені бұзу және некені жарамсыз деп таңу. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері. Ата-ана және балалардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері. Алименттік қатынастар.	2	

			<ul style="list-style-type: none"> • Әкімшілік жауапкершіліктен негіздері. босату • Кәмелетке тұлғалардың жауапкершілігі. толмаған әкімшілік <p>Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша өндіріс. Жалпы сипаттамасы.</p>
7	Дәріс Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының қызметі мен ұйымдастырылу негіздері.	2	
	Семинар сабағы Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары. Құқық қорғау қызметінің қағидалары. Сот билігінің ұғымы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. Әділет органдарының жүйесі. Қазақстан Республикасының прокуратурасы. ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдары. ҚР ішкі істер органдары. Қаржы полициясы Агенттігі және оның жүйесі. Нотариат. Адвокатура.	2	
Модуль 2.			
8	Дәріс. Қазақстан Республикасының қаржы құқығы негіздері.	2	
	Семинар сабағы Қаржы құқығының пәні, түсінігі. Мемлекеттің қаржылық қызметі. Қаржылық жоспарлау. Қаржылық бақылаудың ұғымы және түрлері. Бюджеттік құқықтың, бюджеттің, бюджет жүйесінің және бюджеттік процестің ұғымы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. Бюджеттен тыс қорлар.	2	
9	Дәріс Қазақстан Республикасы салық құқығы негіздері.	2	<p>3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Жалпы және ерекше бөлім. Жалпы сипаттамасы. (нысаны – жазбаша (бақылау түрінде), жоғары балл – 3 балл)</p> <p>Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің жалпы бөліміне жалпы сипаттама; • Қазақстан Республикасының Азаматтық
	Семинар сабағы Салық құқығы ұғымы, пәні және жүйесі. Мемлекеттің салық жүйесі. Салықтық қатынастардың субъектілері. Салықтық міндеттемелер Мемлекеттің салықтық қызметі.	2	

			<p>кодексінің ерекше бөліміне жалпы сипаттама;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Меншік құқығы, түсінігі, түрлері; • Міндеттемелер, түсінігі, түрлері, міндеттемені қамтамасыз ету әдістері; <p>Азаматтық құқықтағы сату және сатып алу шарты, жалпы сипаттамасы.</p>
10	<p>Дәріс Қазақстан Республикасы еңбек құқығы негіздері</p>	2	
	<p>Семинар сабағы</p> <p>Еңбек құқығының түсінігі, пәні және әдістері. Еңбек құқығының қағидалары. Еңбек құқығының қайнар көздері. Жеке еңбек шарты. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Еңбекті қорғау. Еңбек даулары. Еңбек тәртібі – тәртіптік және материалдық жауапкершілік.</p>	2	
11	<p>Дәріс Қазақстан Республикасы қылмыстық құқық негіздері.</p>	2	<p>4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. Жалпы сипаттамасы. (тапсыру уақыты 8 апта, нысаны – жазбаша, жоғары балл – 4 балл)</p> <p>Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: ҚР Еңбек кодексіне жалпы сипаттама; Еңбектің түсінігі, жеке еңбек шартының түсінігі, түрлері; Жеке еңбек шартының тоқтату негіздері. Жеке еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу.</p>
	<p>Семинар сабағы</p> <p>Қылмыстық құқықтың ұғымы. Қылмыстық құқықтың қағидалары. Қылмыстық заң ұғымы, ерекшеліктері мен маңызы, міндеттері мен мақсаты. Қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымы. Қылмыстың ұғымы, қылмыстарды топтастыру. Қылмыстың құрамы. Әрекеттің қоғамға қауіптілігі мен заңға қайшылығын жоятын мән-жайлар Қылмыс жасау сатылары мен қылмысқа қатысу. Қылмыстық жазаның ұғымы, белгілері мен мақсаттары. Қылмыстық жазалардың жүйесі мен түрлері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.</p>	2	
12	<p>Дәріс Қазақстан Республикасы экологиялық құқық негіздері.</p>	2	
	<p>Семинар сабағы</p> <p>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Қоршаған орта түсінігі, қоршаған орта объектілері. Табиғи ресурстаға меншік құқығы, түсінігі. Объектілері мен субъектілері. Табиғат пайдалану құқығы. Қоршаған ортаны ластау. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін заңды жауапкершілік.</p>	2	

13	Дәріс Қазақстан Республикасының жер құқығы.	2	5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Жалпы сипаттамасы. (нысаны – жазбаша (бақылау түрінде), жоғары балл – 3 балл) Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: -Қылмыстың түсінігі, белгілері мен түрлері. -Қылмыстық жаза. Түсінігі мен түрлері. Негізгі жазалар және қосымша жазалар. -Қылмысқа қатысушылар. -Қылмыс жасау сатылары. -Әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлар. -Қылмыстық жазаны ауырлататын және жеңілдететін мән жайлар. -Кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі.
	Семинар сабағы Қазақстан Республикасының жер құқығының ұғымы, пәні, жүйесі, қағидалары.Қазақстан Республикасы жер құқық қатынастарының түсінігі, объектілері, субъектілері және мазмұны.Жерге меншік құқығының түсінігі, түрлері. Жерге меншік құқығы және өзге де заттық құқықтардың пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.	2	
14	Дәріс Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқықтарының негіздері.	2	
	Семинар сабағы Қылмыстық іс жүргізу құқығы ұғымы және міндеттері.Қылмыстық сот ісін жүргізу қағидалары. Іс жүргізу мерзімдері. Қылмыстық процесске қатысушылар. Азаматтық іс жүргізу құқығы ұғымы және жүйесі.Талап-арыз ұғымы және мазмұны. Азаматтық істерді сотта қарау.	2	
15	Дәріс Халықаралық құқық негіздері.	2	Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Жалпы сипаттамасы. (тапсыру уақыты 12 апта, нысаны – ауызша, жоғары балл – 3 балл) Бұл тақырып бойынша дайындалу барысында студент келесі сұрақтарға көңіл бөлуі қажет: • Жерге меншік құқығы. Жер учаскесін жеке меншік құқығына беру тәртібі мен талаптары. • Жерге мемлекеттік меншік. • Жерге жеке меншік.
	Семинар сабағы Қазіргі кезеңдегі халықаралық құқық ұғымы.Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық.Халықаралық құқықтың қағидалары.Халықаралық құқықтың субъектілері. Халықаралық құқықтық актілер.		

			<ul style="list-style-type: none"> • Жер учаскесіне меншік құқығын алу негіздері. • Жер учаскесіне құқықтарды тоқтату негіздері. • Қазақстан Республикасы жер қорының жекелеген санаттары.
--	--	--	---

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

I. Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Конституциясы, (1998 ж. 7 қазанда және 21 мамырда 2007 ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен);
2. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы, 1991ж. 16 желтоқсан;
3. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, 1990 ж. 25 қазан;
4. «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1998ж. 24 наурыз;
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2001ж., 30 қаңтар;
6. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы, 2001ж., 23 қаңтар;
1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік нышандары туралы» Заңы. 1996ж. 24 қаңтар;
2. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы. 1991жыл 20 желтоқсандағы, Алматы: Юрист, 2005.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2007 ж. 15 мамыр;
4. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы, 1998 ж., 17 желтоқсан;
5. Қазақстан Республикасының 27 желтоқсан 1994 жылғы Азаматтық кодексі (жалпы бөлім);
6. Қазақстан Республикасының 1 шілде 1999 жылғы Азаматтық Кодексі (ерекше бөлім);
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1997 ж. 16 шілде;
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 1997ж. 13 желтоқсан;
9. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 1999ж. 13 шілде;
10. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі, 2003ж., 20 маусым;
11. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 09 қаңтар, 2007 ж.;
12. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, 1998ж., 2 шілде;
13. «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы. 1997 жыл 15шілде.
14. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңы. 2001 жыл 09 шілде.
15. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі. 2001 жыл 12 маусым.;
16. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі 24 сәуір 2004 жыл.
17. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы 2007 жыл 7 қыркүйек.
18. ҚРЗ «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы, Алматы: Юрист, 2005.
19. ҚРЗ «Патент туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі, Алматы: Юрист, 2005.
20. ҚРЗ «Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы, Алматы: Юрист, 2005.
21. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
22. «Прокуратура туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
23. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.

24. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
25. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы.
26. «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңы.
27. ҚР Президентінің «ҚР халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығы, 1995.

II. Арнайы әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Баспа, 1998.- 256 б.
2. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1994.- 160 б.
3. Баққұлов С.Д. Құқық негіздері: Оқулық. – 2-ші басылым. – Алматы, 2004. -248 б.
4. Дулатбеков Н.О. и др. Мемлекет және құқық негіздері / Дулатбеков Н.О., Амандықова С.Қ., Турлаев А.В. – Астана: Фолиант, 2001.- 252 б.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық / Е. Баянов. - Өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қайта жөнделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы, 2003.- 692 б.
6. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: Оқу құралы. – Алматы, 2004.
7. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 1997ж;
8. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы, 2001 ж.
9. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқулық. Алматы, 1997 ж.;
10. Административное право. Оқулық, жауапты редакторы А.А. Таранов. Алматы, 1998 ж.;
11. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.-28 б.
12. Байжанов Н. Неке және отбасы. Алматы, 1997 ж.;
13. Тулеугалиев Г.И. Азаматтық құқық. Жалпы бөлім. А.,2001 ж.;
14. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жазаны жеке даралау. Оқу құралы. Қарағанды 1996 ж.
15. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000 – 1-том. Ерекше бөлім.428 б. 2-том. Ерекше бөлім.- 378 б.
16. Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім. Алматы,2000 ж.;
17. Қайржанов Е.И. Жастар арасындағы заң бұзушылық және онымен күресу шаралары. Алматы, 1999ж.
18. Сапарғалиев Ғ.С. Мемлекет және құқық негіздері Алматы, 1999 ж.
19. Ағыбаев Қылмыстық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім, Алматы 2000 ж.
20. Байжанов Н. Неке және отбасы. Алматы, 1997 ж.
21. Баққұлов. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2001 ж.
22. Дулатбеков, Амандықова, Турлаев. Қазіргі Қазақстанның мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2004 ж.
23. Ашитов О. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2004 ж.
24. Оспанов Қ.И. Құқық негіздері. Алматы. «Жеті Жарғы» 2007 ж.
25. Ж. Құлжабаева: Халықаралық жария құқық, Алматы, 2003.
26. Сарсембаев М.А. Международное право, А., Данекер 2002.

Білімді бақылау нысандары:

Ағымдық бақылаулар: семестрде 5 жұмыс

СӨЖ: семестрде 5 тапсырма

Қорытынды бақылау: емтихан сессиясы барысында

Білімді бағалау критерийлері, балдар в %

ылау жұмысы

е тапсырмалар (СӨЖ)

60

Ағымдық бақылау дәрістер мен лабораториялық сабақтарда (7 апта бойы) оқыған теориялық және тәжірибелік сұрақтар бойынша жасалынады. Студентке теориялық сұрақтар мен тәжірибелік тапсырмалар беріледі.

Білімділік бағамының жалпы көрсеткіші

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Бағаның сандық көрсеткіші (GPA)	Балдар %	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4	95-100	"Өте жақсы"
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	"Жақсы"
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	"Қанағаттанарлық"
C	2	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	
F	-	0-49	"Қанағаттанарлықсыз"
I	-	-	"Пән аяқталмаған"
W	-	-	"Пәннен бас тарту"
AW	-	-	"Пәннен шығарылған"
AU	-	-	"Пән оқылған"
P/NP (Pass / No Pass)	-	65- 100/0- 64	"Сынақ/ сынақтан өтпеді"

Семестр барысында студенттің жұмысын бағалау кезінде келесілер есепке алынады:

- Сабақ күнделікті қатысу ;
- тәжірибелік сабақтарға белсенді қатысу ;
- негізгі және қосымша әдебиеттерді оқу ;
- СӨЖ орындау;
- тапсырмаларды уақытылы орындау.

Үш СӨЖ тапсырмаларын уақытылы орындамағаны үшін AW бағасы қойылады.

Академиялық мінез-құлық және этика саясаты

Ұқыпты болыңыз, басқаның пікірін сыйлаңыз. Қарсы пікірлеріңізді нақты нысандарда құра біліңіз. Плагиат және өзге де жалған нысандардағы жұмыстарға жол берілмейді. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру барысында көшіруге, шығарылған есептерді басқа тұлғаларға көшіруге, емтиханды басқа тұлғалар үшін тапсыруға жол берілмейді. Курстың кез-келген ақпаратын жалған жасап ұсталған студент «F» қорытынды бағасын алады.

Көмек: өзіндік жұмыстарды (СӨЖ) орындау, оларды тапсыру және қорғау барысында кеңес алу, сонымен қатар өтілген материалдар бойынша қосымша ақпараттар алу және оқылған курс бойынша пайда болған сұрақтар бойынша оқытушыдан оның офис-сағаттары уақытында қажетті мәліметтер алуға болады.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

Хаттама № « » ж.

Кафедра меңгерушісі з.ғ.д., доцент

Л.Қ. Еркінбаева

ЛЕКЦИЯЛАР МАЗМҰНЫ

1 тақырып. Мемлекет пен құқық негіздері

1. Мемлекеттің негізгі ұғымдары мен санаттары. Құқықтық мемлекет
2. Құқықтық негізгі ұғымдары мен санаттары
3. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет

Мемлекеттің негізгі ұғымдары мен санаттары.

Құқықтық мемлекет

Мемлекет және құқық пәні - қоғамдағы саяси экономикалық, әлеуметтік құбылыстарды зерттеп, қоғамдық өмірдегі қарым-қатынастарды реттеу, басқару әдіс-тәсілдерін, объективтік заңдылықтарын анықтап отыратын ғылым. Ол мемлекет пен құқықтың мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен құқықты бөліп қарауға болмайды, олар бір-бірімен тығыз байланысты. Құқық мемлекеттік органдардың құрамын қалыптастырудың ретін, жұмыс тәртібін және оның бағыт-бағдарын орнықтырады, ал мемлекет құқықтық нормаларды қабылдайды, бекітеді және қорғайды.

Методология (әдіс-тәсіл) - дүниені философиялық тұрғыдан түсіндіретін ілім. Ғылыми методологияның негізі - диалектикалық материализм. Мемлекет және құқық теориясының методологиясы философияның объективтік заңдарына, теориялық қағидаларына сүйене отырып, логикалық әдіс-тәсілдер арқылы мемлекет пен құқықтың өмірге келу, даму заңдылықтарын зерттейді. Бұл зерттеу процесінде теория мен тәжірибенің бірлестігіне сүйене отырып, қортынды ғылыми тұжырымдар жасалады. Сонымен мемлекет және құқық теориясының әдісі-диалектикалық материализм методологиясы және заң ғылымдарының зерттеу тәжірибесінен қалыптасқан әдіс-тәсілдер.

Адам қоғамының тарихын, даму процесін, мазмұнын, болашағын зерттейтін ғылымдарды **қоғамдық ғылым** дейді. **Оның салалары:** философия, саяси экономика, тарих, социология, заң ғылымдары, филология, археология, этнография т. б. Бұлардың ішінде мемлекет пен құқық теориясына кеңірек көңіл бөлетін философия мен тарих, ал басқалары қысқаша тоқтап өтеді.

Заң ғылымы - қоғам ғылымдарының бір саласы. Заң ғылымы шын және толық мәнінде заң дүниесін, заң құрамын жете танытын ғылым болып ХІХ ғасырдың ортасында қалыптасты. Бұл ғылым мемлекет пен құқықтың өмірге келуін, мазмұнын, атқаратын жұмыстарын, диалектикалық даму процесін т. б. мәселелерін зерттеумен шұғылданады. **Заң ғылымдары үш топқа бөлінеді:**

1. Мемлекет және құқық теориясы, мемлекет пен құқықтың жалпы тарихы, құқық пен саясаттың тарихи дамуы;
2. Салалық заң ғылымдары (азаматтық, қылмыстық, еңбек т. б.)
3. Арнаулы заң ғылымдары (криминалистика, соттық медицина, халықаралық құқық т. б.).

1.2. Мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуы

Алғашқы қауымдық қоғамның экономикалық, әлеуметтік, құрылымдық, басқарушылық салаларындағы объективтік даму процесі бір-бірімен тығыз байланыста өзгеріп, жаңарып отырды. Малшылық пен егіншілік қалыптасты, ажарланған тастан жасалған қарулар өмірге келіп, адамның тәжірибесі өсіп молайды. Қоғамдық еңбек төрт күрделі тарауға бөлінді: малшылық, жер игеру, өндірістік және саудагерлер тобы. Бұның бәрі еңбектің өнімділігін арттырды, қоғамның шығысынан кірісін асырды. Сөйтіп қоғамдық байлық қалыптаса бастады, оны иемденетін топтар, таптар пайда болды. Экономикалық өзгерістер әлеуметтік қайшылықтарды өмірге әкелді. Олар төмендегі негізгі объективтік заңдардың - қосымша

өнімнің пайда болуы; жеке меншіктің қалыптасуы; топтар мен таптардың арасындағы күрестің басталуы - әсерінен туындайтын қайшылықтарды реттеп, қоғамды басқару үшін өмірге мемлекет пен құқық келді.

Мемлекеттің дамуы - мемлекет қоғамдық еңбек бөлінісінің, жеке меншіктің пайда болуы нәтижесінде алғашқы қауымдық құрылыс тапқа бөлінуінің туындысы. Мемлекет жария үкіметтің пайда болуы мен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың нысаны мен оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда мемлекеттің күш-қуатына үйренетін басқару жүйесі.

Мемлекеттің пайда болуының, дамуының бірнеше түрлері бар:

1. Шығыс елдерінде (Иран, Индия, Қытай, Араб т. б. шығыс типті елдерде) мемлекеттің қалыптасуы негізінен қоғамдық меншікті қорғаумен байланысты. Себебі алғашқы қоғам ыдырау кезінде бұл елдерде күрделі құрылыстар болды: ірі су каналдарын жасау, суармалы ирригациялық жүйелер құру, құрғақшылықпен күресу. Міне осы күрделі жұмыстарды жақсы жүргізу үшін қоғамдық-мемлекеттік меншік қалыптасты. Сол меншіктің иелері: шенеуніктер, ру, тайпа басшылары, хандар, корольдер мен императорлар болды.

Сонымен, Шығыс елдеріндегі мемлекеттердің қалыптасу себептеріне:

- ірі ирригациялық жүйелерді жасау;

- оны іске асыру үшін құлдарды, жұмысшыларды жүйелі түрде топтастыру, біріктіру;

○ барлық жұмыстарды бір орталықтан басқару жатады.

Мемлекеттің басқару аппараты бұрынғы ру, тайпаны басқарған аппараттан өсіп қалыптасты. Жаңа аппарат қалың бұқарадан алыстай түсіп әділетсіздікті, қанаушылықты күшейтті. Азия типті мемлекеттер өте брсең дамып, ХІХ–ХХ ғасырларға дейін көп өзгермей, сақталып келді (Қытай, Иран т. б.).

2. Еуропалық елдерде мемлекет жеке меншіктің шапшаң, күрделі дамуы, қоғамның тапқа бөлінуі арқылы қалыптасты.

Афина мен Римде алғашқы қоғамның ыдырауы кезінде экономикалық күшті топтар мен таптар мемлекеттік билікті өз қолдарына алып, өз мүдде-мақсаттарын орындайтын мемлекеттік аппарат орнатты. Бұл мемлекеттер, көбінесе, демократиялық жүйедегі саяси бірлестік болып қалыптасты.

Германияда мемлекеттің қалыптасуы басқаша болды. Қалың бұқара байларға тәуелді болды, феодалдық қатынастар дами бастады. Осы типті мемлекеттер Еуропаның бірнеше елдерінде Ресейде, Ирландияда және т. б. қалыптасты.

Құқықтың дамуы - адам қоғамының дұрыс өмір сүруінің негізгі объективтік заңдылықтарының бірі. Ол - әлеуметтік нормалардың қалыптасып, қоғамдағы қарым-қатынастарды реттеп, басқаруы және әлеуметтік нормалардың (әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мораль, діни нормалары) қоғамның даму процесінде бірте-бірте құқықтық нормаларға айналуы. Сонымен, қоғамда мемлекеттің өзі қабылдаған, бекіткен құқықтың жаңа түрлері пайда болды: **заң, заңға тәуелді кесімдер, шарттық нормалар, заң күші бар соттың шешімдері.**

Құқық екі жолмен дамыды. Біріншіден, мемлекеттік қоғамдық меншікті реттеу моралдық - діни нормаларға сүйенді. Мысалы, Индияда Ману заңы, мұсылман елдерінде Құран заңы. Екіншіден, жеке меншік бағытындағы қатынастарды мемлекеттік органның өзі бекіткен нормалар арқылы реттеп, басқарды.

Адам қоғамы мыңдаған жыл өмір сүріп келеді. Жеке адамдар тиісті мемлекеттің азаматы болып, сол мемлекеттің билігіне, құқықтық тәртібіне бағынып, өзінің іс-әрекетін, мінезін,

тәртібін қоғамдық мүдде-мақсатты орындауға жұмсап келеді. Адамдар ежелгі заманнан мемлекет пен құқық қашан пайда болды, қалай дамып келеді?-деген мәселелермен шұғылданып, ғылыми зерттеулер жасап келеді.

Енді мемлекеттің және құқықтың пайда болуы туралы теориялардың мазмұнына қысқаша тоқталып өтейік.

Теологиялық теория – мемлекет пен құқық Алланың әмірімен қалыптасып, дамып келеді деп түсіндіреді.

Табиғи теория - бұл теорияны жақтаушылардың пайымдауынша, мемлекетті, құқықты ешкім ойлап тапқан жоқ, олар адамның өзі сияқты табиғаттан бастау алып, әділеттілікке негізделген абсолюттік ұғымдар деп атайды.

Тарихи теория – осы теорияны ұстанғандар мемлекет пен құқық тарихтан бастау алып, тарихпен бірге жетілді дейді.

Патриархалдық теория - мемлекет адамдардың отбасы тәжірибесінен қалыптасқан азаматтардың саналы түрде өздерінің мүдде-мақсаттарын іске асыру үшін біріккен одақ деп түсіндіреді. Күрделі ірі патриархалдық отбасы басшысы бірте-бірте мемлекеттің басшысына айналған. Отбасы басшысы - әке, мемлекеттің басшысы - монарх.

Психологиялық теория - адамдардың психологиялық біріккен көзқарасы, іс-әрекеті, мінезі, тәртібі – бәрі келісіп, ұжымдық түрде басқарады деген тұжырымды қолдайды және тағы басқалар.

Қазақ жерінде алғашқы қауымдық қоғам заманында рулық қауым пайда болып, ұзақ ғасырлар бойы адамдар туыс, қандастығы ұйымның шеңберінде өмір сүрді. Бұл аймақта мекендеген көшпелі тайпаларда мемлекеттің құрылуы ғасырларға созылып, ол ерекше күрделі түрлер арқылы қалыптасты, ал барша жұрт ертеден келе жатқан ауызша заңдар жүйесі “әдет” заңына бағынып келген.

1465 жылы тарихта тұңғыш дербес қазақ хандығының негізі қаланып, Жәнібектің ұлы Қасым ханның тұсында көркейіп, қуатты мемлекетке айналды. Қасым хан қазақтың құқықтық әдеттерін жүйелеп “**Қасым салған қасқа жолды**” тұжырымдап берді. **Ол бес тараудан тұратын:**

1. Мүлік заңдары (*мал, мүлік, жер дауы мәселелері*).
2. Қылмыс заңдары (*кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық мәселелері*).
3. Әскери заңдар (*қосын, аламан, әскери міндет, тұлпар ат, қара қазан мәселелері*).
4. Елшілік жоралары (*майталмандық, шешендік, сыпайылық, әдептілік*).
5. Жұртшылық заңы (*ас, той, мереке, жасауыл және т. б*).

Қоғамның даму барысы қазақ заңдарының одан әрі жетілуіне әкеп соқты. Осындай міндетті Есім хан (1598-1645 жж.) бұрынғы қазақ заңдарына, әдеттеріне жаңадан дем беріп, әсіресе, әскери заңдардың беделін күшейтті. Бұл әрекет жоңғар қалмақтарының басқыншылығына тойтарыс беруге бағытталды. Есім хан өзінің заңдар жинағында ежелгі құқықтық әдеттерді қаз-қалпында сақтағаны үшін оған халық “**Есім ханның ескі жолы**” деген ат берді.

Өз заманында Тәуке хан (1680-1718 жж.) дәуір ыңғайына сай бейімдеп қазақ заңдарын жинап, топтастырып, мемлекеттік дәрежеге көтерді. Тарихта бұл заңдар “**Тәуке ханның жеті жарғысы**” деген атпен белгілі. Жеті жарғыда бұрынғы әдеттерге қосымша жаңа ережелер, қағидалар енгізілді.

Мемлекет: ұғымы, мәні, белгілері, нысандары, механизмі, атқаратын қызметтері. Құқықтық мемлекет. Ғылымға «мемлекет» терминін алғаш рет италияндық ойшыл Николло Макиавелли (1469 – 1527) енгізген. Оған дейін мемлекет деген ұғымның

орнына «республика», «корольдық», «қалалық қауым», «княздық», «жер», «патшалық», «ел», «басқару», «өктемдік», «үстемдік», «ат төбеліндей билік» деген сияқты әр түрлі атаулар қолданылып келген.

Мемлекеттің түпкі *мәні* қандай болса оның ұғымының, белгілерінің, нысандарының, механизмінің, атқаратын қызметтерінің мазмұны да сондай болады. Демек, осы тұрғыдан қарағанда мемлекетті оқып білуді оның мәнін ашып көрсетуден бастау дұрыс әдіс. *Мемлекеттің мәні* дегеніміз оның табиғатын, мазмұнын, қызмет ету мақсатын, қоғамдағы қажеттілігін анықтайтын барынша маңызды, тұрақты ішкі және сыртқы жақтары мен қасиеттерінің жиынтығы. Мемлекеттің мәнін ашып көрсетудің екі жолы қалыптасқан: (*маркстік – лениндік*) және *жалпыәлеуметтік*.

Мемлекеттің *мәні* оның ерекшеліктері мен сипатты белгілерінің жиынтығынан тұратын *мазмұнынан* көрінеді. Мемлекеттің қоғамдағы саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, ұйымдар мен институттардан ерекшеленетін өзіндік бірнеше *белгілері* бар. Ондай *белгілерге* мемлекеттің аумағының болуы, мемлекеттің халқының болуы, мемлекеттік (бұқаралық) билік, мемлекеттің егемендігі (тәуелсіздік), құқық пен заңдардың барлығы, салық пен салықтық жүйенің болуы жатады.

а. Кез келген мемлекеттің өзінің белгілі бір *аумағы* болады. Аталған аумақта сол мемлекеттің тұрғындары, халқы шоғырландырылады және осы аумақтың көлемінде мемлекеттің билігі таралып іске асырылады. Тек елшілік аясында немесе басқа да халықаралық келісім арқылы көрсетілген шеңберде болмаса, бір мемлекеттің аумағында екінші мемлекеттің билігі жүрмейді.

ә. Мемлекеттің екінші бір белгісі ол мемлекеттік (бұқаралық) биліктің болуы. Биліктің бұқаралық болатын себебі ол, сол мемлекеттің халқы атынан оның аумағында тұраты елдің, адамдардың барлығына бірдей таратылады. Бұқаралық билікке мемлекеттік билік пен басқару органдары, мәжбүр ету аппараттары жатады. Тек мемлекет қана сот, прокуратура, ішкі істер бөлімдері, әскер, абақты сияқты органдар мен мекемелердің көмегімен мемлекеттік билікті іске асырады.

б. Халықаралық құқық теориясына сәйкес мемлекеттің ең негізгі белгілерінің бірі сол мемлекеттің аумағында тұратын *халқының* болуы. Мемлекеттік билік өзінің аумағында тұратын адамдардың арасындағы қоғамдық қатынастарды құқық, заң арқылы реттеу үшін, сол халыққа арналған құқықтық нормативтік актілерді қабылдайды. Қабылданған құқықтық нормативтік актілер халықтың барлық топтарына ортақ және міндетті түрде орындалуға, сақталуға және іске асырылуға тиіс.

в. Мемлекеттің келесі бір белгісі ол мемлекеттің егемендігі. Егемендік мемлекеттің ішкі және сыртқы істерді атқарудағы толық тәуелсіздігі. Мемлекеттің егемендігін үш жақта қарастыруға болады: біріншіден, мемлекеттің бүкіл аумағына, халқына тарайтын бірден – бір мемлекеттің бүкіл аумағына, халқына тарайтын бірден – бір мемлекеттік билік болып табылатын биліктің үстемдігі; екіншіден, мемлекет органдарының бірыңғай жүйесін құрайтын мемлекеттік биліктің тұтастығы; үшіншіден, мемлекеттік биліктің өз істерін өз еркімен шешуге құқығы бар биліктің тәуелсіздігі.

г. Мемлекеттің тағы бір белгісі ол мемлекетте құқықтың, заңдардың болуы, құқық пен мемлекеттің ажырамас, тығыз байланысы. Кез келген мемлекет өзінің саясатын, билігін белгілі бір құқықтық нормативті актілерді қабылдау арқылы іске асырады. Құқық пен заңды сол мемлекеттің өзі қабылдап бекітеді және олар сол мемлекеттің бүкіл іс - әрекетін

заңдастыруға көмектеседі, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет.

д. Мемлекеттің негізгі белгілерінің тағы бірі сол мемлекетте *салық* пен *салық жүйесінің* болуы. Салықтар, алымдар, төлемақылар – мемлекеттік аппаратты, қызметкерлерді ұстауға, қоғамның басқа қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмсалатын мемлекет қазынасына түсетін, қайтарылмайтын, халық табысының бір бөлігі. Мемлекет халықтан салық алып оны мемлекеттік аппаратты ұстауға, қоғам қажеттіліктерін өтеуге жұмсайды.

Саяси режим (тәртіп) дегеніміздің өзі мемлекеттік биліктің іске асырылуының амал – айла, әдіс, тәсілдерінің жиынтығы. Мемлекеттік биліктің іске асырылуының тәсіліне орай билік, қоғам және жеке адам арасындағы қатынастың сипаты анықталады. Осы тұрғыдан қарағанда саяси режимнің тұрапатына қарай мемлекет нысаны жағынан *демократиялық емес* (тоталитарлы, авторитарлы режимдер) және демократиялық (президенттік, парламенттік) болып екі үлкен топқа бөлінеді.

Тоталитарлық латын тілінен аударғанда «толық», «тұтас» деген мағына береді. Сонда тоталитарлықтың барысында бүкіл қоғам мен жеке адам өмірінің барлық жағы тұтастай мемлекеттің қолына, бақылауына шоғырландырылады. Бір сөзбен айтсақ, барлығы мемлекет үшін, барлығы мемлекеттің ішінде, мемлекетке қарсы, мемлекеттен тыс ешнәрсе болмауы тиіс, мемлекет мүддесі басқа субъектілердің мүддесінің көрінісі, жиынтығы, шоғырланған шоқтығы. Тоталитаризмнің сталинизм, гитлеризм, фашизм деген сияқты түрлері бар. Батыс Еуропа саясаттану ғылымында *тоталитаризмнің* төмендегідей бірнеше белгілері көрсетіледі: бір ғана бұқаралық партия; бір идеологияның үстемдігі; бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттің үстемдігі; экономиканы басқару мен бақылаудың орталықтанған жүйесі; жаппай саяси қуғын – сүргін.

Авторитаризм көп жағдайда тоталитаризмнен демократияға өтпелі кезең ретінде қарастырылады. Сондықтан авторитаризм тұсында көппартиялылық, меншіктің көптүрлілігі, біртұтас идеологияның болмауы, бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттен тыс үстемдіктің пайда болуы т.с.с. өзгерістер қалыптаса бастайды.

Мемлекеттік билікті, оның қызметтері мен міндеттерін іске асыру үшін белгілі бір механизм қалыптасады. Мемлекеттің міндеттері мен қызметтері іске асырылатын мемлекеттік ұйымдар, мекемелер; мемлекеттік кәсіпорын; ақша – қаржы қоры.

Мемлекет бүкіл қоғамдық қатынастарды реттеуге және халықты басқару барысында өзіне тән бірнеше *қызметтер* атқарады. Мемлекеттің қызметі дегеніміз оның мәні мен табиғаты көрінетін іс - әрекетінің басты бағыты. Мемлекеттің қызметтері қоғамға, қоршаған ортаға, әлеуметтік топтраға, жеке адамдарға немесе басқа мемлекеттерге бағытталады. Мемлекеттің қызметтеріне экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, мәдени – тәрбиелік, саяси, табиғатты қорғау, әскери, қорғаныс, халықаралық қылмыспен күрес т.б. жатады. Мемлекеттің қызметтері бірнеше топтамаларға бөлінеді. Мысалы мемлекет қызметінің маңыздылығына қарай олар негізгі және қосымша, уақыт жағынан тұрақты, уақытша, кеңістіктегі әрекетіне байланысты; жалпы мемлекеттік (жалпы ұлттық) және аймақтық, жалпы маңызды мақсаттардың атқарылу саласына байланысты: ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Мемлекеттің қызметтері – мәні мен қажеттілігін білдіретін мемлекеттің іс - әрекетінің негізгі бағыты. Мемлекеттің қызметтері қоғамға, қоршаған ортаға, әлеуметтік топтарға, тұлғаларға, басқа мемлекеттерге бағытталған белсенділігінің әр түрлі көрінісі.

Қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіретін және реттейтін мемлекеттік ықпал жасау құралдарын шартты түрде құқықтық және ұйымдастырушылық деп екіге бөлуге болады. Мемлекет қызметінің құқықтық нысанда іске асырылуына құқық шығару, құқық қолдану және құқық қорғау жатады. Құқық шығару қызметі нормативтік құқықтық актілерді санкциялау, жасау, қабылдау, ескілерінің күшін жою сияқты мемлекеттің іс - әрекетінен көрінеді. Мемлекеттің құқық қолдану қызметі дегеніміз қабылданған нормативтік құқықтық кесімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қолдануы.

Құқық қорғау қызметі қабылданған нормативтік құқықтық кесімдердің дұрыс орындалуын және сақталуын қадағалау, бақылау және құқық бұзушыға мәжбүрлілік шарасын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекет қызметінің ұйымдастырылу арқылы жүзеге асырылу нысаны не әдісі тұрғындардың іс - әрекетінің жағдайына ықпал жасау болып табылады. Мемлекет жалпы мемлекеттік, ұлттық, жергілікті деңгейлердегі маңызы асыру үшін тұрғындарды жұмылдырады, ұйымдастырады. Осы мақсатта әр түрлі саяси шешімдер, бағдарламалар қабылданады.

Аталған басқа да мемлекет төмендегідей қызметтер атқарады: құқық қорғау, құқықты іске асыру, құқыққа түсінік беру, құқық белгілеу, заң қабылдау, өкім, үкім шығару, жаза тағайындау, қауіпсіздікті сақату, қылмыспен күрес, адам, азамат құқығын, бостандығын қорғау, халықаралық лаңкестікпен күрес, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, мәдени – тәрбиелік, саяси, табиғатты қорғау, сыртқы істерді жүргізу, қорғану т.б.

2-тақырып. Құқықтық қатынастар. Құқықтық мінез-құлық және құқықбұзушылық. Заңды жауапкершілік.

1. Құқықтық қатынастар ұғымы және ерекшеліктері. Құқықтық қатынастар құрамы. Заңды айғақтар ұғымы және түрлері.
2. Құқықты жүзеге асыру нысандары. Құқықты түсіндіру. Құқықтық мінез-құлық ұғымы және белгілері.
3. Құқық бұзушылық ұғымы, белгілері, құрамы, түрлері.
4. Заңды жауапкершілік ұғымы және белгілері, қағидалары, түрлері. Заңды жауапкершіліктен босатудың негіздері.
5. Құқықтық тәртіп және заңдылық.
6. Құқықтық сана және құқықтық мәдениет.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Баспа, 1998.- 256 б.
2. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1994.- 160 б.
3. Баққұлов С.Д. Құқық негіздері: Оқулық. – 2-ші басылым. – Алматы, 2004. -248 б.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық / Е. Баянов. - Өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қайта жөнделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы, 2003.- 692 б.
5. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 1997ж;
6. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы, 2001 ж.
7. Ашитов О. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2004 ж.
8. Оспанов Қ.И. Құқық негіздері. Алматы. «Жеті Жарғы» 2006 ж.

1. Құқықтық қатынастар - құқыққа байланысты, құқық негізіндегі қатынастар болып табылады. Бұл үшін бір-бірімен байланысты үш негіз болуы керек: 1) құқық нормасы; 2) субъективтік құқықтар мен міндеттер; 3) заңға негізделген айғақ болуы керек. Мысалы, студент қыз бен жігіт достасып жүреді. Екеуінің арасындағы қарым-қатынас моральдық нормалардың, әдет-ғұрыптың негізінде жүріп жатады. Ал, екеуі заңды некеге тұрғаннан кейін, қарым-қатынастары құқықтық қатынастарға, мемлекеттік органға барып тіркелуі, заңға негізделген айғаққа айналады.

Құқықтық қатынастардың белгілері:

- а) бұл әлеуметтік субъектілер арасындағы екіжақты нақты байланысты білдіретін қоғамдық қатынас;
- ә) ол құқық нормаларының негізінде қалыптасады, яғни, құқық нормаларының жалпы талаптары субъектілер мен нақты жағдайларға қатысты жеке дараланады;
- б) бұл тұлғалар арасында субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер арқылы қалыптасатын байланыс;
- в) бұл ерікті қатынас, себебі, оның пайда болуы үшін оның қатысушыларының еркі қажет;
- г) бұл мемлекетпен қорғалатын және қамтамасыз етілетін қатынастар.

Құқықтық қатынастардың құрамы төрт элементтен тұрады: субъект, объект, субъективтік құқық, заңды міндеттер. **Құқықтық қатынастардың субъектісі - жеке адам және заңды тұлғалар.** Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа елдердің азаматтары сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар (апатридтер) жеке **тұлғалар** болып ұғынылады. **Заңды тұлғалар:** мемлекет, мемлекеттік аппарат - мекемелер, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, одақтар, ұйымдар, ұжымдар заңды түрде құрылып, бекітілсе, тіркелсе толық түрде құқықтық және әрекет қабілеттілігі бар деп саналады. Қатынастың субъектісі болу үшін олардың құқықтық қабілеттілігі және әрекеттілігі қалыптасуы керек.

Құқықтық қабілет - құқыққа, бостандықтар мен міндеттерге ие болу қабілеті. Мұндай қабілеттілік адам туғаннан пайда болып, ол өлгенде барып жойылады.

Әрекеттілік – адамның өз әрекетімен құқығын пайдалана алу және оны жүзеге асыру, өзі үшін міндеттер тудырып, оларды орындау қабілеті. Әрекеттіліктің басты шарты кәмілеттік немесе құқықтық нормадағы белгілі жасқа толу болып табылады.

Құқықтық қатынастың объектісі (заты) - қоғамдағы көп түрлі, көп салалы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік, азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, еңбектік және т. б. қарым-қатынастар. Материалдық дүние-заттар, рухани-шығармашылықтың өнімдері, жеке мүліктік емес игіліктер, құқық субъектілерінің мінез-құлқы және құқық қатынастарының нәтижелері - құқық қатынастарының объектілері.

Субъективтік құқық—бұл субъектінің өз мүдделерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін заңды мүмкін жүріс-тұрыс шамасы. Субъективтік құқық бар жерде заңды міндеттер болады. Бұл екеуі бір-бірінсіз бола алмайды. Себебі қатынастардың көпшілігінде екі жақты субъектілердің құқықтары бар және соған сәйкес екі жақты субъектілердің міндеттері бар. **Заңды міндет**—бұл заңды қажет жүріс-тұрыс шамасы. Міндет—бұл субъективтік құқықтың жүзеге асырылуының кепілі. Заңды міндеті бар тұлға оны өз еркімен орындамаса, мемлекеттің мәжбүрлеу күші қолданылады. Мысалы, ата-ана өз баласын асырап, бағып, тәрбиелеуге міндетті. Егер бұл міндетін орындамаса, заңда белгіленген шара қолданылады. Міндет заңды тұлғаларға да жүктеледі.

Заңға негізделген айғақтар - құқықтық қатынастардың пайда болуымен, өзгеруімен немесе тоқтауымен құқық нормалары арқылы байланыста болатын тіршілік жағдайлары. Заңды фактілер туындайтын салдардың сипаты бойынша:

құқықтудырушы (мысалы, жоғары оқу орнына түсу);

құқықөзгертуші (мысалы, күндізгі оқу бөлімінен сыртқы бөлімге ауысу);

құқықтоқтатушы (мысалы, жоғары оқу орнын аяқтау). Түрлері: **оқиғалар және әрекеттер.**

Оқиғалар - адамдардың бұл субъектілердің еркіне тәуелсіз пайда болады. Мысалы, табиғат апаты, өлім және т.б адам өлімі мұрагерлік құқықты тудырады, ал пенсия жасына жету, зейнетақы алуға мүмкіндік береді. **Әрекеттер** - адамдардың мен пайда болатын заңға негізделген айғақтар. Олар құқыққа сай (заңды әрекет) және құқыққа қарсы әрекеттер (заңсыз әрекет) болып бөлінеді.

Заңды әрекет - бұл заңның талаптарына сәйкес келетін, субъектілердің құқықтары және міндеттерімен қабысатын мінез-құлық. **Заңсыз әрекет** - бұл қылық заң талаптарын бұзады, субъективтік құқықтарға нұқсан келтіреді, адамдарға жүктелген міндеттерге сәйкес келмейді.

2. Құқықтық нормаларды жүзеге асыру—құқықтық нормалардың ережелері көрініс тапқан адамдардың жүріс-тұрысы, олардың құқықтарды жүзеге асыру мен заңды міндеттерді орындаумен байланысты тәжірибелік қызметі. Субъектілердің әрекеттерінің сипатына қарай құқықты жүзеге асырудың төрт нысанын бөліп қарастырады:

- 1) сақтау—қолданыстағы құқықпен тыйым салынған әрекеттерден бас тарту;
- 2) орындау—оң мазмұнды заңды міндеттерді орындауға байланысты белсенді әрекеттерді жүзеге асыру;
- 3) пайдалану—олар арқылы тұлғаның өз мүддесін қанағаттандырылатын субъективтік құқықтарды жүзеге асыру;
- 4) қолдану—құзіретті органдардың нақты бір заңды істі шешуге байланысты биліктік қызметі, нәтижесінде сәйкес жеке ак қабылданады.

Құқық нормаларын түсіндіру—бұл мемлекеттің, лауазымды тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың құқық нормаларының мазмұнын түсіндіруге, оларда көрініс тапқан билік басында тұрған әлеуметтік күштердің еркін ашуға бағытталған қызметі.

Түсіндірудің мақсаты— заңшығарушының не айтқысы келгенін емес, оның қалыптастырған ережесінің мәнін анықтау. Түсіндіру қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізбейді және енгізе алмайды да, ол заңдағы ережелерді түсіндіруге және нақтылауға бағытталған.

Құқықтық мінез-құлық—бұл субъектілердің құқық нормаларына және әлеуметтік маңызды мақсаттарға сай келетін жүріс-тұрысы.

Құқықтық мінез-құлық келесі белгілермен сипатталады:

- заңмен орнықтырылған шекте болады (формальды аспект);
- әлеуметтік пайдалы, қоғамдық мақсаттар мен мүдделерге қайшы келмейді; бұлар оның объективтік жағын құрайды (мазмұнды аспект);
- саналы сипатқа ие; бұл оның субъективтік жағын құрайды.

3. Құқықбұзушылық—бұл қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның мүдделеріне нұқсан келтіруші, тұлғаның кінәлі, құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекеті.

Құқықбұзушылықтың белгілері:

әрекет немесе әрекетсіздік;

кінә;

құқыққа қайшылығы;

зиянды нәтиже;

әрекет пен зиянды нәтиженің арасындағы себепті байланыс;

заңды жауапкершілік.

Әлеуметтік қауіптілігіне қарай барлық құқықбұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға бөлінеді.

Қылмыстар—бұл қоғамға ерекше қауіптілікпен ерекшеленетін, әлеуметтік маңызды мүдделерге нұқсан келтіретін, нұқсан келтірушіліктен қылмыстық заңнамамен қорғалатын қылмыстық құқықбұзушылықтар.

Теріс қылықтар—әлеуметтік қауіптіліктің, қылмысқа қарағанда, аз дәрежесімен ерекшеленеді, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларында жүзеге асырылуы мүмкін, әр түрлі нұқсан келтіру объектілері мен заңды салдарға ие. Олар үшін жаза емес, әр түрлі шаралар көзделген.

Теріс қылықтардың түрлері:

1. Азаматтық—бұл мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар саласында жасалатын, ұйымдарға немесе жеке азаматтарға мүліктік зиян келтіруден көрініс табатын, шарт бойынша міндеттемелерді орындауды, азаматтың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуды және т.б. білдіретін құқықбұзушылықтар. Олар үшін зиянды өтеу, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіру, орындалмаған міндетті мәжбүрлі түрде орындату сияқты санкциялар және басқа да құқықты қалпына келтіруші санкциялар көзделген.

2. Әкімшілік—бұл заңмен орнықтырылған қоғамдық тәртіпке, мемлекет органдарының атқарушылық-өкімдік қызметі саласындағы қызметтік міндеттерді жүзеге асырумен байланысты емес қатынастарға нұқсан келтіруші құқықбұзушылықтар. Әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін айыппұл, ескерту, арнайы құқықтан айыру (мысалы, көлік құралын айдау құқығы) және әкімшілік заңнамамен көзделген басқа да санкциялар көзделген.

3. Тәртіптік—бұл еңбек қатынастары саласында жүзеге асырылатын, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің қызметінің ішкі тәртібіне нұқсан келтіретін құқықбұзушылықтар. Тәртіптік шаралар Еңбек туралы заңда, әскерилер үшін—Тәртіп туралы жарғыда, лауазымды тұлғалардың кейбір санаттары үшін—арнайы ережелерде қарастырылған. Бұл шараларды кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігі жүзеге асырады.

Құқықбұзушылықтардың барлық түрлері үшін санкциялар көзделген. Санкциялар құқықты қалпына келтіруші және айыппұлдық болып бөлінеді. Құқықты қалпына келтіруші санкциялар міндетті мәжбүрлі түрде орындатуға, бұзылған құқықты мәжбүрлі түрде қалпына келтіруге бағытталған, ал айыппұлдық санкциялар құқық бұзушының белгілі бір құқықтарын шектеуді, оған арнайы міндеттерді жүктеуді немесе оны ресми түрде сынға алуды көздейді.

Құқықбұзушылықтың құрамы:

1. Құқықбұзушылықтың субъектісі—бұл осы әрекетті немесе әрекетсіздікті жасаған құқықты әрекетқабілетті жеке тұлға немесе әлеуметтік ұйым.

2. Құқықбұзушылықтың объектісі—бұл осы құқықбұзушылықтың неге бағытталғанын көрсетеді. Объектінің түрлік және тектік түрлерін бөліп қарастырады. Тектік объект ретінде қоғамдық қатынастар орын алса, түрлік объектіге өмір, денсаулық, абырой, мүлік және т.б. жатады.

3. Құқықбұзушылықтың субъективтік жағы—бұл тұлғаның өз әрекетіне және оның салдарына деген субъективтік қатынасын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Бұл жерде басты категория болып кінә табылады. Кінә дегеніміз тұлғаның өзі жасаған құқыққа қайшы әрекетіне психологиялық қатынасы.

Кінәнің екі түрі болады: қасақаналық және абайсыздық. Қасақаналық тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей қасақаналықта тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, зиянды салдардың туу мүмкіндігін түсінеді және осы салдардың тууын қалайды. Жанама қасақаналықта тұлға өз әрекеттерінің қоғамға қауіпті сипатын сезінеді, зиянды салдардың туу мүмкіндігін түсінеді және осы салдардың тууын қаламаса да, олардың туындауына саналы түрде жол береді.

Абайсыздықтың да екі нысаны болады: менмендік және немқұрайдылық.

4. Құқықбұзушылықтың объективтік жағы—бұл осы құқықбұзушылықты сипаттайтын сыртқы белгілердің жиынтығы, оларға мыналар жатады: а) әрекет немесе әрекетсіздік; ә) құқыққа қайшылық; б) зиянды нәтиже; в) әрекет (әрекетсіздік) пен зиянды салдың арасындағы себепті байланыс.

4. Заңды жауапкершілік—бұл құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға заңнамамен көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын белгілі бір іс жүргізушілік тәртіпте қолдану. Шаралар мынадай сипатта болуы мүмкін: а) жеке сипаттағы шаралар (бас бостандығынан айыру); ә) мүліктік сипаттағы шаралар (айыппұл); б) ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар (жұмыстан босату).

Заңды жауапкершіліктің белгілері:

- оны мемлекет құқықтық нормалард орнықтырады;
- мемлекеттік мәжбүрлеуге негізделеді;
- арнайы өкілетті мемлекеттік органдар қолданады;
- жаңа қосымша міндетті жүктеумен байланысты;
- жеке, мүліктік және ұйымдастырушылық сипаттағы белгілі бір теріс салдардан көрініс табады;
- іс жүргізушілік нысанда жүктеледі;
- тек жасалған құқықбұзушылық үшін ғана туындайды.

Заңды жауапкершіліктің қағидалары:

- 1) заңдылық—жауапкершіліктің тек құқықбұзушылық (яғни, құқықәрекетқабилетті тұлға жасаған кінәлі, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік) үшін ғана қолданылатынын білдіреді;
- 2) әділеттілік—жазаның кінәға сәйкестігін, теріс қылықтар үшін қылмыстық санкцияларды белгілеуге жол берілмейтіндігін, кінәліге бір құқықбұзушылық үшін тек бір ғана жазаны тағайындауды білдіреді;
- 3) негізділік—істің жағдайларын объективтік түрде зерттеуді және нақты жазалау шарасын заңға сәйкес анықтауды білдіреді;
- 4) ізгілік (гуманизм)—адамның қадір-қасиетін қорлайтын жазалау шараларын белгілеуге және қолдануға тыйым салуды білдіреді;
- 5) жауапкершіліктің міндетті түрде болатындығы—жасалған қылмыс үшін заңды жауапкершіліктің міндетті түрде туындайтынын білдіреді;
- 6) мақсаттылық—құқықбұзушыға қатысты таңдалған жазаның заңды жауапкершіліктің мақсаттарына сәйкестігін білдіреді.

Заңды жауапкершіліктің төмендегідей түрлері болады:

1. Қылмыстық–тек қылмыстар үшін қолданылады; ешкім де сот шешімінсіз қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмауы және қылмыстық жауаптылыққа тартылмауы тиіс. Қылмыстық жазалау шаралары–кінәлінің тұлғасына бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеудің ең қатаң нысандары–бас бостандығынан айыру, өлім жазасы және т.б.
2. Әкімшілік–әкімшілік теріс қылықтарды жасағаны үшін туындайды және айыппұл, арнайы құқығынан айыру және т.б. сияқты шаралардан көрініс табады.
3. Азаматтық–мүліктік сипаттағы шарттық міндеттемелерді бұзу және шарттан тыс мүліктік зиян келтіру үшін туындайды. Азаматтық–құқықтық жауапкершіліктің негізгі қағидасы–зиянды толығымен өтеу.
4. Тәртіптік–еңбек, оқу, қызметтік, әскери тәртіпті бұзу үшін қолданылады; тәртіптік жауапкершілік шаралары–сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыстан шығару және т.б.
5. Материалдық–қызметкерлер мен жұмысшылардың өз қызметтік міндеттерін орындауы барысында кәсіпорынға, мекемеге, ұйымға келтірген зияны үшін туындайды.

Әрекеттің құқыққа қайшылығын және заңды жауапкершілікті жоятын жағдайлар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- 1) есі дұрыс еместік–тұлғаның өз әрекеттеріне есеп бере алмауы;
 - 2) қажетті қорғаныс–мемлекеттің, қоғамның тұлғаның мүдделерін қоғамға қауіпті нұқсан келтіруден қорғау барысында нұқсан келтіруші тұлғаға зиян келтірумен сипатталады; алайда, қажетті қорғаныс шегінен асып кетпеуі тиіс, яғни, қорғанудың нұқсан келтірушіліктің қоғамға қауіптілігінің сипаты мен дәрежесіне айқын түрде сәйкес келмеуі орын алмауы тиіс;
 - 3) аса қажеттілік–мемлекеттің, қоғамның, тұлғаның мүдделеріне қауіп төндіруші әрекетті жою жағдайында мүмкін, қойылатын шарт–бұл қауіп басқа құралдармен жойыла алмауы қажет және аса қажеттіліктен туындаған зиян алдын алған зияннан аз болуы тиіс;
 - 4) қоғамға аса қауіптілігі жоқ құқықбұзушылық;
 - 5) казус (жағдай) және т.б.
5. Заңдылық–бұл қоғамдық қатынастардың барлық қатысушыларының құқық нормаларын қатаң түрде сақтауы.

Заңдылықтың қағидалары

- 1) заң үстемдігі–барлық нормативтік және жеке құқықтық актілердің заңға бағыныстылығын білдіреді;
- 2) заңдылықтың тұтастығы–нормативтік актілерді түсіну мен қолдану елдің бүкіл аумағында бірдей болуы тиіс дегенді білдіреді;
- 3) заңдылықтың мақсатқа сәйкестігі– құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру қызметінің қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін ең дұрыс түрлерін қатаң түрде заңдардың шегінде таңдау қажеттігін, заңдылық пен мақсатқа сәйкестілікті қарама-қарсы қоюды болдырмауды білдіреді, яғни, мақсатқа сәйкестілікті себеп қылып заңды бұзуға жол берілмейді;
- 4) заңдылықтың шынайылығы–құқықтық ережелердің барлық қызмет түрлерінде іс жүзінде орындалуына жетуді және оларды кез-келген түрде бұзу міндетті түрде жауапкершілікті көздейтінін білдіреді.

Құқықтық тәртіп–бұл субъектілердің құқықтық мінез-құлығымен сипатталатын қоғамдық қатынастар жүйесі; бұл әлеуметтік байланыстардың реттелу жағдайы, заңдылықтың шынайы қоғамдық қатынастарға айналуының нәтижесі.

6. Құқықтық сана– бұл адамдардың құқыққа деген қатынасын көрсететін түсініктер мен сезімдердің, көзқарастар мен эмоциялардың, бағалаулардың жиынтығы түріндегі қоғамдық сананың ерекше нысаны. Құқықтық сана–бұл адамдардың жаңадан қабылданған заңдарға, нормативтік актілердің нақты жобаларына және т.б. деген оң немесе теріс көзқарасы.

Құқықтық сана мынаны білдіреді:

- құқықтың қажеттігін түсіну және сезіну;
- құқықты бағалау;
- заңнаманың дамыған жүйесін құру қажеттігін түсіну;
- қолданыстағы нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізудің қажеттігін түсіну;

құқықты жүзеге асырудың нәтижелері мен процесін қабылдау.

Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланыстылықта бола тұрып, оған сүйенеді.

Құқықтық мәдениет мыналарды білдіреді:

- 1) құқықтық шындықты сезімдік қабылдаудың және құқықтық ойланудың белгілі бір деңгейі;
- 2) халықтың заңдарды білуінің тиісті дәрежесі;
- 3) құқық нормаларды, олардың үстемдігін түсінудің жоғары деңгейі;
- 4) құқықшығармашылық және құқықты жүзеге асыру процестерінің сапалық жағдайы;
- 5) құқықтық қызметтің ерекше тәсілдері (құқыққорғау органдарының жұмысы, конституциялық бақылау және т.б.);
- 6) құқықтық қызметтің адамдар жасаған рухани және материалдық игіліктер түріндегі нәтижелері (заңдар, сот тәжірибесі, заңнама жүйесі және т.б.).

3 тақырып. Конституция - Қазақстан Республикасының Ата Заңы

“Конституция” деген сөздің латыннан аудармасы **“құрылғы”, “жарғы”, “заң”** деген мағыналарды білдіреді. Ежелгі Римде император билігінің кейбір актілері осылай аталған. Ең бірінші конституция дүние жүзінде 1787 жылы қабылданып, осы күнге дейін қолданылып келе жатқан АҚШ-тың Конституциясы болып табылады. Еуропада бірінші конституциялар 1791 жылы Франция мен Польшада қабылданған. Конституцияның басқа құқықтық нормативтік кесімдерден мынадай **ерекшеліктері бар екенін айта кету керек:**

- қоғамдық қатынастардың негізін қалайды;
- құқықтың негізгі бастауы болып табылады;
- ең жоғарғы заңдылық күші бар;
- оның ерекше тәртіппен қабылдануы;
- тұрақтылығы.

1991 жылдың желтоқсан айында КСРО ыдырап, құрамына кірген одақтас республикалар егемен, тәуелсіз әрі дербес мемлекеттер құрды. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы жойылды. Оның аумағында Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекет пайда болды.

Қазақстан Республикасын құрылған кезден бастап бірталай құқықтық актілер қабылданып, жаңа мемлекеттің заңды негізін қалай бастады. **Оларға жататындар:**

1. Қазақ ССР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңы.
3. 1993 жылғы және 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциялары.

Аталған конституциялық кесімдер Қазақстанның тәуелсіздігін, дербестігін жариялап, демократиялық, құқықтық мемлекет құрудың негіздерін қалады.

Қазіргі уақытта негізгі құқықтық құжат - Қазақстан Республикасының **1995 жылғы 30 тамызда** өткен республикалық референдумында қабылданған **Конституциясы**. Ол

тәуелсіздік кезіндегі Конституциялық заңдардың қағидаларын тұжырымдап, бір арнаға келтірді.

Бұрынғы конституциялар социалистік мемлекеттің негізгі заңдары деп саналса, жана Конституция демократиялық мемлекеттің Ата Заңы деп жарияланды. Бұл мақсат Конституцияның алғы сөзінен-ақ байқалады:

“Біз, ортақ тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастыққа лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз”, - делінген. Оның жоғары заңдық күші бар және еліміздегі барлық іс-қимыл мен қалыптасушы жүйелердің нормативті базасы болып табылады. Республиканың бүкіл аумағына тікелей қолданылады. Бейнелей айтсақ, бұл Конституция - мемлекетке қоғамның құқықтық сенімі және халықтың берген төлқұжаты деуге болады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы республикалық құрылыстың негізін, мемлекеттік билік жүйесін және Қазақстан мемлекеті мен азаматының қатынасын белгілейді. Адам және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын Конституция мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп танып, мемлекеттің сол үшін қызмет етуі тиістігін атап көрсетеді.

2.2. Қазақстан Республикасы - егеменді және тәуелсіз мемлекет.

Халықтың билік етуі жарияланды. ҚР Конституциясы бойынша мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі - халық. Халыққа, негізінен мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтау құқығы берілген. Қазақстан халқы - тек қазақ ұлты емес, сонымен қатар Қазақстанмен тарихи тағдыры тығыз байланысты басқа ұлттар топтары. Халық дауыс беру, (референдум), талқылау, сондай-ақ Парламент депутаттарын сайлау арқылы мемлекеттік өмірдің маңызды мәселелерін шешуге қатысады. Президентті де тікелей халық сайлайды.

Егемендік және тәуелсіздік жарияланды. Егемендік - мемлекеттік биліктің бірлігін, үстемдігі мен тәуелсіздігін анықтайтын мемлекеттің мәні болып табылады. Аталған қасиеттер тығыз байланысты және солардың арқасында мемлекеттің азаматтарын жалпыға бірдей тең құқықпен мемлекеттік - құқықтық бірлікке топтастырып отырған Қазақстан Республикасының осындай егемендік жайына толық сипат бере алады.

Мемлекеттің билігінің біртұтастығы Қазақстанды тәуелсіз, толық билікті бөліктерге бөлінбейтін бір ғана мемлекеттік биліктің болуы мүмкін және бар екендігін білдіреді.

Республика мемлекеттік билігінің тәуелсіздігі - оның мемлекетаралық қатынастағы егемендігі. Қазақстан мемлекетінің басқа бір мемлекеттің билігіне бағынбауы, оның дербестігін, сөзсіз сыртқы саясаттық құқықтық субъектілігін білдіреді. Ешқандай басқа мемлекеттің Қазақстанның ішкі істеріне араласуға құқығы жоқ, өйткені ол - егеменді ел.

Қазақстан мемлекетінің тарихи қалыптасқан аумағы бар. Мемлекетіміздің аумағы біртұтас және оған қол сұғуға болмайды. Қазақстан Республикасының аумағын күшпен басып, қосып алу не ыдыратып жіберу халықаралық қауымдастық тарапынан елдің аумақтық тұтастығына қол сұғушылық және жалпыға бірдей халықаралық құқық принциптерін өрескел бұзушылық болып табылады. Қай жақтан шықса да, мұндай озбырлық әрекеттердің кез келгеніне Қазақстан Республикасы өзінің қарулы Күштерінің барлық қуатымен тойтарыс беруге хақылы. Бұл - оның мемлекет ретіндегі егемендік құқы. Сондықтан Конституцияның 2-ші бабында: “Республика егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді” - деп атап көрсетілген.

Конституцияда жарияланғандай Қазақстан басқа көрші елдермен татулық принципін сақтау және олардың ішкі ісіне араласпау, дауларды келісім арқылы шешу, бірінші болып қарулы күштерді қолданбау саясатын жүргізеді.

Біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтарға бөліну принциптері - Қазақстан Республикасының негізге алынатын конституциялық құрылысы, елдегі билікті күшпен иемденіп кетпеуіне қоғам алдында кепілдік беретін принцип.

Республикадағы мемлекеттік билік біртұтас, өйткені оның бірден-бір бастауы - Қазақстан халқы және мемлекеттің егемендігі бөлінбейді. Әйтсе де, бұл билік өзінің бөліну принципіне сәйкес **заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына** бөлініп, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады (Конституцияның 3 - бабы). Осыған орай, Конституция Парламенттің, Үкімет пен Жоғарғы Соттың міндеттерін дәл белгілеп, шек қоятын және біртұтас мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттілігі қисынды шешімін тапқан.

Республика Парламенті белгіленген жағдайда ел Үкіметіне сенімсіздік білдіріп, Президентті қызметінен босатуға “қауіп” төндіре алады. Президент өз тарапынан Парламентті таратып, Үкіметтің өкілеттігін тоқтатуға, Парламент қабылдаған заңдарға тыйым салуға және Үкіметтің актілерін өзгертуге не тоқтатуға құқыры бар.

Үкімет өздері ұсынған заң жобасы қабылданбаған жағдайда, Парламент Палаталарының бірлескен мәжілісіне Премьер-министрдің бастауындағы Үкіметке деген сенім мәселесін қоюға құқылы.

Егемендіктің тағы бір белгілері: **өз азаматтығының және басқа мемлекеттермен қарым-қатынас қабілеттілігінің** болуы. Азаматтыққа байланысты мәселелер Конституцияда, азаматтық туралы заңда, басқа да құқықтық-нормативтік кесімдерде көрініс тапты. Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі, көптеген шет мемлекеттермен елшілік қатынастарын жолға қойды.

Егемен Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңбасы, Туы, Гимні бар. Әр адам мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті. Заңдарда оларды пайдаланудың тәртібі белгіленген.

2.3. Қазақстан – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет.

Конституция Қазақстан Республикасын **демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік** мемлекет ретінде орнықтырады.

Демократиялық мемлекет - Қазақстан, ең алдымен, Конституция қабылдап, тікелей мемлекет басшысын және Парламент сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң, оларды ауыстыруға халықтың құрылтайшылық билігі бар ел. Сонымен қатар, демократиялық мемлекет ретінде Қазақстан әлеуметтік және ұлттық нысандарына, тағы басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндіктер береді.

Зайырлы мемлекет - Қазақстан Республикасында діни мекемелер мен дін ұстаудың мемлекеттен бөлектігін білдіреді және бұл жағдай Қазақстандағы ислам мен православиелік, тағы да басқа нанымдық ағымдарға бірдей қатысты. Мемлекет органдары қағидалық заң негізінде емес, Конституция негізінде құрылып, жұмыс істейді. Сонымен бірге, әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Наным немесе атеизм мәселесі адамның жеке басының шаруасы болуы тиіс.

Құқықтық мемлекет - жеке адам мен қоғам мүддесін қорғайтыны, заң үстемдігі мен құқық принциптеріне негізделіп құрылған мемлекет. Ол принциптер: заңның үстемдік етуі; мемлекеттік биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне бөлінуі; адам мен азамат құқығы мен бостандығына халықаралық өлшем деңгейінде кепілдік берілуі; тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығының болуы, т. б.

Әлеуметтік мемлекет - жекелеген топтарға немесе ұлыстарға емес қоғам мен адамға тұтас қызмет ететін мемлекет. Ол мемлекеттік қаржы көздері есебінен барлық азаматтарға мүмкіндігінше бірдей мөлшерде игіліктер көрсетіп, қоғамдағы ауыртпалықтарды да теңдей бөлу жолымен әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетуге әрекет етеді.

Қазақстан өз мемлекетінің әлеуметтік сипатын Конституциясында кепілдік берілген білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, әлеуметтік жұмысбастылық, еңбекті қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және табыстары төмен тұратындар тобын қолдау сияқты әлеуметтік игілік істер арқылы анықтаған.

Конституциямызда жазылғандай, Қазақстан біртұтас, **Президенттік басқару жүйесіне** негізделген мемлекет. Бұл жүйе бойынша мемлекет басшысы жалпы халық сайлаған Президент болады да, Премьер-министрдің басқаруындағы, өзінің алдында жауапты Үкіметті тағайындайды.

Қазақстандағы президенттік басқару нысанының ерекшелігі сол билік бөлісу жүйесінде Президент “билік буындарының үстінен қарау” құқығына ие әрі олардың келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Ол Конституциялық тәртіпке сәйкес Үкіметтің өкілеттігін ғана тоқтатып қоймай, Парламентті де тарата алады, соттарды тағайындап және қажет болған жағдайда заңдық күші бар жарлықтар мен заңдар шығарады (Конституцияның 45 бабы).

Қазақстанның біртұтастығы оның әкімшілік аумақтық бөлшектерден құрылатындығын (облыс, аудан, қалалық аудан, ауылдар мен селолар), автономияға бөлінбеуі. Әкімшілік аумақтық құрылым туралы ерекше заң бар. Ол Қазақстанның тарихи және қазіргі замандағы ерекшеліктерін бейнелейді.

2.4. Қазақстан Республикасының сайлау жүйесі.

Қазақстанда сайлау жүйесінің екі түрі қолданылады: төте сайлау және жанама сайлау. Қазақстан Президенті, Мәжіліс және Мәслихат депутаттарн төте сайлау жүйесі арқылы сайланады. Президентті конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәметке толған азаматтары дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды.

Мәжіліс депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығының негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің, жұмыс істеп тұрған сайлану өкілеттілігінің, мерзімі аяқталғанға дейінгі екі айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Жергілікті органдарды — мәслихаттарды жалпыға бірдей, тек, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге халық сайлайды. Жиырма жасқа толған азамат мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

Сенат депутаттары жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен сайланады. Сайланған Сенат депутаттарының жартысы әрбір екі жыл сайын қайта сайланып отырады.

2.5. Қазақстан - Президенттік Республика.

Қазақстан Республикасының **Президенті - мемлекеттің басшысы, елдің жоғары лауазымды** тұлғасы. Қазақстанның Президенті Конституция бойынша жоғары лауазымды тұлға болғандықтан, Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етеді, былайша айтқанда, түрлі ұлттар арасында, әлеуметтік топтар арасында ала ауыздық болмауына қамқорлық жасайды. Мемлекеттік биліктің түрлі буындарының арасында қақтығыс болмауын қадағалайды. Президент Парламент қабылдайтын заңдарға қол қояды, егер заңдар Конституцияға сәйкес келмесе қайта қарау үшін кері қайтарады.

Егер Парламент заң қабылдау құқығын уақытша Президентке тапсырса, ол заңды өз Жарлығымен қабылдай алады. Сонымен қатар, Республика Президентінің заңдар жобасын қараудың басымдылығын белгілеуге, сондай-ақ осы жоба жедел қаралады деп жариялауға құқығы бар, бұл - Парламент заң жобасын енгізілген күннен бастап, бір ай ішінде қарауға міндетті екендігін білдіреді. Парламент осы талапты орындамаса, Республика Президенті заң күші бар жарлық қабылдай алады.

Парламент - Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілетті органы. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: **Сенаттан және Мәжілістен** тұрады.

Үкімет - Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет өзінің бұл қызметінде Республика Президентінің алдында жауап береді.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады. **Сот жүйесіне** Республиканың Жоғарғы соты және жергілікті соттар кіреді.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауап беретін жергілікті өкілетті (мәслихаттар) және атқарушы органдар (Президент пен Үкіметтің өкілдері болып табылатын әкімдер басқаратын) жүзеге асырады.

2.6. Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 12-ші бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтары Қазақстан мемлекеті мойындайтын әрі кепілдік беретін өз азаматтарының белгілі мінез-құлқының заңдық мүмкіндіктерін білдіреді. Осының нәтижесінде өркениетті мемлекеттердегі адам мен азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтары толық көлемде Республика Конституциясында бекітілген. Конституция бойынша оларды **жеке, саяси, экономикалық, және әлеуметтік** топтарға бөлуге болады.

Жеке құқықтар мен бостандықтар.

Өмір сүру құқығы. өмір сүру құқығы - ол ешкімнің қандай жағдайда болсын айыруына болмайтын адамның басқа барлық құқығының ең негізгісі. 1948 жылғы “Адам мен азамат құқығының жалпыға бірдей Декларациясында жеке адамның адами құндылығын мен әр адамның өмір сүру құқығы жарияланған.

Өмір сүру құқығы тек Конституциямен ғана емес, сондай-ақ салалық заңдармен қорғалады. Мысалы: Өмір сүру құқығы адам қайтыс болғанға дейін өз мәнін сақтайды. “Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау туралы” Заңның 52 бабы өмірді қолдаушы аппаратура тек өлім расталған жағдайда ғана қызметін тоқтатуы мүмкін екендігі айтылған.

Ешкімнің, өз бетінше, адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін, ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі.

Әркімнің өзінің жеке басының құқығы бар және адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Адамның жеке басының бостандығы - өзінің болмысынан туындайтын оның бөлінбейтін және абсолютті құқығы. Мысалы, заңда көзделген реттерде ғана және тек соттың немесе прокурордың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығы беріледі. Прокурордың санкциясынсыз адамды 72 сағаттан аспайтын мерзімге ғана ұстауға болады.

Осылармен қатар ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Адамның қадір-қасиеті мемлекетпен қорғалатын құндылықтарды құрайды, өйткені ол өзін және өзінің жеке тұлғалық жағдайын нақ құқықтық мемлекеттегідей сезінетін кез-келген жеке адамға тән. Қадір-қасиет - саналы түрде сезінген, айналып келгенде, оның жеке ішкі және сыртқы қасиеттеріне айналған “қанына сіңген” жеке тұлға ретінде сипаттайтын, адамның дамушы ізгі мінез-әрекеттерінің сырттай бейнеленген көрінісі ретінде түсініледі. Адамның қадір-қасиеті оның қоғамдағы орнына, атағына, тұрмыс қалпына, кәсіпқойлығына және басқа жағдайларға байланысты.

Әрбір адам сый-құрмет пен мойындауға және дербес ой мен әрекет құқығына лайық. Заң әрекеттерін қолдану кезінде (мысалы: куәландыру, сұрыптау, тінту, сұраққа жауап алу, беттестіру, корреспонденция алу, ұстау, тұтқындау секілді басқа түрлі тергеу жұмыстарын жүргізу барысында) адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмауы жөніндегі міндет Конституцияда қатаң көрсетілген.

Қинауға, күш қолдануға, басқа да қатал не адамның қадір-қасиетін қорлайтын қатынас пен жазаға тиым салынады. Заң адамның қадір-қасиетін, ар-ожданын қоғау мүмкіндіктерін белгілейді. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 347-1 бабына сәйкес тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның немесе өзге лауазымды адамның мәліметтер алу немесе мойындату, не оны жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге

негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен әдейі тән немесе психикалық зардап шектіруіне жол берілмейді. Егер сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірсе немесе абайсызда адам өліміне апарып соқса, онда оны үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметтерді атқару құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылғы мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ұлттық және діни салалардағы құқықтар мен бостандықтар және олардың кепілдіктері: “Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы” деген конституциялық тұжырыммен айшықталған - көп ұлтты, саяси алуан пікірлі және көп конфессияланған қазақстандық қоғамдағы адам жағдайын бейнелейді. Ұлттық, партиялық немесе діни болмысты анықтау - ол адамның өзін-өзіне іштей ұқсастыруының нәтижесі. Мысалы, төлқұжат жеке басты куәландыратын және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын басты құжат болып табылады. Төлқұжатта азаматтың ұлты оның иесінің еркі бойынша көрсетіледі. Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы. Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар.

Дегенмен, ұлттық белгіні жеке адамның заңи мәртебесінен алу ұлтаралық қатынас сияқты аса маңызды саладағы оның рөлін төмендету емес. Тіл мен діннің қызмет етуі, өз мәдениетін толыққанды пайдалану, ұлттық және рулық болмысындағы белгілері бойынша кемсітушілікпен күрес мәселелері мемлекетте қолданылатын заңдармен егжей-тегжейлі реттелген, ұлттық-мәдени орталықтары және Республика Президенті жанындағы Қазақстан халықтары Ассамблеясы, сондай-ақ әртүрлі қоғамдық бірлестіктерді қоса алғанда мемлекеттік органдардың тұрақты назарында.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл - **қазақ тілі**. Онымен қоса мемлекеттік ұйымдарда жергілікті басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Тілдердің өмір сүруінің құқықтық негіздері, оларды зерделеу мен дамыту, мемлекеттің өз ауқымында қолданылатын тілдердің бәріне бірдей құрмет сезімін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасау міндеттері “Қазақстан Республикасындағы тіл туралы” 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданған Заңмен белгіленген және ынталандырады.

Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде тұратын әрбір адамның, заңда арнайы көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында **еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты елді мекенді өз қалауы бойынша таңдап алуға, республикадан тыс жерлерге кетуіне, республика азаматтарының кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.**

Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты, республика аумағында еркін жүріп-тұруға және өздеріне тұрғылықты мекенді қалауынша тағдауға құқылы. Алайда, оларға белгілі бір тиісті шектеулер нормативтік кесімдермен белгіленген.

Қазақстанда тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдау еркіндігін шектеудің ұзақ жылдар бойғы бір нысаны - тіркеу институты болып келді яғни қайсы бір аумақта тұру үшін арнайы рұқсат алу қажеттігі.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі қаулысымен бекітілген төлқұжат жүйесі жөніндегі ереже жаңа институтты - азаматтарды тіркеу институтын енгізді. Азаматтар тұрғылықты тұратын жеріне және уақытша келген жеріне міндетті түрде тіркелуі тиіс. Тіркеуді ішкі істер органдары жүргізеді.

Біздің елдің азаматтарының келіп мекендеген және тұрғылықты жерін тіркеу, олардың тұрғын үйді немесе бөлмені иелену меншігін растайтын не тұрғын бөлмені пайдалануға, оның ішінде жалдану және жалгерлік шарт бойынша пайдалануға алғандығын куәландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша тұрғын бөлмеге кіру құқығын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Саяси бостандықтар мен құқықтар.

Мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы - Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекеттің өкілдік, атқарушы және сот органдарының құрылуы мен жұмыс істеуі жөніндегі әрекетін жүзеге асыру мүмкіндігі. Конституцияның 33 - бабы мұндай қатысудың төмендегідей түрлерін белгілейді: “Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей жүгіну, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарына жеке және ұжымдық өтініштер жолдау; мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану; референдумға қатысу; мемлекеттік қызметке кіру”.

Мемлекеттік қызметке кіру – бұл орайда республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады, ал мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайларын Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы реттейді.

Жиналыстарға, бейбіт әрі қарусыз жиналуға, митингілерге, демонстрацияларға, шерулерге қатысуға және тосқауылдарға тұру құқығы - азаматтардың көңілін, талаптарын, мүдделерін, тілектерін білдіру түрі. Азаматтар Конституцияға сәйкес, бейбіт әрі қарусыз жоғарыда аталған тәсілдердің кез келгені бойынша бұқаралық жария шаралар өткізуге құқылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Бірлесу бостандығы құқығы - азаматтардың өздерінің мүдделеріне сәйкес ортақ мақсатқа жету үшін ерікті көңіл білдірудің негізінде ерікті құрама құру мүмкіндігі. Бұл құқық жаңа бірлестік құру, сол сияқты тең құқықтық, өзін-өзі басқару және заңдылық принциптерімен қызмет етіп жатқан бірлестіктер құрамына кіру жолдарымен жүзеге асырылуы мүмкін. Мақсаты мен қызмет саласына қарай азаматтар бірлестігі сан алуан болып келеді. Бірлестіктердің негізгі түрлеріне саяси партиялар, бұқаралық қозғалыстар, кәсіптік одақтар, балалар, жастар, әйелдер, ардагерлер ұйымдары, ғылыми, техникалық, мәдени-ағарту, спорттық, өзге ерікті қоғамдар, шығармашылық одақтар, ұлттық мәдени орталықтар және т. б. жатады.

Экономикалық құқықтар мен бостандықтар - адамға өз мүмкіндігін материалдық өндіріс саласында жүзеге асыру үшін қажет екендігін айта кету керек. Мысалы, әркімнің **кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне**, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Монополистік қызмет заңмен реттеледі әрі шектеледі. Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады.

Қазақстанда **жеке меншік** заңмен қорғалады. Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды.

Әлеуметтік құқықтар мен бостандықтарға: денсаулық сақтау, білім алу, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбек ету бостандығы және т. б. жатады.

Еңбек ету бостандығын - әркімнің өз қабілетіне қарай еңбек таңдау мүмкіндігі. Әрбір адамның қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар және т. б.

Қазақстанда азаматтарды **тұрғын үймен қамтамасыз ету** үшін жағдайлар жасалады. Қазақстан Республикасы азаматтарының **денсаулығын сақтауға, жасына келген, науқастанған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төмен жалақы және зейнетақының мөлшерінде, мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім** алуына кепілдік беріледі.

2.7. Қазақстан Республикасы азаматтарының негізгі міндеттері.

Азаматтардың негізгі міндеттеріне Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заңдарды сақтау, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу, салықтар мен алымдарды төлеу, т. б. жатады.

Әр азамат Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. **Рәміздерге: Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Гимн жатады.** Әркім Республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын мемлекеттік емес ұйымдардың және олардың лауазымды адамдарының бланктерінде және басқа реквизиттерінде пайдалануына заңмен тиым салынған.

Мемлекеттік нышандарды қорлаушылық үшін қылмыстық жауаптылыққа дейінгі заңдық жауапталық белгіленген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 317-бабында Мемлекеттік Туды, Мемлекеттік Елтаңбаны немесе Мемлекеттік Гимнді қорлағаны үшін, қылмыскер айыппен немесе бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Елді сыртқы қарулы күш көрсетуден қорғау бүкіл халықтың басты қызметінің бірі болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасын қорғау әр азаматтың қасиетті борышы мен міндеті ретінде конституциялық тұрғыда бекітілген. Мемлекетті қорғау қызметі мән-мағынасы жағынан сол мемлекеттің міндеті. Бейбіт кезде елдің қорғаныс қабілетін нығайту, қарулы шабуылдың алдын алу және Қазақстан Республикасына қарсы жасалуы мүмкін шабуылды тойтару, сондай-ақ әскери ғылым мен техниканы дамыту үшін мемлекет қажетті шараларды жүзеге асырады.

Әскери қызметтің тәртібі мен түрлері “Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы” 1993 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Жалпыға бірдей әскери міндетке: азаматтарды әскери қызметке дайындау; шақыру учаскелеріне тіркеу; әскери қызметке тіркеу; әскери қызметті өтеу; запастағы әскери қызмет; запаста жүрген кезде оқу жиындарынан өту; соғыс кезінде азаматтардың бәріне бірдей әскери білім беру кіреді.

Қазақстан Республикасының азаматтары жалпыға бірдей әскери міндеттілігіне қатысты мынадай санаттарға: **әскерге шақыруға дайындар** – шақыру пунктіне тіркелгенге дейін 15 жастан бастап әскери қызметке әзірліктен өткен бозбалалар; **әскерге шақырылатындар** - шақыру пунктіне тіркелген тіркелген адамдар; **әскерилер** - әскери қызметте жүрген адамдар; **әскери міндеттілер** - запастағы адамдар; **әскери міндеттілік жүктелмегендер** - әскери есепке алынбағандар немесе осы тізімнен алынғандар жатқызылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи, мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға, табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.

Жоғарыда аталған міндеттермен қатар, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада және заңмен шектелуі мүмкін. Бұл мәселе, мысалы, Республиканың бүкіл аумағында не бір бөлігінде төтенше жағдай енгізілген кезде көрініс табады. Себебі, төтенше жағдай уақытша шара болып және азаматтардың, заңды құқығы бар мекемелердің құқықтары мен бостандықтарын шектеуді белгілейтін айрықша құқықтық режим болып табылады.

Конституцияның 39-бабында саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтіндігі туралы тұжырым бар.

4-тақырып. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері

1. Әкімшілік құқықтың ұғымы, әдісі, қайнар көздері. Әкімшілік-құқықтық нормалар. Әкімшілік-құқықтық қатынастар.

2. Атқарушы билік органдары
3. Мемлекеттік қызмет
4. Әкімшілік құқық бұзушылық
5. Әкімшілік жауаптылық

Әкімшілік құқық – қоғамдық қатынастардың белгілі-бір саласын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы, құқықтың бір саласы.

Әкімшілік құқықтың мәні мыналардан көрініс табады: атқару билігі мен мемлекеттік басқарудың іске асырылуы барысында, тұлға мен мемлекет, азамат пен атқару билік органдары, мемлекеттік басқару саласындағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, іске асыру, олардың бұзылуынан немесе шектелуінен, озбырлықты қорғау барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеуден.

Әкімшілік құқықтың пәні - әкімшілік құқықтық нормалардың көмегімен реттейтін қоғамдық қатынастардың жүйесі.

Мысалы, бағдаршамның қызыл жарығына жүріп жол бұзған жүргізушіні жол полициясының қызметкері ешкімнің айтуынсыз өзі тәртіп бұзушыны жауапқа тарта алады. Егер жүргізуші қарсылық көрсетіп, бағынбаса оған күш қолданып, мәжбүрлеуге құқы бар.

Әкімшілік құқық әдістерінің келесі бір ерекшеліктері құқықтық нормативтік актілерде көрсетілген нормалардың, қалыптардың, талаптардың бұлжытпай орындалуы. Бұндай міндеттеу адамдардың барлығына бірдей не белгілі – бір әлеуметтік топтарға ғана бағытталуы мүмкін. Мысалы, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау, көшені арнайы көрсетілген жерден қиып өту немесе жеке топтарға арналған, жүргізушілерге автокөліктермен жүруге, автокөлік қоюға тиым салатын жерлерді айтуға болады. Сонымен көп жағдайда әкімшілік құқықтың әдістері билік және бағыну, бұйрықтарды, талаптарды орындау сипатында болады.

Әкімшілік құқықтың қағидалары: заңдылық; сот құзіретінің еркіндігі; азаматтардың заң алдында теңдігі (әкімшілік құқық бұзушылық жасайтын адамдар жынысы, тегі, әлеуметтік, лауазымдық, мүліктік жағдайына, тұратын жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатысына және өзге де мән жайларға қарамастан әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс); кінәсіздік презумпциясы (өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық іс қозғалған жеке адам өз кінәсі әкімшілік кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенше және өз өкімдігі шегінде істі қараған судьяның, орган заңды күшіне енген қаулысымен белгіленбейінше, кінәсіз деп танылады). Ешкімде өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес; кінә (жеке адам тек кінәсі анықталған құқық бұзушылықтары үшін ғана әкімшілік жауаптылықта болуы тиіс); қайтадан әкімшілік жауапқа тартуға жол бермеушілік (бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де 2 рет әкімшілік жазаға тартуға болмайды); ізгілік (адамдардың қауымдастығын қамтамасыз етеді, жаза қолданғанда адам жанын күйзелтуді немесе адамның қадір – қасиетін қорлауды жазалау мақсаты етіп қоймайды); жеке басқа қол сұқпаушылық; жеке бастың ар – ожданы мен қадір – қасиетін құрметтеу; жеке өмірге қол сұқпаушылық, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, поштамен, телеграф арқылы, өзге хабарламалар алысу құпиясы; меншікке қол сұқпаушылық; судьяның тәуелсіздігі (судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, тек Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңға бағынады); іс жүргізу тілі (мемлекеттік тіл, орыс тілі қатар); куә айғақтарын беру міндетінен босату (ешкім өзінен - өзі, жұбайына не заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес); билікті заң көмегін алуға құқықтарды қамтамасыз ету не т.б.

Әкімшілік әрекет – міндеттер мен заң талаптарын орындамау, бұзумен тікелей байланысты, құқық бұзудың мінез – құлқының белсенді түрпішіні.

Әкімшілік әрекетсіздік – міндеттер мен заңды талаптарды орындамаумен тікелей байланысты, құқық бұзудың мінез – құлқының бәсең түрпішіні. (Мысалы, сауда кәсіпкерлігінің бастығы, дер кезінде сатылатын тауарды оларға берілетін сертификатпен қамтамасыз жасамағандықтан, сатып алушылар тауарлардың шығу тегіне байланысты ақпараттарды уақытында біле алмады).

Қамауға алу – 15 тәулікке дейін жеке адамзат қары құқық бұзушылық үшін, сондай – ақ сыбайлас жемқорлық пен әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, төтенше жағдай режимі таптарын бұзғаны үшін – 30 тәулік мерзім белгіленген.

Реттеу әдісі – белгіленген бір іс - әрекет үшін тәртіп орнату, оның іске асырылуына, оларға қосымша ықпал жасау болып табылады (әйелдер 58 жастан, ер 63 жастан асса қамауға алу қойылмайды).

Айлық есептік көрсеткіштің белгіленген бір мөлшеріне сай (жеке адамға айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігінен, лауазымды адамдарға – 5 айлық есептік көрсеткішпен, заңды тұлға – 20 айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Оларға мемлекет қаржысына түседі). (ақшалардың айналу құқығынан айыру мерзімі 1 ай және 2 жылдан аспауға тиіс), (көлік құралын мас күйінде жүргізгенде көлік оқиғасы болған жерден кетіп каларда жүргізу құқығынан айыру).

Конституцияның 16 бап 2 тармағында заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясын тұтынуға және қамқорда ұстауға болады. Тұтқындауға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясынсыз адамдарды 72 сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады.

Әкімшілік құқық - мемлекеттік басқарушы органдардың басқарушы-жарлықшы қызметін реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Әкімшілік құқығы құқық жүйесі салаларының бір түрі ретінде, қоғамдық қатынастады реттейтін, мемлекетті басқару қызметі үрдісінде пайдаланылатын мемлекеттік аппараттың тәртіптелген жұмысын қамтамасыз ететін құқық.

Әкімшілік құқықтық норма атқарушы билік аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін мінез - құлық ережелерінің жиынтығы. **Әкімшілік-құқықтық нормалар** дегеніміз заң шығарушы, атқарушы органдар орнататын, рұқсат етілген іс-қимылды және атқару билігіндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін ережелер.

Әкімшілік-құқықтық нормалар мазмұны бойынша: **материалдық, процессуалдық**, ал субъектілердің іс-қимылына әсер ету тәсіліне қарай: **міндеттеу, тыйым салу және өкілеттік беру** түрлеріне бөлінеді. Сонымен әкімшілік-құқықтық қатынастар деп мемлекеттік басқару саласындағы әкімшілік-құқықтық нормаларымен реттелген қатынастарды айтады. Бұл қатынастарға қатысушы тараптардың бірі әдетте мемлекеттік орган немесе лауазымды адам болады.

Әкімшілік құқығының қайнар көздеріне Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтарында қабылданған “әкімшілік құқық бұзушылық” кодексі және басқа да құқықтық-нормативтік кесімдер жасайды.

Әкімшілік құқықтың пәніне мына қатынастар жатады:

- мемлекеттік атқарушы органдардың құрылуымен байланысты қатынастар;
- әкімшілік билікті жүзеге асыру барысындағы атқарушы мемлекеттік органдардың азаматтар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен бірлескен іс-қимылы;
- әкімшілік құқық бұзушылықты жатқызуға болады.

2. Атқарушы билік мемлекеттік басқару органдары жүйесінен тұрады, ал бұл жүйеге Үкімет, министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен мекемелер, жергілікті атқарушы органдар, мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттік мекемелердің әкімшіліктері жатады.

Үкімет мемлекеттің жоғары атқарушы өкімет органы болып табылады. Қазақстан Республикасында атқарушы биліктің үлгісі президенттік басқару нысанына үйлестіріле құрылған. Бұл мемлекет басшысының төменнен жоғарыға дейінгі атқарушы органдарды қалыптастыруда, олардың қызмет атқаруында алатын шешуші рөлін білдіреді. (1995 ж. 18 желтоқсандағы “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы” мемлекет басшысының к.з.к.Жарлығы). **Үкіметті** Премьер-министр, оның орынбасарлары, министрлер және мемлекеттік комитеттердің құрамында Республика Президенті құрады. Республика Премьер-министрі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімінде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізеді. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

Атқарушы биліктің орталық органдарын олардың қызметінің сипатына қарай салалық құзыретті органдарға, бақылау және қадағалау органдарына, мемлекеттің арнайы немесе ерекше функцияларын іске асыратын мамандандырылған мемлекеттік органдарға бөлуге болады.

Қазіргі кезде төмендегі салалар бойынша республиканың мынадай орталық атқарушы органдары бар:

- А. Экономика салалары бойынша;
- Б. Әлеуметтік мәдениет салалары бойынша;
- В. Әкімшілік саяси қызмет салалары бойынша.

Сонымен ҚР әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандарда қалыптасып, қызмет атқарып жатқан мына төмендегідей орталық атқарушы органдардың түрлері бар:

- А. Қазақстан Республикасының министрліктері;
- Б. ҚР агенттіктері;
- В. ҚР орталық атқарушы органдарының ведомстволары.

Үкімет ұйымдық жағынан алқалы орган болып табылады, яғни оның шешімдері Үкіметтің отырысында алқалы түрде қабылданады.

Министрлік Республиканың мемлекеттік басқарудың тиісті салаларындағы, сондай-ақ заңдар деңгейінде салалық үйлестіруге басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Мемлекеттік комитет - Республикада мемлекеттік басқарудың тиісті салаларда бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізетін және заңдарға сәйкес осы мақсаттарда салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. **Үкіметтің құрылымынан Үкіметтің құрамына кірмейтін, бірақ оның иелігінде болатын орталық атқарушы органдарды** (Республика комитеті, бас басқармасы, комиссиясы, агенттігі және өзге де республикалық мемлекеттік басқару органдарын) және Республиканың **ведомстволарын** (министрліктегі, мемлекеттік комитеттегі комитеттер, департаменттер, агенттіктер) бөліп айтқан жөн. Үкіметтің билік жүйесіндегі жоғары орган ретіндегі рөлі оны елдің бүкіл аумағында іске асырылатын барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарда қолданылатын өкілеттігінен көрінеді. Сонымен қатар оның билігіне жатқызылған мәселелерді дербес шешеді (Конституцияның 66 - бабы).

Жергілікті атқарушы органдар еліміздің атқарушы билігінің бірегей жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және олар жергілікті жерлерде жалпы мемлекеттік саясатты тиісті аумақтарды дамыту мүддесімен үйлестіре жүргізуді көздейді.

3. Әкімшілік құқықтың құрамдас бір бөлігі мемлекеттік қызмет болып табылады. **Мемлекеттік қызмет** - мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайларын Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы реттейді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі принциптерден негіз алады: заңдылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы; азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығы; мемлекеттік қызметтің жалпыға ашықтығы, Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуе және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылатуға тең құқығы; Жоғарыда тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдердің бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен төменгі мемлекеттік органдар қызметшілерінің орындауы үшін міндеттілігі; мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы және есептілігі; Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы; мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу; мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны және өздерінің өкілеттігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының құрамына мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік лауазымдары кіреді. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке кіруі тағайындау, не сайлау негізінде, ал мемлекеттік әкімшілік қызметке

орналасуы конкурстық негізде жүргізіледі. Мемлекеттік қызметке кіретін адамдарға мынадай талаптар қойылады: олар Қазақстан Республикасының азаматтары болуы, жасы 18-ден кем болмауы, қажетті білімі, кәсіби даярлық деңгейі болуы керек және т. б.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық дегеніміз - құқыққа қарсы, кінәлі(қасақана немесе абайсыздықта жасалған) жеке адамның немесе заңды тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі. Әкімшілік құқық бұзушылық азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіретін және құқыққа қарсы әрекет боып табылады. **Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілері:** құқыққа қарсылығы, кінәлілігі, әкімшіліктік жазалану.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы: бұл заңдық элементтердің жиынтығы, солар болған жағдайда әрекет әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады да әкімшілік жауаптылық туындайды. Басқаша айтқанда, бұзушының әрекетінде белгілі бір заңдық элементтер болған жағдайда ғана ол әкімшілік жауаптылыққа жатады. Мұндай элементтер әкімшілік құқық бұзушының объектісі, субъекті, объективтік және субъективтік жақтары.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың **объектісі** әкімшілік жауаптылықтың шараларымен қорғалатын кез-келген қоғамдық қатынас болып табылады.

Объективтік жағы әкімшілік құқық бұзушылық объектісіне бағытталған құқыққа қарсы әрекет, яғни іс әрекет немесе әрекетсіздік, оның сипаты, сондай-ақ оны жасаудың немесе жасамаудың жағдайы.

Субъект – бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке немесе заңды тұлға. Арнайы субъектілер лауазымды адамдар, әскери қызметшілер, шетел азаматтары. Ақыл есі дұрыс, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде **16 жасқа толған** адам әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Субъективтік жағы бұл кінә, яғни адамның өзі жасаған құқыққа қарсы әрекетіне және мүмкін болатын оның салдарларына рухани көзқарасы. Кінә қасақана немесе абайсыздық нысанда көрініс табуы мүмкін.

Сонымен, егер адамның әрекетінде заң элементтерінің төртеуінің жиынтығы бар деп танылатын болса, онда ол әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Көрсетілген элементтердің ең болмағанда біреуінің болмауы бұзушыны әкімшілік жауаптылыққа тартуға мүмкіндік бермейді.

5. Әкімшілік жауаптылық - өкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды тұлғаның әкімшілік құқықтық нормаларда қаралған, құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі жеке адамдарға немесе заңды тұлғаларға қолдануынан көрінеді. Әкімшілік жауаптылық әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзған жағдайда пайда болады. **Әкімшілік жаза** әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Тәртіпсіздікке барғандарға әкімшілік жаза қолданылады және ол жаза мемлекеттің мәжбүрлеу шаралары болып табылады. Әкімшілік жаза түрлері: Ескерту жасау. Әкімшілік айыппұл салу. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттың өтемін төлеп алып қою. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі болған затты, әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді, ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу. Арнаулы құқығынан айыру. Лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру немесе қызметінің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру. Жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу. Өз бетімен салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау. Әкімшілік қамауға алу. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қ.Р.- ның шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Бұлардан басқа лауазымды адам қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісті дәрежеде орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жазаға тартылуы мүмкін. Бұл жазалардың ең көп қолданылатын түрі әкімшілік айыппұл. Ол - мөлшері айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін дәрежеде салынатын ақшалай жаза. Жеке адамға салынатын айыппұлдың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігінен, лауазымды адамға салынатын айыппұл - бес айлық көрсеткіштен, ал заңды тұлғаға салынатын айыппұл - жиырма айлық есептік көрсеткіштен

кем болмайды. Әкімшілік қамауға алу - он бес тәулікке, ал төтенше жағдай режимі талаптарын бұзғаны үшін отыз тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Әкімшілік қамауға алуды судья қолданады және т. б. Әкімшілік жауапкершіліктің жекелеген түрлері мен негіздері Кодекстің ерекше бөлімінде көрсетілген (меншікке қарсы, кәсіпкерлік, салық, қоршаған ортаны қорғау, еңбек, транспорт, қоғамдық тәртіп, шекара т. с. с.). **Әкімшілік істерді төменгі органдар қарайды:**

- аудандық және соларға теңестірілген соттардың судьялары;
- кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық (қалалық), қалалардағы аудандық комиссиялар;
- ішкі істер органдары, мемлекеттік инспекция органдары және “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Кодекстің 543-576 баптарымен осындай істерді қарауға уәкілеттік берілген басқа да қадағалау және бақылау органдары және олардың лауазымды адамдары, мысалы еңбек инспекциясы, полиция, статистика, салық, өрт сөндіру және т. б. болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалынады, оған хаттаманы жасаған лауазымды қызметкер, куәлері (егер бар болса) және тәртіпсіздік жасаған адам қол қоюға тиіс. Заңда көрсетілген жағдайларда тәртіпсіздікті одан әрі болдырмау мақсатында бұлтартпау шаралары қолданылады. Ондай шараларға мыналар жатады: әкімшілік ұстау, бостандығынан айыру жазасын өтеп келгендерге әкімшілік бақылау орнату, жұмыстарды тоқтату, жәй күш қолдану құралдары (қызметтік иттерді пайдалану, жауынгерлік күрес), арнайы құралдарды қолдану (су шашқыш, броньды машиналар, қолға кісен салу), атыс қаруын қолдану. Мысалы, тәртіпсіздікті одан әрі болдырмау үшін, құқық бұзушының аты-жөнін анықтау мақсатында уақытша ұстау қарастырылған. Ондай шара мерзімі үш сағаттан аспауы тиіс (егер мас болса, мерзім мастығынан айыққан кезден саналады).

5-тақырып. ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Міндеттемелер туралы ережелер. Шаруашылық шарттарының жекеленген түрлері. Мүрагерлік құқық.

ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Азаматтық құқық ұғымы, пәні және реттеу әдісі. Азаматтық құқықтың қайнар көздері. Азаматтық құқық субъектілері. Азаматтық құқықтағы заңдық фактілер. Өкілдік және сенімхат. Азаматтық құқықтарды қорғау.

Заттық құқықтар ұғымы және түрлері. Меншік құқығы ұғымы және мазмұны.

Міндеттемелер ұғымы және жүйесі. Міндеттемелердің пайда болу негіздері. Шарт ұғымы, түрлері.

Азаматтық заңдармен **тауар-акша** қатынастары және қатысушылардың теңдігіне негізделген өзге де **мүліктік** қатынастар, сондай-ақ мүліктік қатынастарға байланысты **мүліктік емес жеке** қатынастар реттеледі. Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

Азаматтық құқықтық қатынастардың **элементтері** субъектілері, объектілері мен мазмұны, ал **негізгі бастаулары** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық Кодексі, оған сәйкес қабылданған өзге де заңдар және заңға тәуелді кесімдер болып табылады. Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастардың субъектілеріне: **жеке және заңды тұлғалар, мемлекет, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөліністер жатады. Жеке тұлға** - Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекеттің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар. Азаматтарда өз құқықтары мен іс-әрекетін жүзеге асыру үшін құқықтық және әрекет қабілеттілігі болуы тиіс. Азаматтың **құқықтық қабілеттілігі** - бұл азаматтық құқық пен азаматтық міндеттемелерге ие болу қабілеттілігі. Ол адам туылғанда пайда болып және адам өлгенде барып тоқтатылады.

Құқықтың қабілеттілігінің негізінде азаматтар: өзінің меншігіндегі мүлікке ие бола алады; мүлікті мұрагерлікке беріп және өсиет ете алады; заңмен шектелмеген кез келген кәсіпкерлікпен шұғылдана алады; заңды тұлға құра алады; заңмен тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасап міндеттемелерге қатыса алады; тұрғылықты тұратын жер таңдап ала алады; әдебиет пен өнер, ғылыми еңбектердің авторы, өнертапқыштық және басқа да заңмен қорғалатын интеллектуалдық қызметке авторлық құқығы болуға; басқа да мүліктік және мүліктік емес құқықтарға ие бола алады.

Азаматтық әрекет қабілеттілігі - азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттемелер жасап, оларды орындауға қабілеттілігі кәмелетке толғанда, яғни 18 жастан толық ә.қ. пайда болады. Жартылай немесе ішінара ә.қ. Он төрт жасқа толмағандар үшін келісімдерді олардың атынан ата-аналары, бала асырап алған адамдар немесе қамқоршылар жасайды. Өздігінен бұл жасөспірімдер тек өздерінің жасына лайықты күнделікті тұрмыстағы жасалған кезінде орындалатын ұсақ келісімдерді жасауға хақылы. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгілер келісімді ата-аналарының, бала асырап алған адамдардың немесе қамқоршылардың ризалығымен жасайды. Өздігінен олар табысын немесе стипендиясын билеуге, өздерінің шығармаларына, өнертапқыштық құқықтарын жүзеге асыруға, сондай-ақ күнделікті тұрмыстағы келісімді жасауға хақылы.

Жүйке ауруы немесе ақыл-есінің кемдігі салдарынан өз әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе не істегенін білмейтін азаматты сот әрекет қабілеттілігі жоқ деп тануы мүмкін, соған байланысты оған қамқоршылық белгіленеді.

Спирт ішімдіктеріне немесе есірткі заттарға салыну салдарынан өзінің отбасын материалдық жағынан ауыр жағдайға ұшыратқан азаматтың әрекет қабілеттілігін сот заңда көрсетілген тәртіппен шектеуі мүмкін. Оған да қамқоршы белгіленеді. Бірақ, ол тұрмыстық ұсақ мәмілелерді қамқоршының келісімімен жасауға құқылы.

Заңды тұлға құрмай-ақ мемлекеттік тіркеуге тұрған кезден бастап, азаматтар кәсіпкерлік қызметпен айналысуға және де осы кезден **жеке кәсіпкерліктің субъектілері** болып табылады. Түрлері: **өзіндік, бірлескен** кәсіпкерлік. **Өзіндік кәсіпкерлікті** бір азамат меншік құқығы бойынша өзіне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға немесе оған билік етуге жол беретін өзге де құқыққа, ал **бірлескен кәсіпкерлікті** жеке кәсіпкерлер ортақ меншік құқығы бойынша өздеріне тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға немесе оған билік етуге жол беретін өзге де құқықтарға байланысты жүзеге асырады.

Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым **заңды тұлға** деп танылады.

Түрлері: өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табысын келтіруді (коммерциялық ұйым), не мұндай мақсат ретінде пайда келтіре алмайтын және алынған пайдасын қатысушыларына үлестірмейтін (коммерциялық емес) ұйым заңды тұлға бола алады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалар **шаруашылық серіктестік, өндірістік кооператив, мемлекеттік кәсіпорын** нысандарында құрылуы мүмкін, ал **мекеме, қоғамдық бірлестік, тұтыну кооперативі, қоғамдық қор және діни бірлестіктер коммерциялық емес** ұйымдар болып табылады. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болып, оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады. Заңды тұлға органдарының түрлері, тағайындалу тәртібі және олардың өкілеттілігі заңдар мен құрылтай құжаттарында белгіленеді. Сонымен қатар, оны басқа заңды тұлғалардан айыруға мүмкіндік беретін өз атауы болады. Заңды тұлғалар әділет органдарында **мемлекеттік тіркеуден** өтуі тиіс. **Лицензия** дегеніміз шаруашылық жүргізуші субъектінің белгілі бір қызмет түрімен айналысуға немесе белгілі бір іс-әрекет жасауға құзырлы мемлекеттік орган беретін рұқсат.

Мемлекеттік кәсіпорындарға шаруашылық жүргізу құқығына, оралымды басқару құқығына негізделген /қазыналық/ кәсіпорындар жатады. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі

бөлінбейді және оны салымдар бойынша, соның ішінде, кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды. Заңды тұлға құрмайтын **жеке адамдар** және де қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын, ал активтерінің жалпы құны орта есеппен бір жыл ішінде 60000 еселеген есептік көрсеткіштен аспайтын, кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын **заңды тұлғалар шағын кәсіпкерліктің субъектілері** болып табылады. **Кәсіпкерлік дегеніміз - меншік түрлеріне карамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың, тауарларға (жұмысқа қызметке) сұранымды канагаттандыру арқылы пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған, жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызметі.** Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкердің атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысушылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады. **Азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік сот немесе аралық сот атқарады:** құқықтарды мойындату; құқық бұзылғанға дейінгі болған жағдайларды қалпына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін туғызатын әрекеттерге тыйым салу; залалдарды, төленетін айыпты өндіріп алу; мәмілені жарамсыз деп тану; моральдық зиянның өтемін төлету және басқа әдістермен жүзеге асыру (Азаматтық Кодекстің 9-бабы). **Шаруашылық қатынастарды тиімді реттеуге бағытталған құқықтық құралдардың бірі – дауды сотқа дейін реттеу.** Бұл – кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің шаруашылық шарттарды орындау барысында және басқа да негіздер бойынша туындаған шаруашылық шарт жасасу, оны өзгерту мен бұзу кезінде туындайтын келіспеушіліктерді реттеу тәртібі. Осы реттеу тәртібін дұрыс ұйымдастыру тараптардың бұзылған құқықтарын тез арада қалпына келтіруге, көлденең шығындардың алдын алуға ықпал етеді.

Шаруашылық дауларын сот арқылы шешу. Шаруашылық дауларынан туындайтын істерді қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізуші Кодексі және т. б. құқықтық-нормативтік актілер реттейді. Талап қою бағасы арыз берілген кезде заңда белгіленген 5000 есептік айлық көрсеткіштен асқан жағдайда, тараптары заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын азаматтар болып табылатын мүліктік дауларды облыстық және оларға теңестірілген бірінше сатыдағы соттар, ал қалған шаруашылық даулары аудандық (қалалық) соттарда қаралып, шешіледі.

Мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар азаматтық құқық объектілері бола алады.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, оның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығармашылық интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және басқа да мүлік жатады. Заттар өз кезегінде **жылжымайтын** және **қозғалатын** мүліктер болып бөлінеді.

Жылжымайтын мүлікке: жер учаскелері, үйлер, ғимараттар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік жатады. Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі сауда жүзу кемесі, ғарыштық объектілер қозғалмайтын заттарға теңестіріледі. Жылжымайтын заттарға жатпайтын мүлік, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздар **қозғалатын мүлік** деп танылады. Заң құжаттарында көрсетілгеннен басқа реттерде қозғалатын мүлікке құқықтарды тіркеу талап етілмейді, ал қозғалмайтын заттарға меншік құқығы мен басқа құқықтар, бұл құқықтарға шек қою, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы мемлекеттік тіркелуге тиіс. **Жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтарға** мыналар: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік, бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасының құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы, басқа да мүліктік емес игіліктер мен құқықтар жатады. **Азаматтық құқық қатынастарының мазмұны,** бұл - біріншіден, осы құқық қатынастары субъектісінің субъективтік құқығы мен міндеттері және екіншіден, субъектінің өз субъективтік құқығы мен міндеттерін іске асырудағы іс-қимылы. Мысалы,

жасалған шарттың негізінде сатушы сатып-алушыға мүлікті береді, ал сатып-алушы келісім бойынша ақысын төлейді.

Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері *мәмілелер* деп танылады.

Мәмілелер **біржақты** және **екі немесе көпжақты** (шарттар) болуы мүмкін. Заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес жасалуы үшін бір тараптың ерік білдіруі қажет және жеткілікті болатын мәміле **біржақты** деп есептелінеді. **Шарт** жасасу үшін екі тараптың (екіжақты мәміле) не үш немесе одан да көп тараптың (көпжақты мәміле) келісілген ерік білдіруі қажет.

Азаматтық құқықтық мәмілелер **ауызша, жазбаша нысанда** жасалады. Жасалған кезде атқарылатын (егер тараптар жазбаша жасаймыз деп өзара келіспесе), жетон, билет немесе әдеттегідей қабылданған өзге де растайтын белгі арқылы жасайтын мәмілелер **ауызша** жасалынады. Мұндай мәмілелер адамның мінез-құлқынан, оның мәміле жасау еркі айқын көрініп тұрған ретте де жасалған деп саналады. Үндемей қалу заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген реттерде мәміле жасауға ерік білдіру деп танылады. **Жазбаша нысан жәй және нотариалдық болып екіге бөлінеді.** Мынадай мәмілелер: кәсіпкерлік үрдісінде жүзеге асырылатын; мәмілелерді жасау кезінің өзінде орындалатындарынан басқа, жүз еселеген есептік көрсеткіштен жоғары сомаға; заңдарда немесе тараптардың келісімінде көзделген өзге де реттерде жазбаша жасауы тиіс. Мәміленің жай жазбаша түрін сақтамау, оның жарамсыз болып қалуына соқтырмайды, бірақ дау туған жағдайда тараптарды мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалуын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан айырады. **Өкілдік және сенімхат** Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне, не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттілігі күшімен жасалған мәмілесі өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтатады. Өкілеттік өкілдің (бөлшек сауда жүйесіндегі сатушы, кассир және т. б.) әрекет жағдайынан да көрінуі мүмкін. Өкілдіктің түрлері: әрекет қабілеттілігі жоқ адамдар үшін өкілдік; өкілеттілігі жоқ өкілдік; коммерциялық өкілдік. **Сенімхат** - бір адамның (сенім берушінің) өз атынан өкілдік жасау үшін басқа адамға (сенім алушыға) беретін жазбаша өкілдігі. Сенімхат сенім алушының өкілеттілігінің мөлшерін анықтайтын бір жақты келісім, ол тікелей сол сенімхатты беруге белгіленген құқықтар мен міндеттерді тудырады.

Меншік құқығы дегеніміз субъектінің заң құжаттары арқылы танылатын және қорғалатын өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша **иелену, пайдалану** және оған **билік ету** құқығы. **Меншік иесінің** өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы болады. **Иелену** құқығы дегеніміз мүлікті іс жүзінде иеленуді жүзеге асыруды заң жүзінде қамтамасыз ету. **Пайдалану құқығы** мүліктен оны пайдалы табиғи қасиеттерін алудың, сондай-ақ одан пайда табудың заң жүзінде қамтамасыз етілуі. **Пайда** кіріс, өсім, жеміс, төл алу және өзге нысандарында болуы мүмкін. **Билік ету** құқығы дегеніміз мүліктің заң жүзіндегі тағдырын белгілеудің заңмен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасының Конституциясы (6-бап) **мемлекеттік меншік пен жеке меншікті** таниды және бірдей қорғайды. **Жеке меншік** - азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен олардың бірлестіктерінің меншігі ретінде көрінеді. Жеке меншікте болатын мүліктің саны мен құны шектелмейді. **Мемлекеттік меншік** республикалық және коммуналдық меншік болып бөлінеді. Жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар тек қана мемлекеттік республикалық меншікте болады. **Меншік иесі болып табылмайтын адамдардың заттық құқықтарына:** жерді пайдалану құқығы; шаруашылық жүргізу құқығы; оралымды басқару құқығы; заңдарда көзделген басқа да заттық құқықтар жатады. **Жерді пайдалану құқығы** арнайы жер туралы заңнамалық кесімдермен реттеледі. **Шаруашылық жүргізу құқығы** мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын заңмен белгіленген текте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқықтары болып табылады. **Оралымды басқару құқығы** меншік иесінің қаражаты есебінен қаржыландыратын мемлекеттік

мекеменің, меншік иесінен мүлік алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмаларына және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын қазыналық кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады. Екі немесе бірнеше адамның меншігіндегі мүлік оларға **ортақ меншік құқығымен** тиесілі болады. Ортақ меншік екі немесе бірнеше адамдардың меншігіне мүлік түскенде пайда болады. **Ортақ бірлескен меншік:** ерлі-зайыптылардың ортақ меншігі; шаруа қожалығының ортақ меншігі; жекешелендірілген тұрғын үйге ортақ меншік түрінде болады.

Міндеттемелік құқық. Міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (несие берушінің) пайдасына белгілі бір әрекет жасауға, атап айтқанда: мүлік беруге, жұмыс орындауға, ақша төлеуге және тағы осылар сияқты әрекеттер жасауға, не болмаса белгілі бір әрекеттер жасауға тартынуға міндеттенеді, ал несие берушінің борышқордан өз міндеттерін орындауын талап етуге хақысы бар. Тараптар (борышкер мен несие беруші) және үшінші жақ міндеттемеге қатысушылар болып табылады. **Шарт** зат алмасудың негізгі құқықтық нысаны болып табылады, яғни тауар бір меншік иесінен екіншісіне ауысып отырады. “Екі немесе бірнеше тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту және тоқтату туралы келісімі шарт болып танылады” деп айтылған. Сонымен, шарт - оның тараптарының арасындағы дербес еркіннің актісі, бірнеше құжатпен бекітілген болса да, өзара келісімі болып табылады. **Шарттың атқаратын қызметі, мақсаты - құқықтар мен міндеттерді орнату, өзгерту немесе тоқтату.**

Бір тараптың ғана ықтияры (іс-әрекеті) жеткілікті болатын мәмілелер (шарттар) бір жақты болып табылады. Бұл жағдайда басқа тараптың оған деген ықтияры болмайды. Мәселен, өсиетхат жазу, сенімхат, чек беру, мұрадан бас тарту және басқалары бір жақты шарт (мәміле) болып табылады. Бір жақты мәмілені (мысалы, өсиетхат) көбіне-көп бір ғана тұлға жасайды, дегенмен бір жақты мәмілелердің қайсыбірін, мәселен, ортақ сенімхат беруді, жұрт алдында награда беруге уағда етуді, меншік иелерінің (жалға берушінің) мүлік жалдау шартынан бас тартуын және тағы осындайларды бір тарап ретінде әрекет ететін екі немесе одан да көп тұлғалар бірлесе отырып жасауға хақылы. Бір немесе бірнеше нақтылы тұлғаларға жасалған шарт жасасу туралы ұсыныс, егер ол мүмкіндігінше айқын болса және ұсыныс жасаған тұлғаның ол қабылданған жағдайда (**акцепт**) өзін тәуелдімін деп есептейтін ниетін білдірсе, **оферта** деп танылады. Егер ұсыныста шарттың елеулі талаптары немесе оларды айқындау тәртібі көрсетілген болса, ол жеткілікті түрде айқындалған ұсыныс болып табылады. Шартта тараптардың **форс-мажордың** болуы салдарынан міндеттемелерден босатылу жайы алдын ала қарастырылуы қажет. Мұндай жағдайларға әдетте: өрт, су тасқыны, жер сілкіністері, індет, әскери қимылдар, блокадалар, көтерілістер, үкімет шаралары және т. б. жатады. Бірақ, бұл орайда болатыны алдын ала білуге болатын немесе белгілі төтенше жағдайларды форс-мажорға жатқызуға болмайтынын ескеру керек. **Азаматтық шарттардың негізгі түрлері:** 1. Мүлікті меншікке берудегі міндеттемелер: - сатып алу-сату шарты (бөлшектеп сатып алу-сату, тауар жеткізілімі, келісім-шарт жасау, энергиямен жабдықтау, кәсіпорынды сату); - айырбас шарты. 2. Мүлікті уақытша пайдалануға берудегі міндеттемелер: мүлікті жалдау /аренда/; лизинг; кәсіпорынды жалдау; үйлер мен ғимараттарды жалдау; көлік жалдау; прокат; тұрғын үйді жалдау шарты; мүлікті тегін пайдалану шарты. 3. Жұмыстар атқарудағы міндеттемелер: құрылыс мердігерлігі шарты; жобалау және іздестіру жұмыстарына мердігерлік шарты; ғылыми зерттеу, тәжірибе конструкторлық және технологиялық жұмыстарға мердігерлік шарты. 4. Қызмет көрсетудегі міндеттемелер: өтелмелі қызмет көрсету шарты; тасымалдау шарты; көлік экспедициясы; заем шарты; факторинг шарты; банктік қызмет көрсету шарттары; сақтау шарты; сақтандыру шарты және т.б. **Интеллектуальдық меншік құқығының объектілеріне** интеллектуальдық шығармашылық қызметтің нәтижелері, азаматтық айналымға қатысушылар, тауарлар, жұмыстар немесе қызмет көрсетулер, дараландыру құралдары жатады. Бұларға қоса ғылым, әдебиет, өнер туындылары, орындау, фонограмма, хабар таратуды ұйымдастыру, өнертабыс, пайдалы үлгілер, өндірістік үлгілер және ашылмаған ақпарат, оның ішінде өндіріс құпиялары (ноу-хау), фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және т. б. атауға болады. **Мұрагерлік**

құқық - қайтыс болған адамның мүлкінің мұрагеріне көшу тәртібін белгілейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра екі түрде қалдырылады: **заң және өсиет** бойынша. Мұра қалдырушы қайтыс болар алдында мүлкі жайлы ешкімге өсиет етпесе немесе өсиет еткеннен кейін де мүлік иесіз қалса, мұрагерлер заң бойынша мұраға ие болуға шақырылады. **Өсиет бойынша** мұрагерлік дегеніміз - заңда көрсетілген ретпен жасалған азаматтың өз дүние мүлкін кімге қалдыру жөніндегі тірі кезінде жасалған ерікті тапсырмасы. Өсиет жазбаша түрде жасалады. Оны нотариалдық кеңсе немесе жергілікті әкімшілік растайды. Өсиет бойынша мұрагерлер мыналар болуы мүмкін: 1) заңға сай мұрагерлер; 2) заң бойынша мұрагерлікке кірмейтін бөтен адамдар; 3) мемлекет пен жеке ұйымдар.

6 тақырып. Отбасы құқығы

Некеге тұрудың шарттары мен тәртібі. *Неке* дегеніміз ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен заңдарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған еркек пен әйелдің арасындағы тең құқықты одақ. Ал *отбасы* деп некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобын айтамыз. Неке азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАЖ) органдарында ресімделгенде заңды деп танылады және белгілі бір құқықтық салдарлар туғыза алады. Шіркеулерде, мешіттерде некені қиюға заң тыйым салмайды, бірақ олардың құқықтық күші жоқ. Некеге тұру үшін заң некеге тұрудың жағымды және жағымсыз жақтарын белгілейді. Неке тұрудың жағымды жақтарына: некеге тұрушы еркек пен әйелдің өзара ерікті келісімі және олардың неке жасына жетуі жатады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» 1998 жылғы 17 желтоқсандағы №321-І Заңының 10-бабына сәйкес неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленеді. Дәлелді себептер болған жағдайда мемлекеттік тіркеу орны бойынша азаматтық хал актілерін жазу органдары неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. Неке жасын төмендету туралы өтініші некеге тұруға тілек білдірушілер немесе олардың ата-аналары, не қорғаншылары (қамқоршылары) белгіленген неке жасын төмендету қажеттігін туғызатын себептер көрсете отырып қозғай алады. Барлық жағдайларда неке жасын төмендетуге тек некеге тұрушылардың келісімімен ғана жол беріледі. Неке жасына толмаған адамдар арасындағы некеге ата-аналарының не қорғаншыларының келісімімен ғана рұқсат етіледі.

Неке тұрудың *жағымсыз жақтарына* некеге тұруға жол бермейтін жәйттар кіреді. Некеге тұруға: 1) біреуі болса да басқа тіркелген некеде тұрған адамдардың; 2) тікелей ата-тегі бойынша және өзінен терейтын жақын туыстардың (ата-аналар мен балардың, атасының, әжесінің және немерелерінің) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек әкесі бөлек немесе анасы ортақ ағалы-інілі мен апалы-сіңілілердің (аға-қарындастардың); 3) асырап алушалар мен асырап алғандардың; 4) біреуін болса да психикалық ауруының немесе ақыл-есі кемдігінің салдарынан сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың арасында жол берілмейді.

Некені тоқтату. Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе сот оны өлді немесе хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау салдарынан тоқтатылады. Сот қайтыс болды деп жариялаған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімі күшін жойған жағдайда некені ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы қалпына келтіруі мүмкін. Егер жұбайлардың екіншісі жаңа некеге отырса, некені қалпына келтіруге болмайды.

Некені бұзу. Неке ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің де өтініші бойынша, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайдың қорғаншысының өтініші оны бұзу жолымен тоқтатылуы мүмкін. Некені әйелдің жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде әйелдің келісімінсіз бұзуға болмайды.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында некені бұзу кәмлетке толмаған ортақ балалары жоқ және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптар қоймайтын ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісуі жағдайында жүргізіледі. Ерлі – зайыптыларға ортақ кәмлетке толмаған балаларынаң болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша, егер ерлі-зайыптылардың екіншісін: 1) сот хабар – ошарсыз кеткен деп таныса; 2) сотәрекетке қабілетсіз деп таныса; 3) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас буюстандығынан айыруға сотталса, неке азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылады.

Некені сот тәртібімен бұзу: 1) осы Заңның 16-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ерлі – зайыптыларда кәмлетке толмаған ортақ балалардың болуы; 2) ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған кезде; 3) егер ерлі – зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығы болмауына қармастан, некені бұзудан өз әрекеттері не әрекетсіздігі арқылы жалтарса; 4) ерлі-зайыптылардың бір-біріне мүліктік талаптары болған жағдайларда жүргізіледі.

Егер сот ерлі-зайыптылардың одан әрі бірлесіп өмір сүруі және отбасын сақтауы мүмкін еместігін анықтаса, неке сот тәртібімен бұзылады. Ерлі-зайыптылардың біреуінің некені бұзуға келісімі болмаған жағдайда, сот ерлі-зайыптыларды татуластыруға шаралар қолдануға және ерлі-зайыптыларға татуласу үшін үш ай көлемінде мерзім тағайындай отырып, істі қарауды кейінге қалдыруға құқылы. Егер ерлі-зайыптылардың татуластыру жөніндегі шаралар нәтижесіз болып шықса және ерлі-зайыптылар (олардың біреуі) некені бұзуды талап етсе, неке бұзылады. Екі жақтың өзара некені тоқтату туралы ерікті келісімі болған жағдайда некені бұзу сот шешімімен кемінде бір ай өткен соң жүргізіледі.

Некені сот тәртібімен бұзу кезінде ерлі-зайыптылар соттың қарауына кәмелетке толмаған балалар өздерінің қайсысымен тұратындығы туралы, балаларды және (немесе) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайын асырауға қаражат төлеу тәртібі туралы, бұл қаражаттың мөлшері туралы не ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы келісім ұсына алады.

Егер ерлі зайыптылардың арасында осы баптың 1-тармағында аталған мәселелер бойынша келісім болмаса, сондай-ақ ол келісім балалардың немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің мүдделерін бұзатындығы анықталса, сот: 1) неке бұзылғаннан кейін кәмлетке толмаған балалар ата-анасының қайсысымен тұратындығын айқындауға; 2) балаларды асырауға алимент ат-аналардың қайсысынан және қандай мөлшерде өндіріліп алынатынын белгілеуге; 3) ерлі-зайыптылардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша олардың бірлескен ортақ меншігіндегі мүлікті бөлуді жүргізуге; 4) екінші жұбайдың асырауға қаражат алуға құқығы бар жұбайдың талап етуі бойынша осы асырау қаражатының мөлшерін айқындауға міндетті.

Егер мүлікті бөлу үшінші бір адамдардың мүдделерін қозғайтын болса, сот мүлікті жеке іс жүргізіліп бөлу туралы талапты жеке істе қозғауға құқылы.

Азаматтық хал актілерін жазу органдарында бұзылатын неке азаматтық хал актілерін жазу кітабында некенің бұзылғандығы мемлекеттік тіркелген күннен бастап, ал неке сотта бұзылған жағдайда- соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап тоқталады. Сот некені бұзу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде сот шешімінің көшірмесін шешім шығарылған жердегі азаматтық хал актілерін жазу органына жолдауға міндетті. Ерлі-зайыптылардың азаматтық хал актілерін жазу органында некенің бұзылғаны туралы куәлік алғанға дейін жаңадан некеге тұруға құқығы жоқ.

Ерлі – зайыптылардың жеке құқықтары мен міндеттері. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері азаматтық хал актілерін жазу органдарында некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап туындайды. Ерлі-зайыптылар тең құқықтарды пайдаланады және тең міндеттер атқарады. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы қызмет, кәсіп түрін, тұрғылықты жерді таңдауда ерікті. Ана, әке болу, балаларды тәрбиелеу, оларға білім беру мәселелері мен отбасы өмірінің басқа да мәселелерін ерлі-зайыптылар бірлесіп шешеді. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өз қатынастарын өзара сыйластық және өзара көмек негізінде құруға,

отбасының игілігі мен нығаюына жәрдемдесуге, өз балаларының денсаулығына, өсіп – жетілуіне және олардың әл-ауқаты жағдайында қамқорлық жасауға міндетті.

Ерлі – зайыптылардың мүліктік емес жеке құқықтары. Некеге тұру кезінде ерлі-зайыптылар өз тілектері бойынша ортақ текретінде өздерінің біреуінің тегін таңдап алады не ерлі-зайыптылардың әрқайсысы өзінің некеге тұрғанға дейінгі тегін сақтап қалады, не өз тегіне екінші жұбайдың тегін қосады. Егер ерлі-зайыптылардың біреуінің некеге тұрғанға дейінгі тегі қосарлас болса, тектерді қосуға жол берілмейді. Ерлі-зайыптылардың біреуінің тегін өзгертуі екінші жұбайдың тегін өзгертуіне әкеп соқпайды. Неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылар ортақ текті сақтауға немесе өздерінің некеге тұрғанға дейінгі тегін қалпына келтіруге құқылы.

Сонымен, ерлі-зайыптылардың мүліктік емес қатынастарына: айналысатын ісін, кәсібін, мамандығын, тұратын жерін, аты жөнін, тегін таңдау еркі жатады. Аналық, әкелік, баланы тәрбиелеу, білім беру, отбасының тғаы басқа мәселелерін ерлі-зайыптылар өзара ақылдасып, бірігіп шешеді. Ерлі-зайыптылар отбасындағы өздерінің қатынастарында бір-бірін сыйлауға, өзара көмек көрсетуге, отбасының беріктігін нығайтуға, отбасы мүшелерінің, балардың денсаулығын сақтауға, олардың өсуіне дұрыс жағдайлар туғызуға міндетті.

Ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттері.

Ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады. Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкіне (ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және санаткерлік қызмет нәтижелерінен тапқан табыстары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен кірістер, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетін жоғалтуына және басқаларына байланысты залалды өтеуге төленген срмалар) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылар ортақ кірістерінің есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, жарналар, салымдар, несие мекемелеріне немесе өз де коммерциялық ұйымдарға салынған капиталды үлестер және ерлі-зайыптылар некеде тұрған кезеңде тапқан басқа да кез келген мүлік ол ерлі-зайыптылардың қайсысының атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын ерлі-зайыптылардың қайсысы салынғанына қарамастан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікке құқығы некеде тұрған кезеңде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке кірісі болмаған жұбайға да тиесілі.

Ерлі-зайыптылардың *әрқайсысының меншігі*. Мыналар ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады: 1) некеге тұрғанға дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік; 2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезеңінде сыйлыққа, мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де мәміле жасау бойынша тегін алған мүлік; 3) қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, жеке пайдалану заттары (киім-кешек, аяқкиім және басқалар). *Некенің* іс жүзінде *тоқтатылуына* байланысты бөлек тұрған кезде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы тапқан мүлікті сот олардың *әрқайсысының меншігі* деп тануы мүмкін.

Егер некеде тұрған кезеңде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі немесе басқа жұбайдың мүлкі не ерлі-зайыптылардың кез келгенінің еңбегі есебінен осы мүліктің құнын едәуір арттыратын салыным жүргізілгені (күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, қайта жабдықтау және т.с.с.) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен *ортақ меншігі* болып танылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу және осы мүліктегі үлестерін айқындау кезінде, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының *үлесі тең* деп танылады.

Нарықтық эканомиканың отбасылық құқықтық қатынастарға енгізген жаңалықтарының бірі некелесушілер, отбасын құрушы ерлі-зайыптылар некеге отырумен қатар өзара *неке шартын* жасасуға құқықтары бар. Некеге тұрушы адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім *неке шарты* деп танылады.

Неке шарты некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін де, неке кезеңіндегі кез келген уақытта да жасалуы мүмкін. Некеге тұруды мемлекеттік тіркеуге дейін жасалған неке шарты некеге тұру мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді. Неке шарты жазбаша түрде және оны нотариат куәландыруға тиіс.

Неке шарты бойынша ерлі-зайыптылар неке шартымен заңда белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлекетелген меншік режимін белгілеуге құқылы. Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкі жөнінде де, болашақтағы мүлкі жөнінде де жасалуы мүмкін.

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп – бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің кірістеріне қатысу әдістерін, олардың әрқайсысының отбасылық шығындар жасау тәртібін айқындауға; неке бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті белгілеуге, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді енгізуге құқылы.

Неке шартында көзделген құқықтар мен міндеттер белгілі бір мерзімдермен шектелуі не белгілі бір жағдайлардың туындауына немесе туындамауына қарай қойылуы мүмкін. Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілетін немесе әрекет қабілеттілігін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайға қалдыратын немесе неке-отбасы заңдарының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды қамти алмайды.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша екз келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады. Неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Баланың құқықтары.

Баланың отбасында өмір сүруі және тәрбиелену құқығы. Он сегіз жасқа (кәмлетке) толмаған адам *бала* деп танылады. әрбір баланың мүмкін болғанынша отбасыда өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын білуге құқығы, олардың қамқорлығына құқығы, өзінің мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, олармен бірге тұруға құқығы бар. Баланың өз ата-анасы тәрбиеленуіне, оның мүдделерін қамтамасыз етуіне, жан-жақты өсіп – жетілуне, оның адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне құқығы бар. Ата-анасы болмаған жағдайда, оларды ата-ана құқығынан айырған жағдайда және ата-ана қамқорлығынан айырылудың басқа да жағдайларында баланың отбасында тәрбиелену құқығын, белгіленген тәртіппен *қорғаншы* және *қамқоршы* орган қамтамасыз етеді.

Баланың ата-анасымен және басқа да туыстармен қарым – қатынас жасау құқығы. Баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңілілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен қарым – қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы некесінің бұзылуы, оның жарамсыз деп танылуы немесе ата-анасының бөлек тұруы баланың құқығына әсер етпеуі тиіс. Ата-анасы бөлек тұрған жағдайда баланың олардың әрқайсысымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. Ата-анасы әр түрлі мемлекеттерде тұрған жағдайда да баланың өз ата-анасымен қарым – қатынас жасауға құқығы бар. Қысылтаяң жағдайда (ұсталу, тұтқындалу, қамауға алыну, емдеу мекемесінде болу және т.с.с.) ұшыраған баланың заңда белгіленген тәртіппен өзінің ата-анасымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасауға құқығы бар. *Баланың өз пікірін білдіру құқығы.* Бала отбасында өз мүддесін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің

пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында тыңдалуға құқылы. Он жасқа толған бала пікірі, егер бұл пікір оның мүдделеріне қайшы келмейтін болса, ескерілуге міндетті. Мысалы, баланаң аты мен тегін өзгерту, ата-ана құқықтарын қалпына келтіру, асырап алуға баланың келісімі, асырап алынған баланың аты, әкесінің аты және тегі, бала асырап алғандарды асырауға алынған баланың ата-анасы ретінде жазу, бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқығы бар адамдар, бала асырап алудың күшін жоюдың салдары, патронат белгіленетін бала (балалар) осындай жағдайлар барысында қорғаншы және қамқоршы органдар немесе сот он жасқа толған баланың келісімімен ғана шешім қабылдай алады. *Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы.* Баланың ат алуға, әкесінің атын және тегін алуға құқығы бар. Балаға ат ата-анасының (немесе олардың орнындағы адамдардың) келісімі бойынша қойылады, аты-жөні әкесінің аты бойынша не ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып беріледі. Әкесі атын өзгерткен жағдайда оның кәмлетке толмаған балларының әкесінің аты-жөні өзгереді, ал кәмлетке толған балалардың әкесінің аты-жөні бұл туралы арыз берген жағдайда өзгертіледі. Баланың тегі ата-анасының тегімен айқындалады. Ата-анасының тегі әртүрлі болған жағдайда балаға ата-анасының келісімі бойынша әкесінің немесе анасының тегі беріледі. Ата-анасының тілегі бойынша балалардың тегі ұлттық дәстүрлер ескеріле отырып, әкесінің немесе атасының атынан шығарылуы мүмкін. Баланың атына және (немесе) тегіне қатысты ата-анасының арасында туындаған келіспеушілік сот тәртібімен шешіледі. Егер әкесі белгіленбесе, баланың аты анасының көрсетуі бойынша қойылады, әкесінің аты-жөні баланың әкесі ретінде жазылған адамның аты бойынша, тегі-анасының тегі бойынша беріледі. Егер ата-анасының екеуі де белгісіз болса, баланың тегін, атын, аты-жөнін қорғаншы және қамқоршы орган қояды. *Баланың аты мен тегін өзгерту.* Ата-анасының екеуі де тегін өзгерткен жағдайда кәмлетке толмаған балалардың тегі өзгереді. Бала он алты жасқа толғанға дейін ата-анасының бірлескен өтініші бойынша азаматтық хал актілерін жазу органы баланың мүдделерін негізге ала отырып, баланың атын, сондай-ақ оған берілген текті басқа ата-ананың тегіне өзгертуге рұқсат беруге құқылы. Неке тоқтатылған немесе неке жарамсыз дап танылған жағдайда балалар өздеріне туған кезде берілген тектерін сақтап қалады. Егер ата-анасы бөлек тұрса және бала бірге тұратын ата-анасының біреуі оған өзінің тегін бергісі келсе, азаматтық хал актілерін жазу органы бұл мәселені баланың мүдделеріне қарай және ата-ананың екіншісінің пікірін ескере отырып шешеді. Ата-ананың тұратын жерін анықтау мүмкін болмаған, ол ата-ана құқығынан айырылған, әрекетке қабілетсіз дап танылған жағдайда, сондай-ақ ата-ана баланы асырап бағу мен тәрбиелеуден дәлелді себептерсіз жалтарған ретте оның пікірін ескеру міндетті емес.

Егер бала бір-бірімен некеде тұрмайтын адамдардан туған болса және әкесі заңды тәртіппен белгіленбесе, азаматтық хал актілерін жазу органы, баланың мүдделерін негізге ала отырып, оның тегін анасының осындай өтініш жасаған кездегі соның тегіне өзгертуге рұқсат етуге құқылы. Он жасқа толған баланың атын және (немесе) тегін оның келісімімен ғана өзгертуге болады.

Баланың ұлты. Баланың ұлты оның ата-анасының ұлтымен айқындалады. Егер ата-анасының ұлты әр түрлі болса, ол баланың қалауы бойынша оған жеке басының куәлігі немесе паспорт берілген кезде әкесінің немесе шешесінің ұлтымен айқындалады. Одан әрі баланың ұлты оның өтініші бойынша басқа ата-анасының ұлтына өзгертілуі мүмкін.

Некеге тұрмаған, кәмлетке толмаған ата-аналар олар бала туған жағдайда және олардың ана және (немесе) әке болуы анықталған жағдайда өздері он алты жасқа толғанда ата-ана құқығын өз бетінше жүзеге асыруға құқылы. Кәмлетке толмаған ата-аналар он алты жасқа толғанға дейін қорғаншы және қамқоршы орган балаға қорғаншы тағайындайды, ол баланың кәмлетке толмаған ата-аналарымен бірге оны тәрбиелеуді жүзеге асырады. Баланың қорғаншысы мен кәмлетке толмаған ата-ананың арасында туындаған келіспеушілікті қорғаншы және қамқоршы орган шешеді.

Кәмелетке толмаған ата-аналардың жалпы негіздерде өздерінің әке және ана болуын мойындауға және оған дау айтуға құқығы бар, сондай-ақ олардың он төрт жасқа толғаннан кейін сот тәртібімен өз балаларына қатысты әке болуын аңқтауды талап етуге құқығы бар.

Ата-аналар өз балаларының денсаулығына қамқорлық жасауға міндетті. Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеуге құқығы бар және оған міндетті. Ата-аналардың басқа да барлық адамдарға қарағанда өз балаларын тәрбиелеуге басым құқығы бар. Бала тәрбиелеуші ата-аналар өздерінің қабілеттері мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады.

Ата-аналар балалардың орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті. Ата-аналардың баллардың пікірін ескере отырып, орта білім алғанға дейін білім беру мекемесі мен балаларды оқыту нысанын таңдауға құқығы бар. Баллардың тәрбиесімен білім алуына қатысты барлық мәселелерді балалардың мүдделерін негізге алып және балалардың пікірін ескере отырып, өзара келісімі бойынша ата-аналар шешеді. Ата-аналардың арасында келіспеушілік болған жағдайда олар (олардың біреуі) бұл келіспеушіліктерді шешу үшін қорғаншы және қамқоршы органға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Ата-аналар өз балаларының заңды өкілі болып табылады және кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда арнаулы өкілеттісіз олардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Егер қорғаншы және қамқоршы орган ата-аналар мен балалар мүдделерінің арасында қайшылық барын анықтаса, ата-аналардың өз балаларының мүдделерін білдіруге құқығы жоқ. Ата-аналар мен балалардың арасында келіспеушілік болған жағдайда қорғаншы және қамқоршы орган балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін өкіл тағайындауға міндетті.

Ата-ана құқықтарын балалардың мүдделеріне қарама-қайшы жүзеге асыруға болмайды. Балалардың мүдделерін қамтамасыз ету олардың ата-аналары қамқорлығының негізгі мәні болуға тиіс. Ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар балалардың дене және психикалық денсаулығына, олардың адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқығы жоқ. Балаларды тәрбиелеу әдістерінде адамның қадір – қасиетін кемсітетін немқұрайлық, қатыгездік, дөрекілік, балаларды қорлау немесе қанау болмауға тиіс. Ата-ана құқықтарын балалардың құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтіре отырып жүзеге асыратын ата-аналар заңда белгіленген тәртіппен жауап береді.

Баласынан бөлек тұратын ата-ананың қарым-қатынас жасауға, оны тәрбиелеуге және баланың білім алуы мәселелерін шешуге қатысуға құқығы бар. Бала бірге тұратын ата-ана, егер мұндай қарым-қатынас жасау баланың дене және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік дамуына зиян келтірмесе, баланың екінші ата-анасымен қарым-қатынас жасауына кедергі болмауға тиіс. Ата-аналары бөлек тұрып жатқан жағдайда балалардың тұратын жері ата-аналарының келісімімен белгіленеді.

Келісім болмаған жағдайда ата-аналардың арасындағы дауды балалардың мүдделерін негізге алып және балалардың пікірін ескере отырып сот шешеді. Бұл орайда сот баланың ата-аналардың әрқайсысына, аға-інілері мен апа-сіңілілеріне (қарындастарына) үйірілген, баланың жасын, ата-аналардың әрқайсысы мен баланың арасында орын алған қатынастарды, олардың дамыту және тәрбиелеу үшін балаға жағдай жасау мүмкіндігін (ата-аналар қызметінің түрі, жұмыс режимі, материалдық және отбасылық жағдайы және т.с.с.) ескереді.

Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқығын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша түрде келісім жасасуға құқылы. Егер ата-аналар келісімге келе алмаса, ата-аналардың (олардың біреуінің) талап етуі бойынша дауды қорғаншы және қамқоршы органының қатысуымен сот шешеді. Соттың шешімі орындалмаған жағдайда кінәлі ата-анаға заңдарда көзделген шаралар қолданылады. Сот шешімі қасақана орындалмаған жағдайда баладан бөлек тұратын ата-ананың талап етуі бойынша сот баланың мүдделерін негізге алып және баланың пікірін ескере отырып, баланы соған беру туралы шешім шығара алады.

Баласынан бөлек тұратын ата-ананың өз баласы туралы тәрбие, емдеу мекемелері мен басқа да мекемелерден ақпарат алуға құқығы бар. Ақпарат беруден ата-ана тарапынан

баланың өмірі мен денсаулығына қатер болған жағдайларда ғана бас тартылуы мүмкін. Ақпарат беруден бас тартуға сот тәртібімен дау айтыуы мүмкін.

Ата-аналармен балалардың алименттік міндеттемелері.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмлетке толмаған балаларды асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Ата-аналар «Неке және отбасы туралы» Заңының 20 – тарауына сәйкес өздерінің кәмлетке толмаған балаларын асырап-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасауға құқылы.

Егер ата-аналар өздерінің кәмлетке толмаған балаларын асырап-бағуына алмаса, кәмлетке толмаған балаларды асырап бағуға арналған қаражат (алимент) ата-аналардан сот тәртібімен өндіріп алады. Ата-аналардың алимент төлеу туралы келісімі болмағанда, кәмлетке толмаған балалар асырап-бағуға алынбағанда және сотқа талап-арыз берілмегенде *қорғаныш* және *қамқоршы* орган кәмлетке толмаған балаларға олардың ата-анасынан (олардың біреуінен) алимент өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға-ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің-төрттен бірін; екі балаға-үштен бірін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмлетке толған балаларын асырап-бағуға міндетті. Алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент төлеу мөлшерін сот алимент төленетін кезде қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткішке еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып белгілейді.

Алимент мөлшерін айқындау кезінде сот балаларының бәріне олардың біреуіне немесе олардың бірнешеуіне талап қойылғанына қарамастан, осы ата-ананың еңбекке жарамды, кәмлетке толған балаларының бәрін ескеруге құқылы. Егер сот ата-аналардың міндеттерін орындаудан жалтарғанын анықтаса, балаларының өздерінің еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж ата-аналарын асырап-бағу жөніндегі міндеттерінен босатылуы мүмкін. Балалары ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарына алимент төлеуден босатылады.

Ерлі-зайыптылардың бір-бірін асырап-бағу жөніндегі міндеттері. Ерлі-зайыпталар бір-бірін материалдық жағынан қолдауға міндетті. Мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылардың арасында алимент төлеуге қажетті қаражаты бар жұбайдан: 1) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайынан; 2) жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы әйелінің; 3) ортақ мүгедек баланы бағып отырған мұқтаж жұбайының бала он сегіз жасқа толғанға дейін; 4) ортақ мүгедек баланы 16 жасқа толғанға дейін бағып-күтіп отырған, сондай-ақ 16 жасқа толғаннан соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедек белгіленген жағдайда мұқтаж жұбайының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар.

Бұрынғы жұбайдың неке бұзылғаннан кейін алимент алуға құқығы. Алимент төлеуге қажетті қаражаты бар бұрынғы жұбайынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге: 1) жүкті кезінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы бұрынғы әйелінің; 2) ортақ мүгедек баланы 16 жасқа толғанға дейін бағып-күтіп отырған, сондай-ақ 16 жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының; 3) неке бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының құқығы бар.

Алименттің мөлшері мен оны неке бұзылғаннан кейін бұрынғы жұбайына берудің тәртібі бұрынғы ерлі-зайыптылардың арасындағы келісім бойынша белгіленуі мүмкін.

Отбасының басқа мүшелерінің алименттік міндеттемелері. Ағалары мен апаларының өздерінің кәмлетке толмаған және еңбекке жарамсыз, кәмлетке толған інілері мен сіңділерін (қарындастарын) асырау жөніндегі міндеттері.

Кәмлетке толмаған көмекке мұқтаж інілері мен сінділерінің (қарындастарының) өз ата-аналарынан қаражат алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмлетке толған ағалары мен апаларынан сот тәртібімен алимент алуға құқығы бар. Еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәлетке толған ағалар мен апаларына да, егер олар өздерінің еңбекке жарамды, кәмлетке толған балаларынан, жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) немесе ата-анасынан көмек ала алмаса, осындай құқық беріледі.

Немерелерін асырап-бағу жөніндегі атасы мен әжесінің міндеттері. Өздерінің ата-аналарынан көмек алуы мүмкін болмаған жағдайда, кәмлетке толмаған, көмекке мұқтаж немерелердің өздерінің алимент төлеуге қажетті қаражаты бар әжесі мен атасынан сот тәртібімен алимент алуға құқығы бар. өздерінің жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) немесе ата-анасынан көмек ала алмаса, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж кәмлетке толған немерелерге де осындай құқық беріледі.

Өздерінің кәмлетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) қажетті қаражат ала алмаған жағдайда, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж аталар мен әжелер өздерінің алимент төлеуге қажетті қажетті қаражаты бар кәмлетке толған немерелерінен сот тәртібімен алимент талап етуге құқылы.

Кәмлетке толмаған балаларға нақты тәрбие беруді, асырап-бағуды жүзеге асырушы, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж адамдар, егер олар өздерінің кәмлетке толған, еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) көмек ала алмаса, олар өздерінің кәмлетке толған, еңбекке жарамды тәрбиеленушілерінен көмек беруді сот тәртібімен талап етуге құқылы. Егер тәрбиелеушілер тәрбиеленушілерді бес жылдан аз уақыт асырап-бағып, тәрбиелесе, сондай-ақ өздерінің тәрбиеленушілерін тиісті түрде асырап-бақпаған және тәрбиелемеген болса, сот тәрбиеленушілерді нақты тәрбиеленушілерін асырап, бағу жөніндегі міндеттен босатуға құқылы.

Өгей ұлдар мен өгей қыздарын тәрбиелеп, асырап-баққан, еңбекке жарамсыз, көмекке мұқтаж өгей әке мен өгей шешенің, егер өздерінің кәмлетке толған еңбекке жарамды балаларынан немесе жұбайларынан (бұрынғы жұбайларынан) көмек ала алмаса, осыған қажетті қаражаты бар еңбекке жарамды, кәмлетке толған өгей ұлдарынан немесе өгей қыздарынан асырап-бағуды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

Егер өгей әке мен өгей шеше өгей балалары мен өгей қыздарын бес жылдан аз уақыт тәрбиелеп, асырап-бақса, сондай-ақ олар өздерінің тәрбиелеу және асырау міндеттерін тиісті түрде атқармаса, сот өгей ұлдар мен өгей қыздарды өгей әкесі мен өгей шешесін асырап-бағу міндеттерінен босатуға құқылы.

Қорғаншылық және қамқоршылық. Ата-анасының қайтыс болуы, олардың ата-ана құқықтарына айырылуы, олардың ата-ана құқықтарының шектелуі, ата-анасының әрекетке қабілетсіз деп танылуы, ата-анасының сырқаттылығы, ата-аналарының ұзақ уақыт болмауы, ата-аналардың балаларын тәрбиелеуден немесе олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруы, соның ішінде ата-аналардың тәрбиелеу, емдеу және басқа да осыған ұқсас мекемелерден өз балаларын алудан бас тартуы, сондай-ақ ата-аналардың қамқорлығы мен мүдделерін қорғау *қорғаншы* және *қамқоршы* органдарға жүктеледі.

Қорғаншы және қамқоршы органдар ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды анықтайды, осындай балалардың есебін алуды жүргізеді және ата-анасының қамқорлығынсыз қалудың нақты мән-жайларын негізге ала отырып, балаларды орналастырудың нысандарын таңдайды, сондай-ақ оларды асырау, тәрбиелеу және білім беру жағдайларына одан әрі бақылау жасауды жүзеге асырады. Қорғаншы және қамқоршы органдардан басқа, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру жөніндегі заңды және жеке тұлғалардың қызметке жол берілмейді.

7-тақырып. Құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру және қызметтерінің негіздері

Құқық қорғау қызметі және құқық қорғау органдары. Сот төрелігінің қағидалары. Сот билігі ұғымы және ҚР соттары. ҚР құқық қорғау органдары: әділет министрлігі, прокуратура, ішкі істер органдары.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары дегеніміз бұзылған құқықты орнына келтіруге, заң бойынша міндеттің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органның мәжбүрлеу қызметі. Осы шараларды қолдау үшін ерекше құқық қорғау органдары құрылады.

Құқық қорғау органдарының жұмысы тек заң шеңберінде ғана жүзеге асырылады және олар мемлекеттің заңдылық негіздерін орнықтыру мен құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдеседі. Олардың қызметінің негізгі бағыттарына сот билігі, прокурорлық қадағалау, қылмыстық қудалау, әділет органдарының, адвокаттардың және т.б. қызметі жатады.

Құқықты қорғау үшін мемлекетімізде мынандай органдар құрылған

А. СОТ. Біздің елдегі сот төрелігін Конституцияның 75 – бабына, ҚР – ның 2000 жылғы 25 – желтоқсандағы «ҚР –ның сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» конституциялық заңына сәйкес тек сот қана жүзеге асырады. Сот жүйесін ҚР – ның Жоғарғы соты және жергілікті соттар құрайды.

Жергілікті соттарға облыстық және оларға теңестірілген соттар және аудандық, сол сияқты оларға теңестірілген соттар жатады.

Сот азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтын, ол бұзылған жағдайда оны қалпына келтіретін барынша ықпалды нысан болып табылады.

Соттар қайсыбіреулерінің еркіне қарамастан тек Конституция мен Республика заңдарына сәйкес, өздеріне Республика атынан берілген билікті жүзеге асырады, іс жүргізу нысандарында белгіленген сот ісін қарауға процесс мүшелерінің барлығының да белсенді қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, істің ақиқатын ашады және ол бойынша заңды әрі негізделген шешім шығарады.

Соттарға мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану құқығы берілген. Сот азаматтық және шаруашылық істер жөніндегі шешімдер талапкер мен жауапкерді тиісті тәртіпке шақырады. Кінәліге қылмыстық жазаны тек сот тағайындай алады.

Істі сот орындарында қарау мен шешу Конституцияның 77 – бабында аталған төменгі принциптерге негізделеді.

- адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;
- бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;
- өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;
- сотта әркім өз сөзін тыңдауға құқылы;
- жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тастаса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;
- айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес;
- ешкім өзіне - өзі, жұбайына және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес;
- адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез – келген күдік айыпталушының пайдасына қарстырылады;
- заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;
- қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Конституциямен белгіленген сот төрелігінің аталған принциптері Республиканың барлық соттары мен судьяларына ортақ және бірыңғай болып табылады.

ҚР – ның барлық соттарының судьяларының мәртебесі бірдей, ал бір – бірінен тек өкілеттерімен ғана ерекшеленеді. Оларға сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер беріледі, ол өз міндеттерін тұрақты негізде орындайды және сот билігін жүргізуші болып табылады.

Ә. Прокуратура. Прокуратура заңның дәлме – дәл және біркелкі орындалуын қадағалайтын орган. ҚР прокуратурасының құқықтық мәртебесі, қызметтік ұйымдастырылуы, қызмет тәртібі және прокурорлардың өкілетті Конституциясымен бірге, ҚР президентінің « Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығымен, халықаралық шарттармен, прокуратура қызметінің жекелеген қырларын реттейтін әрі шектейтін заңдармен, сондай –ақ Бас Прокурордың бұйрықтармен реттелген.

Прокуратураның орталықтандырылған бірегей жүйесін ҚР – ның Бас Прокуроры басқарады, ал оған облыстық прокуратуралар, республикалық дәрежедегі қалалық және республика астанасының прокуратуралары, ауданаралық, аудандық, қалалық және мамандандырылған прокуратуралар кіреді. Республиканың Бас Прокурорын Республика Парламенті Сенатының келісімімен Президент тағайындайды.

Сонымен, прокуратура мемлекеттік билік тармақтарының бөлінісі және өзара қатынасындағы ерекше орган. Оның басты мақсаты – Республиканың аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме – дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел – іздестіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады.

Б. Ішкі істер органдары. Ішкі істер органдарының құқықтық статусы ҚР Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы « Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы » заң күші бар Жарлығымен реттеледі.

Заң бойынша ішкі істер органдарының міндеттері мыналар:

- жеке адамның, азаматтың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмысқа қарсы күресу ;
- өз құзыреті шегінде қылмыстық жазалауды және әкімшілік шараларды қолдануды орындау ;
- жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оған жүргізушілер мен автотехника құралдарын пайдалануға мемлекеттік рұқсат беру, жол жүрісі саласындағы ережелердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру және т.с.с

Қазақстанның ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесі – Ішкі істер министрлігінен, оған бағынышты облыстардағы, қалалардағы, транспорттағы, ішкі істер басқармаларынан, қалалық, аудандық, поселкелік ішкі істер органдарынан, ішкі істер әскерлері және басқа мекемелерден құралады.

В. Ұлттық қауіпсіздік органдары. Қауіпсіздік органдары жеке адамды, қоғам мен мемлекетті ішкі және сыртқы қауіп – қатерден заңға сәйкес қорғауды жүзеге асыратын арнаулы органдар.

Бұл органдардың қызметін ҚР Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы » заң күші бар Жарлық реттейді.

Ұлттық қауіпсіздік органдары негізінен ҚР – ның Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, оның жергілікті органдарынан және басқа да тиісті мекемелерінен құралады.

Г. Әділет органдары. ҚР – ның әділет органдары, өз құзыреті шегінде, мемлекеттің қызметінің атқарылуын құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың , ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасайтын, азаматтары мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін атқарушы билік

органдары болып табылады. Бұлардың қызметін ҚР – ның 2002 жылғы 18 наурыздағы «Әділет органдары туралы» заңы реттейді.

Заңға сәйкес әділет органдарының міндеттеріне:

- заң жобасын дайындау жұмысын жүргізу, заңдарды талдау, жетілдіру, жүйелеу, құқықтық кесімдердің жобаларына заң сараптамасын жүргізу;
- заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жаслатын мәмілелерді, азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;
- құқықтық көмекті және заң қызметін көрсетуді ұйымдастыру және құқықтық насихатты қамтамасыз ету;
- сот сараптамасы қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- қылмыстық жазаларды атқару, қылмыстық жаза атқару органдары мен мекемелерінде құқықтық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету және басқалар жатады.

Әділет органдарының біртұтас жүйесі Әділет министрлігінен, аумақтық әділет органдарынан, қылмыстық атқару жүйесінің органдарын қамтитын әділет органдарынан және өзге бағынысты ұйымдардан құралады.

Ғ. Қаржы полициясы. ҚР – ның қаржы полициясының органдары:

- заңмен белгіленген өкілеттері шегінде жедел іздестіру қызметін;
- алдын – ала тергеу және анықтау;
- әкімшілік іс жүргізу арқылы экономика мен қаржы қызметі саласында адам мен азаматтың құқықтарына, қоғам мен мемлекет мүдделеріне қылымыстық және құқыққа қайшы өзге де қол сұғушылықтың алдын алуға, оны анықтауға, жолын кесуге, ашуға және тергеуге бағытталған құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдар болып табылады.

2002 жылғы 4 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы органдары туралы» Заңның 5 бабына сәйкес Қаржы полициясына өкілеттігі шегінде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, қоғам мен мемлекеттің заңды құқықтарын қамтамасыз ету, салықтарды төлеуден жалтаруға байланысты қылмыстардың, экономика мен қаржы саласындағы өзге қылмыстар мен құқық бұзушылықтың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, экономика саласындағы жемқорлық пен қылмысқа қарсы күрес ісінде мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу, қаржы полициясы органдарының қарауына жатқызылатын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру міндеттері жүктелген.

Д. ҚР адвокатурасы.

Адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және біліктілікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және азаматтардың құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған қызмет болып табылады.

Адвокаттардың құқықтық статусы ҚР 1997 жылғы желтоқсан айының 5 жұлдызындағы «Адвокаттық қызмет туралы» Заңымен реттеледі.

Жоғары Заң білімі бар, заңгер мамандығы бойынша жұмыс стажы 2 жылдан кем емес және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған адам адвокат бола алады. Адвокат міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болуы тиіс.

Қазіргі кезде елімізде барлық облыстарда, қалаларда адвокаттар алқасы және жеке меншік адвокаттық кеңселер халыққа қызмет етеді.

Адвокаттар төмендегідей қызмет көрсетеді:

- шешілуі кәсіби заң білімдерін қажет ететін мәселелер бойынша консультациялар, түсіндірмелер, кеңестер мен жазбаша қорытындылар береді;
- талап қою арыздарын, шағымдар құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасайды;
- анықтау, алдын – ала тергеу органдарында, соттарда, мемлекеттік және өзге де органдарда, ұйымдарда және азаматтармен қарым – қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың өкілдігі мен оларды қорғауды жүзеге асырады.

Адвокаттар заңдарда тиым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді және т.б.

Е. Нотариат. ҚР – ғы нотариат – құқықтар мен фактілерді куәландыруға, 1997 жылғы шілденің 14- де қабылданған « Нотариат туралы » заңында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған нотариалдық іс - әрекеттерді жасау арқылы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заң жүзінде бекітілген жүйе .

8-тақырып. ҚР қаржылық құқығы. Мемлекеттің қаржылық қызметті. Банкілік қызмет. ҚР банкілік жүйесі

Мемлекеттің қаржылық қызметті. Қаржылық құқық ұғымы және пәні. Мемлекеттің қаржылық қызметі. Қаржылық-құқықтық реттеу әдісі. Қаржылық-құқықтық қатынастар. Қаржылық құқық жүйесі. **1. Қаржылық және бюджеттік қатынастар** Қаржының басты мақсаты - мемлекетті ақша қаражатымен қамтамасыз ету. **Мемлекеттің қаржылық қызметіне елдің ақша жүйесін ұйымдастыру, мемлекеттік ақша қорларын бөлу және пайдалану жатады. Ақша қорларын жинау тәсілдері:** Иелерінен ақшаны міндетті түрде, қайтарымсыз алу (салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер).

1. Міндетті-қайтарымды төлемдер (мемлекеттік заем).
2. Ерікті-қайтарымсыз төлемдер және т. б.

Ақша қорларын бөлу, негізінен қаржыландыру, дотациялау (субвенция, субсидия), несие беру арқылы негізінен жүзеге асырылады.

Қаржы құқығы дегеніміз - мемлекеттің қаржылық қызметін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Қаржы құқығының жүйесіне: ақша жүйесінің құқықтық негіздері, қаржыны басқару, жоспарлау, бақылау, бюджеттік, салықтық құқықтар кіреді.

Бюджеттік құқық, мемлекеттік бюджетті құру және бөлу процесінде пайда болатын құқықтық қатынастарды (республикалық, жергілікті бюджеттердің заңдылық нышанында бекітілген кірісі мен шығысы) **реттейді.**

Инвестициялық қатынастардың құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдары Конституцияға негізделеді, ҚР 2003 жылғы қаңтардың 8-де қабылданған “Инвестициялар туралы” Заңымен, өзге де нормативтік-құқықтық кесімдермен реттеледі.

Аталған кесімдер елдегі инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың, құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді.

Қаржылық және бюджеттік қатынастар

Қаржының басты мақсаты - мемлекетті ақша қаражатымен қамтамасыз ету. **Мемлекеттің қаржылық қызметіне елдің ақша жүйесін ұйымдастыру, мемлекеттік ақша қорларын бөлу және пайдалану жатады.**

Ақша қорларын жинау тәсілдері:

3. Иелерінен ақшаны міндетті түрде, қайтарымсыз алу (салықтар мен бюджетке төленетін міндетті төлемдер).
4. Міндетті-қайтарымды төлемдер (мемлекеттік заем).
5. Ерікті-қайтарымсыз төлемдер және т. б.

Ақша қорларын бөлу, негізінен қаржыландыру, дотациялау (субвенция, субсидия), несие беру арқылы негізінен жүзеге асырылады.

Қаржы құқығы дегеніміз - мемлекеттің қаржылық қызметін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Қаржы құқығының жүйесіне: ақша жүйесінің құқықтық негіздері, қаржыны басқару, жоспарлау, бақылау, бюджеттік, салықтық құқықтар кіреді.

Бюджеттік құқық, мемлекеттік бюджетті құру және бөлу процесінде пайда болатын құқықтық қатынастарды (республикалық, жергілікті бюджеттердің заңдылық нышанында бекітілген кірісі мен шығысы) **реттейді.**

Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдары Конституцияға негізделеді, ҚР 2003 жылғы қаңтардың 8-де қабылданған “Инвестициялар туралы” Заңымен, өзге де нормативтік-құқықтық кесімдермен реттеледі.

Аталған кесімдер елдегі инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың, құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді.

9-тақырып. ҚР салық құқығының негіздері. ҚР салық жүйесі

Салық құқығы ұғымы, пәні және жүйесі. Салық ұғымы. Мемлекеттің салық қызметі. Қазақстан Республикасындағы салықтар жүйесі. Салық заңдарын бұзушылық үшін заңдық жауапкершілік.

Салықтық құқық - заңды және жеке тұлғалардан біржақғы өктем, қайтарылмайтын негізде, заң жүзінде белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді ақшалай түрде бюджетке алу кезінде туындайтын салықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Салықтық құқық мемлекеттің салықтық қызметінің барысында пайда болатын қоғамдық қатынастар әрі оның пәні болып табылады.

Қазақстан Республикасының нарық экономикасына бағыттталып негізделген қатынастарға көшуіне, сондай-ақ салық салу аясындағы мәселелердің маңызды және әлеуметтік-экономикалық процесстерге ықпалын тигізетін құралға айналуына байланысты салықтық қатынастардың рөлі арта түсуде.

Салық қатынастары салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, енгізу және есептеу мен төлеу тәртібі жөніндегі билік қатынастарын, мемлекет пен салық төлеуші арасындағы салық міндеттемелерін орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

Осыған орай, қандай да болмасын мемлекеттің атқаратын қызметінің ең маңызды, басты түрі - мемлекеттік кіріс. Сол мемлекеттік кірістердің ең негізгілері: салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер.

Олар қалыптастыру және алыну тәртібіне байланысты төмендегі түрлерге бөлінеді:

А. Салықтар. Корпорациялық және жеке табыс салықтары, қосылған құн салығы, акциздер, жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен арнаулы төлемдері, әлеуметтік, жер, көлік құралдары мен мүлік салығы.

Ә. Алымдар. Заңды тұлғаларды, жеке кәсіпкерлерді, жылжымайтын мүлікке құқықтарды және олармен жасалған мәмілелерді, радиоэлектрондық құралдарды және жиілігі жоғары құрылғыларды, механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді, теңіз, өзен кемелері, шағын көлемді кемелерді, азаматтық әуе кемелерін, дәрі-дәрмек құралдарын мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алынатын алымдар; автокөлік құралдарының ҚР аумағы арқылы жүру алымы; аукциондардан алынатын алым; елтаңбалық алым; жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық және телевизия мен радио хабарларын тарату ұйымдарына радиожілілік спектрін пайдалануға рұқсат бергені үшін алынатын алымдар.

Б. Төлемақылар. Жер учаскелерін, жер бетіндегі көздердің су ресурстарын, қоршаған ортаны ластағаны, жануарлар дүниесін, орманды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, радиожілілік спектрін, кеме жүретін су жолдарын пайдаланғаны, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін алынатын төлемақылар.

В. Мемлекеттік баж. Мемлекеттік баж.

Г. Кеден төлемдері. Кеден бажы, кеден алымдары, төлемақы және алымдар.

Салықтар дегеніміз - жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында, мемлекеттің жоғары өкілді органы қабылдаған нормативтік кесімнің негізінде, сондай-ақ заңда белгіленген мөлшерде және уақытта, заңды және жеке тұлғалардан міндетті түрде қайтарылмайтын және ақысыз негізде бюджетке алынатын ақшалай төлемдер. Ал алымдар, төлемақылар мен баждар заңды және жеке тұлғаларға көрсеткен белгілі бір қызметтері үшін мемлекеттік өкілетті органдардың алатын төлемдері.

Салықтардың қалыптасқан түрдегі үш функциясы бар:

1. Фискалдық - салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке толығымен және уақытылы мерзімде түсіп отыруын қамтамасыз етеді.

2. Қайта бөлу - әртүрлі шаруашылық субъектілерінің табыстарының белгілі бөлігін мемлекет пайдасына қайта бөлу қызметі.

3. Салықтық реттеу - салық нарықтарының мөлшерін өзгерту, салық түрлерін азайту және негізделген салық жеңілдіктерін енгізу арқылы немесе ынталандыру функциясы.

Салық қызметі деп мемлекет қазынасын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік қызметті айтады. Бұл қызмет салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу, оларды мемлекет кірісіне алу, салықтық реттеу және бақылау арқылы атқарылады.

Салықтық құқықтың **дерек көздері** болып 2001 жылдың маусымының 12 жұлдызында қабылданған Қазақстан Республикасының **Салық кодексі**, салық мәселері жөнінде қабылданған Қазақстан Үкіметінің қаулылары және т. б. есептеледі.

Төменде салықтардың әрқайсысына қысқаша жеке тоқталып, қарастыра отырып жалпы сипаттамасын береміз.

1. Корпорациялық табыс салығы. Бұл салықтың төлеушілері Қазақстан Республикасының **резидент заңды тұлғалары** (ұлттық Банк пен мемлекеттік мекемелерден басқа), сондай-ақ елімізде қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын немесе Қазақстан Республикасындағы көздерден табыс алатын резидент емес заңды тұлғалар болып табылады. Объектілері салық салынатын, төлем көзінен салық салынатын табыс пен резидент емес заңды тұлғаның таза табысы. Жылдық жиынтық табыс пен шегеріс жасау арасындағы айырма ретінде есептелген табыс осы салықтың салық салынатын табысы болып табылады.

Жылдық жиынтық табысқа салық төлеушінің табыстарының барлық түрлері, соның ішінде: тауарларды (жұмыстардан, қызметтер көрсетуден) өткізуден түсетін табыс пен мүлікті жалға беруден түскен табыстар, үлеспайдадан (дивиденттер), ұтыстар, сыйақылар және т. б. жатады.

Корпоративтік салықты есептегенде төлеушілердің жылдық жиынтық табысынан пайыздар, күмәнді борыштар, резервтік қорларға аударымдар мен амортизациялық аударымдар, жөндеуге жұмсалған шығыстар және т. б. (СК 92 - 114 баптары) шегерімге жатады.

Ставкалары. Салық төлеушілердің салық салынатын табысынан 30 %, негізгі өндіріс құралы жер болып табылатын салық төлеуші 10%, ал резидент еместерден 15 % салық ұсталады.

Күнтізбелік жыл корпорациялық табыс салығы үшін салық кезеңі болып табылады. Салық төлеушілер корпорациялық табыс салығын төлеуді өзінің тұрып жатқан орны бойынша (ағымдағы айдың 20-шы жұлдызынан кешіктірмей) жүзеге асырады.

2. Жеке табыс салығы. Салық Кодексінің 141 бабына сәйкес жеке тұлғалар жеке табыс салығының субъектілері болып табылады, ал объектілеріне төлем көзінен салық салынатын және төлем көзінен салық салынбайтын табыстар жатады.

Жеке тұлғалардың табыстарының мынадай түрлеріне салық салынбайды:

- еңбекақы төлеуге байланысты төлемдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мөлшерде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін атаулы әлеуметтік көмек, жәрдемақылар мен өтемдер;
- балаларға және асырауындағы адамдарға алынған алименттер;
- лотерея бойынша 5 айлық есептік көрсеткіш шегіндегі ұтыстар;
- әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері әскери қызмет-міндеттерін орындауға байланысты алатын төлемдері;
- білім беру орындарында оқитындарға ҚР заңдарында белгіленген мемлекеттік стипендияларға арналған мөлшерде төленетін стипендиялар және СК 144 бабында көрсетілген салық салуға жатпайтын басқа да төлемдер.

Салық төлеушінің төлем көзінен салық салынатын табыстарына: қызметкердің табысы, біржолғы төлемдерден алынған табыс, жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін

зейнетақы төлемдері, дивиденттер, сыйақылар, ұтыстар түріндегі табыс, стипендиялар мен жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша табысы, ал төлем көзінен салық салынбайтын табыстарына мүлдіктік табыс, жеке кәсіпкердің салық салынатын табысы мен адвокаттар мен жеке нотариустардың табысы жатады.

Жеке табыс салығын есептеу кезінде қызметкердің төлем көзінен салынатын табысын анықтау кезінде салық жылы ішіндегі әрбір ай үшін шегерімге айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі, асырауындағы әрбір отбасының мүшесіне айлық есептік көрсеткішіндегі сомалар мен жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін міндетті төлемдер жатады.

Осы Салық кодексінің 171 бабына сәйкес төмендегі табысы бар резидент салық төлеушілер салық жылынан кейінгі жылдың 31 наурызына дейін декларация табыс етуі тиіс: төлем көзінен салық салынбайтын табысы бар адамдар; тұрғын үй салумен осындай құрылыс үшін құрылыс материалдарын сатып алуды қоспағанда, салық жылында 2000 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомаға біржолғы ірі сатып алуды іске асырған салық төлеушілер, Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерден табыс алатын және шетелдік банктердегі шоттары бар жеке тұлғалар, мерзімді әскери қызметін өтеп жүргендерді қоспағанда, мемлекеттік қызметшілер үшін көзделген заң нормаларын қолданылатын адамдар, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары мен судьялары.

3. Қосылған құн салығы. Қосылған құн салығы - тауар өндіру, жұмыс орындау немесе қызмет көрсету мен олардың айналым процесінде қосылған құн өсімінің бір бөлігін бюджетке аударымы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағына тауар импорттау кезінде жасалатын аударым.

Субъектілері - заңды және жеке тұлғалар, ал салық салынатын айналым мен салық салынатын импорт қосылған құнға салық салу **объектісі** болып табылады.

Ставкасы салық салынатын айналым мөлшерінің 16 %-дан болады және (түсті және қара металдар сынығының экспортын қоспағанда) экспортқа тауар өткізу бойынша айналымға және халықаралық тасымалдарға байланысты орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге нөлдік ставка бойынша салық салынады.

4. Акциздер. Акциздер дүние жүзіне кеңінен тараған салықтардың бір түрі болып табылады. Акциздер көбінесе, халық тұтынатын бірінші кезектегі тауарлардың бағасына немесе көрсетілетін қызметтердің тарифіне енгізіледі.

Акциздер - тауар бағасына, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін тарифіне енгізілетін, нақты ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеп бекітетін, міндетті төлемдер.

Акцизделенетін тауарлар - осы тауарларды жасау кезінде пайдаланылған материалдар мен шикізаттардан өндірілген және ҚР аумағына әкелінген импортталатын тауарлар болып табылады. **Акцизделенетін тауарларға мыналар жатады:**

1. Спирттің барлық түрлері. .
2. Алкоголь өнімі.
3. Темекі бұйымдары.
4. Құрамында темекі бар басқа бұйымдар.
5. Бекіре және қызыл балық уылдырықтары.
6. Алтыннан, платинадан немесе күмістен жасалған зергерлік бұйымдар.
7. Бензин (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отыны.
8. Жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектерге арналған, қолмен басқарылатын автомобильдерден басқа).
9. Атыс және газ қарулары (мемлекеттік билік органдарының қажеттіліктері үшін алынатындарынан басқа).
10. Газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнай.

Қызметтің акцизделенетін түрлері:

1. Ойын бизнесі.
2. Лотереяны ұйымдастыру мен өткізу.

Ставкалары. Акциз ставкаларын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітеді және тауар құнына пайызбен және заттай нысандағы өлшем бірлігіне абсолюттік сомада белгіленеді. Ойын бизнесіне бірыңғай ставка орнатуға жергілікті өкілді органдарға да құқық берілген. Жоғарыда аталған тауарлар мен қызметке төленетін акциз операция жасалған күннен кейінгі оныншы күннен кешіктірілмей бюджетке аударылуы тиіс.

5. Жер салығы. Жеке меншік, тұрақты жер пайдалану және бастапқы өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығындағы салық салу объектілері бар жеке және заңды тұлғалар **жер салығын төлеушілер** болып табылады.

Ставкалары:

ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге салынатын жер салығының базалық ставкалары 1 гектарға есептеліп белгіленеді және топырақтың сапасы (бонитет) 329 баптағы кесте бойынша сараланады;

1. жеке тұлғаларға өзіндік (қосалқы) үй шаруашылығын, бағбандық және саяжай құрылысын жүргізу үшін қора-қопсы салынған жерді қоса алғанда, берілген ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерге, базалық салық ставкалары мынадай мөлшерде белгіленеді:

а. көлемі 0,50 гектарға дейін қоса алғанда - 0,01 гектар жер үшін 20 теңге;

б. көлемі 0,50 гектардан асатын алаңға - 0,01 гектар үшін 100 теңге;

2. үй іргесіндегі жер учаскелеріне мынадай базалық салық ставкалары бойынша салық салынуы тиіс:

в. Астана, Алматы және облыстық маңызы бар қалалар, мысалы көлемі 1000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метр үшін 0,20 теңге, ал басқа елді мекендерге көлемі 5000 шаршы метрге дейін қоса алғанда - 1 шаршы метр үшін де 0,20 теңге және т.с.с.

Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 5000 шаршы метрден асатын жер учаскелеріне салық ставкалары 1 шаршы метрі үшін 1,00 теңгеден 0,20 теңгеге дейін төмендетілуі мүмкін. Бұлардан басқа заңда елді мекендер, өнеркәсіп жерлеріне, елді мекендер шегінде орналасқан өнеркәсіптер жерлеріне, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, орман, су қоры жерлеріне, автотұрақтар, автомобильге май құю станцияларына және базарлар орналасқан жер учаскелеріне салық ставкалары қарастырылған.

Басқа салықтардың түрлері төмендегі кестеде берілген:

Салық түрі	Субъектісі	Объектісі	Ставкасы	Төл мерзімі
Көлік құралдарына салынатын салық	көлік құралдары бар заңды және жеке тұлғалар	мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдарының барлық түрі	двигатель қуаты, көлеміне қарай айлық есептік көрсеткіштен	салық кезеңінің 1 шілдесіне дейін
Мүлік салығы	меншік иесі болып заңды және жеке тұлғалар	негізгі өндірістік және өндірістік емес құралдар, тұрғын үйлер және т.б.	Заңды т. мүліктің жылдық құнынан 1 пайыз, жеке тұлғалар 0,1 ден жоғары (365 бап)	Салық кезеңінің 1 тамызына дейін
Әлеуметтік салық	заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер,	еңбекақы қорынан төлейтін төлемдер және	21 пайыз, ал жеке кәсіпкерлер, жеке	есепті айдың 15 кешіктірілмей

	жеке нотариустар, адвокаттар	т.б. (316 бап)	нотариустар, адвокаттар өздері үшін 3, қызметкерлері 2 (317 бап)	
Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу: 1. Үстеме пайда салығы. 2. Арнаулы төлемдер (бонус, роялти және т.б.)	279-314 баптар			

Инвестициялық қатынастардың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңдары Конституцияға негізделеді, ҚР 2003 жылғы қаңтардың 8-де қабылданған “Инвестициялар туралы” Заңымен, өзге де нормативтік-құқықтық кесімдермен реттеледі. Аталған кесімдер елдегі инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейді, инвестицияларды ынталандырудың, құқықтық және экономикалық негіздерін айқындайды, инвесторлардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді, инвестицияларды мемлекеттік қолдау шараларын, инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді.

10 тақырып. Еңбектік құқық қатынастары.

Еңбек құқығы - еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Бұл қатынастар тараптардың әдетте жеке және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар және ҚР Конституциясына негізделген еңбек туралы заңдарымен реттеледі. Ең негізгісі 2007 жылдың 10 маусымында қабылданған “Қазақстан Республикасының еңбек кодексі” болып табылады.

Еңбек туралы нормативтік-құқықтық кесімдердің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Ережеге сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі, мемлекеттік еңбек инспекторлары жүзеге асырады. *Аталған құқықтық - нормативтік кесімнің төмендегідей қолдану ерекшеліктері бар:*

- ҚР аумағындағы еңбек қатынастарын реттеумен қатар, осы заң елімізде жұмыс істейтін шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады;
- әркімге өз еңбек құқықтарын іске асыруына тең мүмкіндіктер беріледі;
- жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік пен қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, сеніміне, азаматтығына, қоғамдық бірлестіктерде тұруына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижесіне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруға, қандай да бір артықшылықтар алуға тиісті емес;
- мәжбүрлі еңбекке тиым салынады, еңбектің осы түріне тек сот үкімі бойынша, не төтенше немесе соғыс жағдайлары жарияланған кездерде ғана жол беріледі.

Еңбек шарттарының құқықтық реттелуі

Қызметкерлер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін реттеу үшін шарттық негіздер қолданылады. Негізгілері: келісімдер мен еңбек шарттары.

Келісімдерге Республикалық Бас келісімді атауға болады немесе әлеуметтік серіктестік-үштік: Үкімет, Кәсіподақтар және Жұмыс берушілер арасындағы келісім жатады.

Еңбек қатынастары негізінен жеке еңбек шарттарымен және ұжымдық шарттармен реттеледі. **Жеке еңбек шарты** - жұмыс беруші мен қызметкердің арасында жазбаша

жасалған екі жақты келісім. Шарт бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға, ал жұмыс беруші қызметкерге жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық төлеуге, еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. **Жеке еңбек шарты:** белгісіз мерзімге; белгілі бір мерзімге; белгілі бір жұмысты орындау уақытына немесе уақытша болмаған қызметкерді ауыстыру уақытына жасалуы мүмкін. Егер шартта оның қолданылу мерзімі көрсетілмесе, шарт белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.

Жеке еңбек шарты жазбаша түрде кемінде екі дана етіп жасалып, оған тараптар қол қояды, ал бір данасы қызметкерге беріледі. Осыдан кейін қызметкердің жұмысқа қабылданғаны жөнінде бұйрық шығарылады. Еңбек кітапшасы (ол болған жағдайда), немесе жеке еңбек шарты не жұмысқа қабылдау мен жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттар бола алады. Қызметкердің оған тапсырылатын жұмысқа сәйкестігін тексеру мақсатында тараптардың келісімімен сынақ өткізілуі мүмкін. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы тиіс. Сынақ туралы талап шартта көрсетілуі, ал бұл болмаған жағдайда қызметкер жұмысқа сынақсыз қабылданды деп есептелінеді.

Жеке еңбек шартының тоқтатылу негіздері: мерзімнің бітуі бойынша; тараптардың еркіне байланысты емес мән-жағдайларда (әскери қызметке шақырылғанда, қызметкер қайтыс болса және т. с. с.).

Шартты бұзу негіздері: тараптардың келісімі бойынша; тараптардың бірінің бастамасы бойынша (бір ай бұрын біреуі екіншісін жазбаша ескертсе); заңнамалық кесімдерде көзделген өзге де негіздер болып табылады. Жеке еңбек шартын бұзу мен тоқтату жұмыс берушінің бұйрығымен хатталады.

Қызметкер жеке еңбек шарты жұмыс берушіге бұл туралы бір ай бұрын жазбаша ескертіп тоқтатуға құқылы, ал екі тарап келісімге келсе, ескерту мерзімі біткенге дейін шарт тоқтатылуы мүмкін. Жұмысты жалғастыруды жоққа шығаратын немесе едәуір қиындататын мән-жайлар болған кезде шартты бұзу қызметкердің өтінішінде көрсетілген мерзімде жүргізіледі.

Жұмыс берушіге өз бастамасымен жеке еңбек шартын біржақты бұзуына төменгі жағдайлар негіз бола алады:

1. Заңды тұлғаның таратылуы, жұмыс беруші жеке кәсіпкердің қызметінің тоқтатылуы.
2. Қызметкерлердің саны немесе штаты қысқартылуы.
3. Жеке еңбек шартының қолданылу мерзімі ішінде қызметкердің жеткілікті біліктілігінің болмауы не белгілі бір жұмысты жалғастыруға кедергі келтіретін денсаулық жағдайының салдарынан атқаратын қызметіне немесе орындайтын жұмысына сәйкессіздігі аңғарылады.
4. Жүктілігі және бала тууы бойынша демалыста болу уақытын есептемегенде, еңбекке уақытша жарамсыздығы салдарынан, сондай-ақ заңдарда сол ауру бойынша еңбекке жарамсыздықтан неғұрлым ұзақ мерзімі белгіленбесе, жұмысқа екі айдан астам уақыт бойы келмеген жағдайда бұзылуы мүмкін. Аурулар түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Еңбек қабілетін еңбекте мертігуіне немесе кәсіптік ауруға байланысты жоғалтқан қызметкердің жұмыс орны еңбек қабілеті қалпына келгенге немесе мүгедектік анықталғанға дейін сақталады;
5. Қызметкер ұйыммен бірге басқа жерге ауысудан бас тартқанда.
6. Іркілікке байланысты басқа неғұрлым жеңіл жұмысқа ауыстырудан бас тартқан жағдайда.
7. Еңбек жағдайларындағы өзгеріске байланысты жұмысты жалғастырудан бас тартқанда.
8. Тәртіптік жазасы бар қызметкер еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындай алмаса.

9. Қызметкер еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзғанда.

Қызметкердің еңбек міндеттерін бір рет өрескел бұзуына:

- бір жұмыс күнінде дәлелді себептерсіз жұмыста үш сағат бойы болмауы;
- жұмысқа алкогольдік немесе нашақорлық масаң күйде немесе өзге де түрдегі уыттық улану жағдайында келуі;
- жұмыс күні ішіндегі алкогольді, нашақорлық масаңдық немесе өзге де жағынан улану жағдайын туғызатын заттарды пайдалануы;
- қызметкердің еңбекті қорғау немесе өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзуының әсерінен, өзінің жарақат алуы мен аварияларды қоса алғанда, ауыр зардаптарға әкеп соғуы немесе соның мүмкіндігі;
- жұмыс орны бойынша соттың заңды күшіне енген үкімімен немесе қаулысымен белгіленген мүлікті (соның ішінде ұсақ заттарды) ұрлауы;

10. Егер қызметкердің іс-әрекеті оған жұмыс беруші тарапынан сенімнің жоғалуына негіз болса, ақшалай немесе құндылықтармен тікелей қызмет ететін қызметкер кінәлі іс-әрекет жасаса.

11. Білім беру саласында тәрбиешілік міндетті атқарушы қызметкер аталған жұмысты жалғастыруға сыйымсыз моральға жат қылық жасаса.

12. Жеке еңбек шартына сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етсе.

13. Басқа жұмыстарға ауысудан бас тартқан жағдайда.

14. Бұрын осы жұмысты орындап келген қызметкер сот шешімімен жұмысына қайта алынған жағдайда оның орнына алынған қызметкермен еңбек шарты бұзылады.

Егер еңбек шарты заңсыз негізде бұзылған не басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған жағдайда еңбек дауын қарайтын орган қызметкерді бұрынғы жұмысына қайта алғызуға және де оған амалсыздан жұмыссыз жүрген барлық уақыты, бірақ үш айдан аспайтын, үшін орташа табысы төленуі тиіс.

Сонымен қатар жұмыс беруші:

- алкогольдік, нашақорлық масаңдық немесе өзге де түрдегі улану жағдайында жұмысқа келсе;
- еңбек қорғау ережелері бойынша емтихандар тапсырмаған болса;
- жеке басын қорғаудың жұмыс беруші берген керекті құралдарын пайдаланбаған болса;
- егер қызметкер заңдарға сәйкес, дәрігерлік тексеруден міндетті бола тұрып одан өтпесе, жұмыстан шеттетуге міндетті. Жұмыстан шеттету кезінде жалақы сақталмайды.

Еңбек шартының екінші түрі **ұжымдық шарт**. Ол жұмыс берушілер мен кәсіподақтар не кәсіподақтар мүшесі емес қызметкерлер келіссөздер жүргізу үшін қол қойған жазбаша шарт түріндегі құқықтық кесім болып табылады.

Жоғарыда аталғандармен қоса еңбек заңында маусымдық қызметкерлердің, үй қызметкерлерінің, үйінде жұмыс істейтін және вахталық әдіспен еңбек ететіндердің еңбек құқықтары реттелген.

Жұмыс уақыты және демалыс уақыты.

Жұмыс уақыты деп еңбек шартына сәйкес, заңмен белгіленген тиісті жұмыс уақытын айтады. Оның қалыпты **ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс**. Он төрт жастан он алты жасқа дейінгі қызметкерлер үшін - аптасына 24 сағаттан, он алтыдан он сегіз жасқа дейін - аптасына 36 сағаттан, ал ауыр дене жұмыстарында және еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін қызметкерлер үшін - аптасына 36 сағаттан аспайтын, қысқартылған жұмыс күні белгіленеді.

Еңбек заңы қызметкерлер үшін ұзақтығы бес күндік жұмыс аптасы, ал өндірісінің сипаты мен жұмыс жағдайларына байланысты бес күндік жұмыс аптасын енгізу орынсыз болатын ұйымдарда, алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Алты күндік жұмыс аптасы (40 сағат)

кезінде күнделікті жұмыстың ұзақтығы - 7 сағаттан, 36 сағат болғанда - 6 сағаттан және апталық норма 24 сағат болғанда - 4 сағаттан аспауы тиіс. 22 сағаттан бастап таңғы 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Тынығу уақыты дегеніміз бұл жұмыс уақыты арасында еңбеккерге тынығуға және тамақ ішуге берілетін уақыт. Оның түрлері: демалуға және тамақ ішуге берілетін үзіліс, апта аралығындағы демалыс, мейрам күндері, жыл сайынғы демалыс.

Күнделікті жұмыс ішінде қызметкерге демалу және тамақтану үшін, жинақтап алғанда ұзақтығы бір сағаттан кем болмайтын үзіліс және заңда бес күндік жұмыс аптасы жағдайында аптасына - екі, ал алты күндікте бір демалыс күні қарастырылған. Жалпы демалыс күні жексенбі. Екі демалыс күні әдетте қатарынан беріледі.

Мейрам күндері - бұл барлық мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істемейтін күн.

Мемлекеттік мерекелер: 1,2 қаңтар - Жаңа жыл; 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз - Наурыз мейрамы; 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесі; 9 мамыр - Жеңіс күні; 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні; 25 қазан - Республика күні; 16,17 қазан – Республиканың тәуелсіздік күні болып анықталған.

Демалыс және мереке күндері сәйкес келген жағдайда мерекеден кейінгі жұмыс күні демалыс күні болады. Егер басқа нормативтік кесімдерде, жеке, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушілердің кесімдерінде басқаша көзделмесе, ұзақтығы кемінде он сегіз күн болатын ақылы жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі. Еңбек заңдары мынадай демалыстың түрін белгілейді: жыл сайынғы, қосымша, арнайы мақсаттарға арналған демалыс, жалақы сақталмайтын қысқа мерзімге берілетін демалыс. Жұмыс істеген бірінші жылы үшін еңбек демалысы жеке еңбек шарты бойынша бірінші жұмыс жылы өткеннен кейін беріледі. Жүктілігі мен босануы бойынша демалыстан басқа әйелге оның өтініші бойынша баласы бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріледі. Қосымша демалыс уақыты ішінде оның жұмыс орны мен қызметі сақталады. Жеке еңбек шартын бұзу кезінде, оның қандай негізде бұзылғанына қарамастан, өзінің жыл сайынғы еңбек демалысын алу құқығын пайдаланбаған немесе толық пайдаланбаған қызметкерлерге өтемақы төлеу және білім беру ұйымында оқитын қызметкерлерге емтихандар тапсыру, диплом жобасын қорғау, бітірушілер емтихандарын кезінде ақылы немесе ақы төленбейтін қосымша демалыс беру мүмкіндіктері заңда қарастырылған.

Жеке еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі

Жеке еңбек шартындағы басқа тарапқа материалдық зиян келтірген тарап оны сот шешімі негізінде, не ерікті түрде төлейді. Материалдық жауапкершілік жеке еңбек шартында арнайы нақтылануы тиіс.

Егер қызметкер өзінің еңбек міндеттерін атқаруына байланысты жұмыс берушінің кінәсынан жарақат алса немесе денсаулығына өзге де зиян келіп, соның салдарынан ол еңбек қабілетін толық немесе ішінара жоғалтса, жұмыс беруші оған келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық кесімдерінде көзделген тәртіп пен жағдайларда өтеуге міндетті. Атап айтқанда, бір мерзімдік жәрдемақы төлеу тәртібі мен мөлшері, сондай-ақ денсаулығы бұзылған немесе қайтыс болған қызметкерге келтірілген зардаптың орнын толтыру көзделген.

Қызметкерлердің толық материалдық жауаптылық жағдайлары:

- қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша шарт бойынша қызметкерге берілген мүлік пен басқа да құндылықтың сақталуын қамтамасыз ету үшін өзіне толық жауапкершілікке алуы;
- заңдарға сәйкес қызметкерге еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыс берушіге келтірілген зиян үшін толық жауапкершілігі;
- қызметкер мүлік пен басқа да құндылықтарды бір жолғы сенімхатпен немесе басқа да біржолғы құжаттар бойынша есеп беруі;
- қызметкердің жұмыс уақытындағы алкогольдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық мас болуы.

Жалақы төлеу. Жұмыс беруші еңбек мәселелері жөніндегі құқықтық-нормативтік кесімдерге, жеке еңбек, ұжымдық шарттарға сәйкес қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге міндетті және бұл ақы мерзімдік, келісімді түрде немесе еңбекке ақы төлеудің өзге де жүйелері бойынша іске асырылады. Қызметкердің жалақысы орындалатын жұмыстың саны мен сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

Жалақының мөлшерін жұмыс беруші дербес белгілейді және ол ҚР заңдарында белгіленген ең төменгі төлеудің төмендегі қағидалары бойынша жүзеге асырылады:

- мерзімнен тыс жұмыс ақы бір жарым есе мөлшерден кем төленбейді;
- мереке және демалыс күндердегі жұмыс ақысы екі еседен төмен болмайтын мөлшерде төленеді;
- түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына еңбекақы бір есе мөлшерден кем төленбейді;
- жалақы бір айда кем дегенде бір рет төленеді және т.б.

Қызметкерлерді көтермелеу және жазалау шаралары

Еңбек тәртібін бұзғаны үшін, яғни қызметкердің кінәсінен оған жүктелген еңбек міндеттерінің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін **жұмыс беруші тәртіптік жазалардың мынандай түрлерін қолдануға құқылы:** ескерту жасауға; сөгіс беруге; заңда көрсетілген жағдайларда жеке еңбек шартын бұзуға. Осылардан басқа тәртіптік жазалау шараларын қолдануға жол берілмейді. Тәртіптік жазаны қолданудан бұрын қызметкерден жазбаша түсініктеме талап етілуге тиіс, ал жаза теріс әрекет байқалған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады және оны теріс әрекет жасалған күннен бастап алты айдан кешіктіріп қолдануға болмайды. Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық жазаға тартылған қызметкерге қол қойғызылып жарияланады.

Еңбек даулары

Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Сотқа дейін еңбек дауларын келісім комиссиясы қарай алады. Ол комиссия тараптардың бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлердің саны тең өкілдерінен тепе-тең негізде құрылып, қызметкерлердің өкілдері ұйымның жалпы жиналысында сайланып, жұмыс берушінің өкілдерін ұйым басшысы тағайындайды.

Келісім комиссиясы арыз берушінің өтінішін ол берілген күннен бастап үш күн мерзім ішінде қарайды. Оны қарау нәтижелері бойынша шешім қабылданып, арыз берушіге беріледі. Арыз қанағаттандырылған жағдайда кінәлі жақ шешімді үш күн мерзім ішінде орындайды. Аталған заң ұжымдық дауларды шешудің ереуіл сияқты ең шектен шыққан шарасын жеке реттейді. **Ереуіл - еңбек ұжымы мен жұмыс беруші арасындағы өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіби талаптарын қанағаттандыру үшін (жұмысқа шықпау, еңбек міндеттерін орындамау) еңбек ұжымы мүшелерінің белгілі бір мерзімге немесе еңбек ұжымының талаптарын жұмыс беруші қанағаттандырғанға дейін жұмысты толық немесе ішінара тоқтатау арқылы білдіретін күрес шарасы.**

Әлеуметтік қамсыздандарудың құқықгық негіздері.

Конституцияның 28-бабында "Қазақстан Республикасының азаматына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отырады", - делінген.

Жасына сай зейнетақы тағайындау мен төлеудің мүлдем жаңа механизмі көзделген:

- дербес жинақтаушы зейнетақы қорлары арқылы зейнетақыны жинақтау;
- 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек жылдарын есепке ала отырып зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік Орталықтан зейнетақы тағайындау.

Мысалы, Орталықтан жасына байланысты толық зейнетақы төлемдері қазіргі кезде еркектер - 63 жасқа, әйелдер 58 жасқа толғанда тағайындалады, бірақ олардың еңбек стажы 1998 жылдың 1 қаңтарында еркектерде - 25, әйелдерде 20 жыл болуы тиіс. Қолданылып жүрген

заңдар әлеуметтік қамсыздандырудың түрлерінің қатарына қызметкерлерді жұмысқа уақытша жарамсыздығы, әйелдердің жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақылармен қамсыздандыруды көздейді. Аталғандармен қатар мүгедек болып қалған, асыраушысынан айрылған және өзге де заңды реттерде әлеуметтік қамсыздандырылады.

11 тақырып. Қылмыстық құқық қылмыстық заңнаманың міндеттері мен қағидаттарын, қылмыс ұғымын, қылмыстық жауапкершіліктің негізін, қылмыстың түрлері мен белгілерін, жазаны, қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босатудың негіздерін анықтайтын заңды нормалардың жиынтығы.

Мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қылмыстық қол сұғудан қорғау барысында туатын қоғамдық қатынастар қылмыстық құқықтың *пәні* болып табылады.

Қылмыстық құқықтың субъектісіне қылмыс жасаған жеке тұлғалар мен мемлекеттің құзыретті органдары (тергеу, прокуратура, сот т.б.) жатады.

Қылмыстық құқықтық *жүйесі жалпы* және *ерекше* сияқты екі бөлімнен тұрады.

Қылмыстық құқықтың міндеттері: адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті, ұйымдардың құқықтарын мен заңды мүдделері, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін қорғау, сондай-ақ қылмыстардың алдын алу болып табылады. Қылмыстық заңнамалардың төмендегідей 3 міндетін атап көрсетуге болады: 1) қорғау; 2) алдын-алу (профилактика); 3) тәрбиелік.

Қорғау – қылмыстық-құқықтық шараларды қолдана отырып қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау міндетті. Ол үшін қылмыстық заң қылмыстық әрекеттердің шеңберін, түрін және оған қолданылатын жазаның мөлшерін анықтайды.

Алдын – алу (профилактика) міндеті қылмыстың алдын алу, оны болдырмаудың жолдарын қарастыру немесе қылмыс жасаған тұлғаның қайта қылмыс жасамауының алдын алу. Бұл мақсаттар әр түрлі қылмыстық – құқықтық шаралар қолдану арқылы іске асырылады.

Тәрбиелік міндетті қылмыстық құқықтың барлық институттары мен нормалары атқарады (жаза, қажетті қорғаныс, мәжбүрлі қажеттілік т.б.).

Қылмыстық құқықтың қағидаттары деп мемлекеттің қылмыстық құқық саласындағы саясатының, қылмыспен күресудің іс жүзіндегі құралдарының мазмұнының негізіне қойылған тіректі мұраттар мен бастамаларды айтамыз.

Сондай қағидаттардың бірі *заңдылық қағидаты*. Оның мәні қылмыстық әрекет пен жаза тек қана қылмыстық заңмен анықталуы керек. Әрекет не әрекетсіздік қоғамға қанша қауіпті болса да, егер оларда қылмыстың құрамы болмаса тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке жасанды түрде тартуға болмайды.

Азаматтардың заң және сот алдында *теңдігі қағидаты*. *заң алдында бірдей*.

Тек қылмыстық әрекеті не әрекетсіздігі үшін кінәлі болған тұлғаны ғана қылмыстық жауапқа тарту *қағидаты*.

Негізгі қағидаттардың бірі *әділеттілік қағидаты*. Оның мәні соттар жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, сотталушының жеке басының, оның қылмыс жасағанына дейінгі және қылмыс жасағаннан кейінгі мінез-құлығы ерекшеліктерін, қылмысты ауырлататын және жеңілдететін жағдайларды, отбасы жағдайларын ескере отырып жаза тағайындаулары қажет.

Қылмыстық құқықтың тағы бір қағидаты ол *ізгіліктік қағидат*. Ізгілік адамды адам, кісі, тұлға ретінде тану, оның ар-ожданын, намысын, қадір-қасиетін, бақытқа, жақсылыққа, өркениетке ұмтылуын сыйлау, мойындау. Сондықтан, жаза тағайындау барысында ізгілік қағидатына сүйене отырып жасалған қылмысқа тиісті жазадан жұмсақтау жаза тағайындау.

Қылмыстық құқықтың деректік көздеріне әр түрлі қылмыстық заңнамалар жатады. Солардың ішінде ерекше орын алатын қылмыстық заң. *Қылмыстық заң* жасалған қылмыс

үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарының нормативті актісі. Қазақстан Республикасында қылмыстық заңның ең маңыздысы 1997 жылы 16 шілдеде қабылданған *Қылмыстық кодекс*.

2. Қылмыстық – құқықтық қатынастар

Қылмыстық іс – қимылдардың, қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату, дәрігерлік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану барысында қалыптасады. Жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты қоғамдық қауіпті әрекет (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) *қылмыс* деп танылады. *Қылмыстың* төмендегідей 4 белгісі бар: қоғамдық қауіптілігі, құқыққа қарама – қайшылығы, кінәлілігі, қылмыстық жауаптылығы.

Кінә. Адам соларға қатысты өз кінәсі анықталған қоғамдық қауіпті әрекеті (іс-әрекет немесе әрекетсіздік) және пайда болған қоғамдық қауіпті зардаптар үшін ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс. *Қасақана* немесе *абайсызда* әрекет жасаған адам ғана қылмысқа *кінәлі* деп танылады. *Тікелей* немесе *жанама* ниетпен жасалған әрекет *қасақана жасалған қылмыс* деп танылады.

Менмендікпен немесе немқұрайдылықпен жасалған әрекет *абайсызда жасалған қылмыс* деп танылады. Егер адам өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіп туғызуы мүмкін екенін алдын ала білсе, бірақ бұл зардаптарды жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен болғызбау мүмкіндігіне сенсе, қылмыс *менмендікпен* жасалған қылмыс деп танылады.

Егер адам қажетті ұқыптылық пен сақтық болғанда ол зардаптарды болжап білуге тиіс және болжап біле алатын бола тұра өз іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптарының болуы мүмкін екенін болжап білмесе, қылмыс *немқұрайлықпен* жасалған деп танылады.

Қылмыс секілді қоғамдық қауіпті әрекеттің объективті және субъективті белгілерінің қылмыстық заңмен бекітілген жиынтығын қылмыстық құқықта *қылмыстың құрамы* дейді. Қылмыс құрамының міндетті 4 бөлшегін көрсетеді: *қылмыстың объектісі, қылмыстың объективті жағы, қылмыстың субъектісі, қылмыстың субъективті жағы*. Бұлар өзара байланысты. Егер жасалған қылмыста қылмыс құрамының аталған бөлшектерінің біреуі болмаса, онда қылмыс құрамы болмайды және қылмыс жасаған тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

1. Қылмыстың объектісі - қылмыскердің қиянат жасайтын және де қылмыстық заңдармен қорғалатын қоғамдық қатынастар. Олар мыналар болуы мүмкін: саяси және экономикалық құрылымдар, меншік, адам және оның құқықтары мен бостандықтары, құқықтық тәртіп, сот төрелігі, әскери қызмет.

2. Қылмыстың объективтік жағы - ол қылмыстың сыртқы көрінісіне жататын белгісі:

- қылмыскердің қоғамға қауіпті әрекеті немесе әрекетсіздігі;
- әрекет пен әрекетсіздік арқылы туындаған қоғамға қауіпті нәтиже;
- әрекет пен әрекетсіздік және қоғамға қауіпті нәтиже арасындағы себепті байланыс.

3. Қылмыстың субъектісі - ол қылмыс жасаған уақытта есі дұрыс және 16 жасқа толған адам. Кейбір ауыр қылмыстар үшін (кісі өлтіру, зорлау, адам ұрлау, кісі тонау, қорқытып тартып алу т. б.) қылмыстық жауаптылыққа адам 14 жастан тартылады.

Қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген қауіпті әрекет жасаған кезде есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, кемақылдылығы салдарынан өзінің іс-әрекетінің іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғына алмаған немесе оған ие бола алмаған адам қылмыстық жауапқа тартылмайды. Бұларға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін. Алкогольді ішімдікті, есірткі заттарды немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану салдарынан мас күйінде жасалған қылмыс үшін адам қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды.

4. Қылмыстың субъективтік жағы - бұл адамның қоғамға істеген қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздігіне және солардан туатын қауіпті нәтижеге психикалық қатынасы. Қылмыстың сыртқы жағын бейнелейтін объективтік жаққа қарағанда субъективтік жақ қылмыстың ішкі мөнін, мазмұнын білдіреді.

Қылмыстың субъективтік жағының мазмұнын мынадай заңдылық белгілері: кінә, қылмыстық ниет, мақсат құрайды. Осы белгілердің жиынтығы қылмыс істеген, яғни қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамның жан-дүниесінде орын алған ішкі өзгерістерді, оның санасы мен еркінің өзара байланысын бейнелеп береді.

Кінә - бұл адамның өзінің қасақаналықпен немесе абайсызда істейтін қоғамға қауіпті іс-әрекетіне және оның қоғамға зиянды зардабына деген көзқарастарының жиынтығының көрсеткіші.

Істелген әрбір қылмыс үшін кінәнің болуы - объективті ақиқат. Қылмыс субъектісінің кінәлілігі туралы тұжырымды сот іс бойынша жинақтаған дәлелдемелер арқылы анықтайды.

Кінә екі түрлі болады: қасақаналық және абайсыздық. Тікелей немесе жанама ниетпен жасалған әрекет - **қасақана**, менмендікпен немесе **немқұрайлылықпен** жасалған әрекет **абайсыздықта** жасалған қылмыс деп танылады.

Қылмыстық ниет деп белгілі бір қажеттіліктер мен мүдделердің іштей түрткі болуына байланысты адамның соларды басшылыққа ала отырып, саналы түрде қылмыс істеуге бел бууын, ал **қылмыстық мақсат** деп адамның қылмыс істеу арқылы болашақта белгілі бір нәтижеге жетуін айтамыз.

Әрбір азаматтың конституциялық борышы - қоғамдық қатынастарды қылмыстық жолмен келтірілген зияннан қорғау. Осы міндетті жүзеге асыруда жеке адамға, қоғамға, мемлекетке қарсы бағытталған іс-әрекеттерді дер кезінде тиюдың, тойтарудың маңызы ерекше. Қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді тойтаруда, оның зияндылығын тиюда, сол қауіпті төндірген адамға материалдық, моральдық және басқа да зиян келтірілуі мүмкін. Мұндай әрекеттер формальдық жағынан алғанда қылмыс құрамына жатуы мүмкін.

Бірақ та бұл әрекеттер белгілі бір жағдайларда қылмыс болып табылмайды. Өйткені мұндай әрекетте қылмыстың материалдық белгісі болып табылатын басты белгі - қоғамға қауіптілік жоқ. Керісінше, мұндай жағдайларда, қоғамдық қатынастарға зиян келтіруге бағытталған қауіпті жою, тойтару қоғамға пайдалы іс-әрекет деп танылады. Қолданылып жүрген қылмыстық заң бойынша бұларға **қажетті қорғану; аса мәжбүрлі қажеттілік; қылмыскерді ұстау; орынды кәсіби тәуекел; күштеу немесе психикалық мәжбүрлеу; бұйрықты немесе өкімді орындау** әрекеттері жатады.

Осы аталған жағдайларда істелген әрекет немесе әрекетсіздік сырттай қылмыс белгілеріне ұқсағанымен, оларда қоғамға қауіптілік болмағандықтан, қылмыс қатарына жатпайды.

Қылмыс істеу сатылары. Қылмысты істеу сатылары деп қасақана істелетін қылмысқа дайындалу, оқталудан біткенге дейінгі ететеін кезеңдерді айтамыз. Қасақаналықпен істелетін қылмыста бірнеше саты болады. Олар: **қылмыс істеуге дайындалу, қылмыс істеуге оқталу және қылмысты аяқтау.**

Қылмыс — бір адам арқылы немесе бірнеше адамның бірлесуі арқылы істелуі мүмкін. Бірнеше адамның қылмыс істеуінің нәтижесінде істелген қылмыстың мәні, одан туындайтын зиянның мөлшері де жеке адам істеген қылмысқа қарағанда едәуір өзгереді және мұндайда қылмыс істегені үшін жауапты болатын адамдардың санын анықтау қажеттілігі туындайды.

Қылмыстық кодексте көзделген әрекеттер сипатына және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай *қылмыс онша ауыр емес қылмыстарға, ауырлығы орташа қылмыстарға, ауыр қылмыстарға және ерекше ауыр қылмыстарға* бөлінеді.

Қылмыстық кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде – біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп әрекеттерді жасау *қылмыстардың жиынтығы* деп танылады.

Бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы *қылмыстың қайталануы* деп танылады.

Қылмыс бір ғана адам емес бірнеше тұлғалардың ұйымдасуымен де жасалуы мүмкін. Екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы *қылмысқа қатысу* деп танылады. Ұйымдастырушы, айдап салушы немесе көмектесуші орындаушымен бірге *қылмысқа қатысушылар* деп танылады.

Қылмысты болдырмайтын мән – жайлар. Кейбір жағдайларда қылмыс жасалған кезде, сол қылмыстың құрамы, оның қоғамдық қауіптілігі сияқты белгісі бола отырса да іс-қимыл қылмыс болып табылмайтын мән-жайлар болады. Ондай мән – жайларға: 1) қажетті қоғану; 2) қол сұғушылық жасаған адамды ұстау кезінде зиян келтіру; 3) аса қажеттілік; 4) жедел – іздестіру шараларын жүзеге асыру; 5) орынды тәуекел ету; 6) күшпен немесе психикалық мәжбүрлеу; 7) бұйрықты немесе өкімді орындау.

Қылмыспен күресу барысында мемлекет әр түрлі әдістер мен шаралар қолданады. Сондай әдістердің бірі *жаза*.

Жаза - соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодекспен көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады.

Жазаның мақсаты әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір – қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Қылмыстық жаза тек қана мемлекеттің атынан соттың *үкімімен* тағайындалады.

Жасалған қылмыстың ауырлығы мен қоғамдық қауіптілігіне байланысты мынадай жазаның *негізгі* түрлері қолданылады: 1) айыппұл салу; 2) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қоғамдық жұмыстарға тарту; 4) түзеу жұмыстары; 5) әскери қызмет бойынша шектеу; 6) бас бостандығын шектеу; 7) қамау; 8) тәртіптік әскери бөлімде ұстау; 9) бас бостандығынан айыру; 10) өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге сотталғандарға негізгі жазалардан басқа мынадай *қосымша жазалар*: 1) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру; 2) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Айыппұл салу және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру және қоғамдық жұмыстарға тарту жазалаудың *негізгі де, қосымша* да түрлері ретінде қолданылуы мүмкін.

Соңғы кезде бұқаралық ақпарат құралдарында көп пікірталас тудырып отырған мәселелердің бірі жазаның негізгі және ерекше түріне жататын, адамды өмірінен айыратын *өлім жазасы*. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 49-бабына сәйкес *өлім жазасы – ату жазасы* адамның өміріне қол сұғатын ерекше ауыр қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс кезінде немесе ұрыс жағдайында мемлекеттік сатқындық, бейбітшілікке және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыс және ерекше ауыр әскери қылмыстар жасағаны үшін ғана *ең ауыр жаза ретінде* қолданылуы мүмкін.

Өлім жазасы әйелдерге, сондай-ақ он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға және сот үкім шығарған сәтте алпыс бес жасқа толған еркектерге тағайындалмайды.

Қазақстан Республикасы Президенті өлім жазасын орындауға мораторий енгізген кезде, өлім жазасы туралы үкімді орындау мораторий қолданылған уақытта тоқтатыла тұрады.

Өлім жазасы туралы үкім ерте дегенде ол күшіне енген сәттен бастап бір жылдан кейін, сондай-ақ өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан соң ерте дегенде бір жыл өткеннен кейін орындалады.

Өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен жазаны ерекше режимдегі түзеу колониясында өтеу арқылы *өмір бойы бас бостандығынан айыруға* немесе *жиырма бес жыл мерзімге* бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін. Өлім жазасына кесілген адамдардың, өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылған жағдайда, олардың мораторий енгізілгенге дейін өтініш бергеніне немесе бермегеніне қарамастан, *кешірім* жасау туралы өтініш беруге құқығы бар.

Қылмыстық жауаптылықтан және жазалаудан босату. *Қылмыстық жауаптылық деп қылмыс жасаған тұлғаға қоланылатын қылмыстық – құқықтық шаралардың барлығын айтамыз. Негіз болған жағдайда, қылмыс жасаған тұлға қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан, іс-қимылда белгілі бір қылмыстың құрамы болған кезде босатылады. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылықтан босатудың 5 негізі қарастырылған:*

- 1) шын өкінуге байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап);
- 2) қажетті қорғану шегінен асқан кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (66-бап);
- 3) жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (67-бап);
- 4) жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (68-бап);
- 5) ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (69-бап).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде қылмыстық жауаптылық пен қоса *қылмыстық жаздан босату жағдайлары* да қарастырылған. Қылмыстық кодексте жазадан босатудың мынандай 8 негіздері көрсетілген:

- 1) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын – шартты түрде босату (70-бап);
- 2) жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (71-бап);
- 3) жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (72-бап);
- 4) ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (73-бап);
- 5) төтенше мән – жайлардың салдарынан жазадан босату мен жазаны өтеуді кейінге қалдыру (74-бап);
- 6) айыптау үкімінің ескіру мерзімі өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (75-бап);
- 7) рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (76-бап);
- 8) Соттылық (77-бап).

Рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату (76-бап). Рақымшылық жасау туралы актіні адамдардың жеке айқындалмаған тобы жөнінде Қазақстан Республикасының Парламенті шығарады. Қылмыс жасаған адамдар *рақымшылық* жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін. жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған адамдардан *рақымшылық жасау* туралы актімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін.

Соттылық (77-бап). Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап соттылықты жою немесе алып тастау кезіне дейін сотты болған деп есептеледі. Қылмыстық кодекске сәйкес соттылық қылмыстың әлденеше рет қайталануы, қылмысты қайталау кезінде және жаза тағайындау кезінде ескеріледі. Жазадан босатылған адам соттылығы жоқ деп танылады. Соттылық: 1) шартты түрде сотталған адамдар жөнінде – сынақ мерзімі өтуі бойынша; 2) тәртіптік әскери бөлімде ұсталу, әскери қызмет бойынша шектеу немесе қамау түрінде жазасын өтеген әскери қызметшілер жөнінде – іс жүзінде жазаны өтеу бойынша; 3) бас бостандығынан айырумен салыстырғанда жазаның неғұрлым жеңіл түріне сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін бір жыл өтуі бойынша; 4) кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өтуі бойынша; 5) ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өтуі бойынша; 6) аса ауыр қылмысы үшін сотталған адамдар жөнінде – жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өтуі бойынша жойылады.

4. Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес

Қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани – мәдени, құқықтық салаларының дамуына барынша кедергі жасайтын қауіпті құбылыстардың бірі *сыбайлас жемқорлық*. 1998 жылы 2-ші шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 2-бабы 1-тармағына сәйкес *сыбайлас жемқорлық дегеніміз* мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттілігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуын айтамыз.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы *жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану* арқылы жасалады.

12- тақырып. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Экологиялық құқық: ұғымы, пәні, әдістері, қағидаттары, жүйесі.

Экологиялық құқықтың теориялық және әдістемелілік салаларының негізгі тіректерінің бірі *ұғымдар* мен *санаттар* болып табылады. Мысалы экологиялық құқық негіздерімен оқып танысу барысында «экология», «қоршаған орта», «қоршаған ортанықорғау», «табиғи ресурстар», «табиғат пайдалану» т.б. осы сияқты атауларды кездестіруге болады. Сондықтан солардың негізгілерінің мәнін ашып, қысқаша тоқталып кетуге болады.

Экология терминін ғылымға 1866 жылы неміс биологы Эрнст Геккель (1834-1919) енгізген. *Экология* тірі организмдер мен қоршаған ортаның тығыз байланыста, қарым-қатынаста тіршілік етуі жайындағы ілім. *Қоршаған орта* – табиғи объектілердің, өзара қарым-қатынастағы атмосфералық ауаны, жердің озон қабатын, суды, топырақты, жер қойнауын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, сондай-ақ климатты қоса алғанда жиынтығы. Экологиялық мәселелердің шиеленісуіне байланысты адамзат тарапынан қоршаған ортаны қорғауды, яғни экологиялық қауіпсіздікті сақтауды талап етеді. *Экологиялық қауіпсіздік* дегеніміз жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі. Ал *қоршаған ортаны қорғау* – табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі. Қоршаған ортаның тазалығының төмендеуіне оның ластануы әсер етеді. *Қоршаған ортаның ластануы* – қоршаған ортаға ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың, радиоактивті материалдардың, өндіріс пен тұтыну қалдықтарының түсуі, сондай-ақ қоршаған ортаға шудың, тербелістің, магнитті өрістердің, және өзге де зиянды физикалық ықпалдардың әсері. Сондықтан адамзаттан табиғатты барынша тиімді, сапалы, үнемділікпен пайдалану талап етіледі. Ал *табиғатты пайдалану* дегеніміз адамның шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы. *Табиғи ресурстар* бұл қоғамның материалдық, мәдени және басқа қажеттерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаның шаруашылық және өзге қызмет процесінде пайдаланылатын өзге құрамдас бөліктері.

Экологиялық құқықтың нысаны (объектісі) қоғам мен табиғаттың өзара байланысы барысында туындайтын қоғамдық қатынастар. Экологиялық құқықтың оқытатын пәні: 1) қоршаған табиғи ортаны қорғау; 2) табиғат байлықтарын тиімді пайдалану; 3) жеке, заңды

тұлғалардың және мемлекеттің экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау барысындағы туындайтын қатынастарды оқытады. Экологиялық құқықтар *әдістер* дегеніміз нақты бір міндетті орындауға **бағынылған** шындықты, болмысты, практикалық және теориялық жағынан игерудің амал-айлаларының жиынтығы. Әдетте құқықтық нормалардың орындалуы үшін адамдардың мінез-құлығына әсер етудің *әкімшілік-құқықтық* және *азаматтық құқықтық әдістері* қолданылады. Аталған әдістер экологиялық құқық саласында да пайдаланылады.

Әкімшілік-құқықтық әдістер құқықтық қатынастардың субъектілерінің тең емес, билік етушілер мен оған бағынушалар қатынасынан туындайды (бастық, директор және бағыныштылар, полиция және құқық бұзушы).

Азаматтық құқықтық әдіс құқықтық қатынастың субъектілерінің заң алдында өзара теңдігіне негізделген (экологиялық құқық бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалардың тең жауаптылығы). Сонымен бірге *императивті* және *диспозитивті* әдістер қолданылады. *Императивті* экологиялық құқықтық қатынастарының субъектілерінің құзыретін белгілегенде оларға алдын ала көрсету, жазу, тыйым салу нормалары қолданылады. *Диспозитивтік* әдіс ол экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілері өзара ұсыныс, санкция, рұқсат беру сияқты амалдардың негізінде әрекет жасауы.

Экологиялық құқықтық қағидаттары. *Қағидат* – құқықтық –нормативтік материяның қабырғасы, негізгі бастамасы бола отырып, құқықтық реттеудің әдістернің бағытын, мақсатын, міндетін, қазіргі таңдағы экологиялық заңнамалардың мәнді сипатын, экологиялық қатынастардың дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді.

Экологиялық құқықтың мынандай *қағидаттарын* көрсетуге болады: 1) адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру; 2) Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салуатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу; 3) экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру; 4) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, табиғатты пайдаланғаны үшін кезек-кезеңмен ақы төлеуді енгізу және қоршаған ортаны қорғауға экономикалық жағынан ынталандыруды енгізу; 5) биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету; 6) қоршаған ортаны қорғау туралы заңды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы; 7) қоршаған ортаға нұқсан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау; 8) халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін - өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласында белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысуы; 9) халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық қағидаттарын сақтау негізінде жүзеге асырылады.

Экологиялық құқықтың *жүйесі жалпы* және *ерекше* деген екі бөлімнен тұрады. *Жалпы бөлім* қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы, жаһандық және ұлттық экологиялық мәселелер, табиғатты құқықтық қорғау, қоршаған ортаны қорғау, табиғат қорлары мен байлықтарын ұтымды пайдалану мен қайта өндіру ұғымдары, Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының қалыптасу тарихы, экоқұқықтық пәні, әдістері, қағидалары, экоқұқықтың деректік көздері, табиғат қорларына, байлықтарына меншік құқығы, экологиялық **падалану** мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу мен басқару, экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық – бақылау нысандары, қоршаған табиғи ортаға әсер етудің бағасы және экологиялық сараптама, экологиялық мониторинг және табиғи -қорлық кадастр, экологиялық заңнамалардың бұзылғаны үшін жауаптылық сияқты мәселелерді қарастырады.

Ерекше бөлім жерді, суды, ауаны, орманды, жер қойнауын, жануарлар, өсімдіктер дүниесін пайдалану және қорғаудың, экологиялық құқық бұзушылық және жауаптылықтың экологиялық-құқықтық тәртіптерін оқытады.

Экологиялық мәселелер: түрлері, шешу жолдары

Бүгінгі таңда адамзат табиғатты игеруде, ғылым мен техниканың дамуында ғаламат табыстарға жетті. Екінші жағынан өркениеттің дамуымен қатар биосфераның тұрақсыздануы және қоршаған ортаның, табиғи жүйелердің тозу қаупі туындап отыр. Соның салдарынан барынша шиеленіскен *жаһандық, ұлттық және жергілікті экомәселелер* қалыптасты. Оларды шешуге тек қана қазақстандықтардың ғана емес, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту жолымен қол жеткізіледі.

Экологиялық мәселелер. Жаһандық экологиялық мәселелер: 1. Климаттың өзгеруі; 2. Озон қабатының бұзылуы; 3. Биоәртүрлілікті сақтау (өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің әртүрлілігін); 4. Жердің шөлейттенуі және тозуы.

Ұлттық экологиялық мәселелер: 1. Семей, Арал; 2. Каспий теңізі қайраңының ресурстарын қарқынды игерумен байланысты мәселелер; 3. Су ресурстарының сарқылуы және ластануы; 4. Байырғы ластанулар; 5. Траншекаралық сипаттағы мәселелер; 6. Әскери-ғарыш және сынақ кешендері полигондарының әсері.

Жергілікті экологиялық мәселелер: 1. Әуе бассейнінің ластануы; 2. Радиоактивті ластану; 4. Химиялық ластану; 5. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар; 6) Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.

Ұлттық экологиялық мәселелер: 1. Экологиялық апат аймақтары (Семей, Арал). Табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуы, флора мен фаунаның тозуы орын алған және қойсыз экологиялық ахуал салдарынан халықтың денсаулығына елеулі зиян келтірілген Арал және Семей өңірлері *экологиялық апат аймақтары* болып жарияланды. Экологиялық апат аймақтары елдің ішкі қауіпсіздігіне нақтылы қатер болып табылады.

Қазіргі уақытта бұрынғы *Семей полигонына* шектес аудандарда (71,9 мың халқы бар 85 елді мекен) онкологиялық аурулардың және адамдар өлімінің, қан айналымы жүйесі ауруларының, жаңа туған сәбилер арасындағы кеселдердің және ерте қартаю көрінісінің жоғары деңгейі байқалуда. *Арал өңірі* экологиялық апат аймағында (186,3 мың халқы бар 178 елді мекен) әсіресе әйелдер және балалар арасында асқазан-ішек аурулары мен қан аздығы, балалардың шетінеуі мен туа біткен патологияның жоғары деңгейі байқалуда. 1960 жылдан бастап Арал теңізі деңгейі 17 метрге, көлемі 75 пайызға кеміген. Теңіз өзінің бұрынғы жағасынан 100-150 шақырым кетіп, 33 мың шаршы шақырым жағалау жалаңаштанған. Кейбір мәліметтерге қарағанда жыл сайын Аралдан желдің күшімен 100 тоннаға дейін тұз ұшып, Еуропаға, Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жеткен.

Елдің ішкі қауіпсіздігіне қатерді жою мақсатында экологиялық апат аймақтарында халықтың тұруының әлеуметтік-экономикалық және экологиялық жағдайын кешенді талдау жөнінде іс-шаралар жүргізу, оның сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілуіне баға беру, экологиялық талаптарды әзірлеу және аумақтарды экологиялық бағалау мен ядролық сынақтар және өзге де факторлардың халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерінің салдарын ескере отырып, сауықтыру-оңалту іс-шараларын жүзеге асыру қажет. 2007 жылға дейін халықтың ішкі көші-қоны және экологиялық апат аймақтарының аумақтарын шаруашылыққа пайдалану бағдарламасы әзірленуі қажет.

Экологиялық заңдар

Экологиялық құқықтық нормативтік актілердің ішінде халықаралық құқықтық нормативтік актілер ерекше орын алады. Олар ҚР заңдарынан заңдық күші жағынан жоғары. ҚР Конституциясының 4-бабы 3-тармағында «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қоданылады» делінген. *ҚР Конституциясының 6-бабы 3-тармағы:* «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, бсқа да табиғи ресурстар мемлекет

меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін». ҚР Конституциясының 31-бабы 1-тармағы: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды». ҚР Конституциясының 38-бабы: «ҚР азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті». Адамдар өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

Егемендік пен Тәуелсіздік жарияланған уақыттан бастап ҚР-да қоғамдық дамуда елеулі өзгерістер болды. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды. Мысалы, 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптамалар туралы», Заңдар, ал 2002 жылы «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заң қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» (1996 жыл) және «Мұнай туралы» (1995 жыл) заң күші бар Жарлықтары, 2003 жылы – Орман, Су және Жер кодекстері қабылданды. Заңға тәуелді қажетті нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі әзірленіп, бекітілді.

Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы заңды жауаптылық

Заңды жауаптылық дегеніміз құқыққа қарсы жасаған әрекеті үшін құқық бұзушыға қолданылатын, белгілі бір мүліктік және жеке сипаттағы зиян шектіретін мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы заңды жауаптылық дегеніміз мемлекеттің қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы құзыретті, құқық қорғау органдары және басқа да құзыретті субъектілер мен экологиялық құқық бұзушының арасындағы сол бұзушыға жаза қолдану жөніндегі қарым-қатынас.

Тәртіптік жауаптылық. Тәртіптік жауаптылық еңбек саласы, қызмет бабы, лауазым дәрежесімен тығыз байланысты. Экологиялық құқық бұзушылық, немесе қоршаған ортаға бағытталған теріс қылығы үшін қызметкерге жаза түрінде қолданылатын санкцияны тәртіптік жауаптылық дейміз. Сондықтан тәртіптік теріс қылық деп қызметкердің кінәсінен оған жүктелген қызметтік міндеттердің дұрыс орындалмауын не мүлде орындалмауын айтамыз. Сондықтан, жұмыс беруші қызметкерге қызмет, шарт бойынша өзінің қоршаған ортаға байланысты қызметтік міндетін орындамағаны үшін оған тәртіптік жазалар қоданылады. ҚР 1999 жылғы 10 желтоқсандағы «Еңбек туралы» Заңының 94-бабына сәйкес тәртіптік жазалардың 4-түрі қоданылды: 1) ескерту жасау; 2) сөгіс беру; 2-1) қатаң сөгіс беру; 3) осы Заңның 26-бабының 9)-12) тармақшаларына сәйкес жеке еңбек шартын бұзу.

Егер экология саласында теріс қылық жасаушы мемлекеттік қызметкер болса, 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызметкер туралы» Заңның 28-бабына сәйкес төмендегідей тәртіптік жазалар қоданылады: 1) ескерту жасау; 2) сөгіс беру; 3) қатаң сөгіс беру; 4) қызметіне толық емес сәйкес келетіндігі туралы ескерту; 5) қызметінен босату.

Тәртіптік жаза қолдану үшін қызметкерден міндетті түрде жазбаша түсініктеме алынады. Жаза тағайындау туралы бұйрық қызметкерден қолхат алу арқылы жарияланады. Жаза 1 ай өтпей тағайындалады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін материалды жауаптылық. Қоршаған ортаға келтірілген зиян, әсіресе мүліктік нұқсанды қызметкер белгіленген мөлшерде және тәртіп бойынша орнына толтыру керек. Материалды жауаптылықтың: толық және шектелген сияқты екі түрі бар. Толық материалды жауаптылық егер қызметкерге толық материалды жауаптылық міндеттелсе, ішімдіктің, нашаның әсерімен жасаса, тікелей оның кінәсі бойынша қоршаған ортаға зиян, нұқсан келтірілсе, егер кәсіпорын сотқа шағымданған жағдайда сот шешімімен тағайындалады.

Шектелген материалдық жауаптылық кәсіпорын басшысының шешуімен, айлық орташа еңбекақы көлемінен аспайды.

Ұжымдық материалдық жауаптылық әрбір қызметкердің материалды жауаптылығын анықтау мүмкін болмаған және жазбаша шарт ұжыммен жасалғанда қолданылады.

Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы әкімшілік жауаптылық. (ҚР ӘК, 30.01.01.) Жеке адамның әкімшілік жауаптылық көздеген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі *әкімшілік құқық бұзушылық* деп танылады.

Әкімшілік экологиялық құқық бұзушылық деп экологиялық құқықтық тәртіпке, халықтың өміріне, денсаулығына, экологиялық қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға нақты қауіп төндіретін, әкімшілік жауаптылық қарастырылған құқыққа қарсы, кінәлі әрекетті не әрекетсіздікті айтамыз. Әкімшілік кодекс бойынша әкімшілік жауаптылыққа 16 жасқа толған азаматтар тартылады. ҚР Әкімшілік кодекстің 45-бабына сәйкес экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазаның 10 түрі қолданылады: 1) ескерту жасау; 2) әкімшілік айыппұл салу; 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған **затты** өтемін төлеп алып қою; 4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістерді, ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу; 5) арнаулы құқықтан айыру; 6) лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру немесе оған тыйым салу; 8) өз бетімен салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау; 9) әкімшілік қамауға алу; 10) шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы қылмыстық жауаптылық. Адамның өмірі қоршаған ортаның, ауаның, судың, топырақтың тазалығына, тағамдардың сапасына тікелей байланысты. ҚР ҚК-нің 2-бабында көрсетілгендей Қылмыстық кодекстің *міндеттеріне* адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, меншікті ұйымдардың құқықтар мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті, ҚР конституциялық құрылысы мен аумақтық тұтастығын, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігін және *қоршаған ортаны қорғау* жатады.

ҚР Қылмыстық кодекстің 39-бабына сәйкес экологиялық қылмыс жасалғаны үшін төмендегідей *жазалар* тағайындалады: а) айыппұл салу; б) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру; в) қоғамдық жұмыстарға тарту; г) түзеу жұмыстары; д) әскери қызмет бойынша шектеу; е) бас бостандығын шектеу; ж) қамау; з) тәртіптік әскери бөлімде ұстау; и) бас бостандығынан айыру; к) өлім жазасы қолданылуы мүмкін. Сотталғандарға *негізгі* жазалардан басқа мынадай *қосымша* жазалар: а) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру; б) мүлкін тәркілеу қолданылуы мүмкін.

Экологиялық құқық бұзушылыққа қарсы азаматтық-құқықтық жауаптылық. Оның мәнісі: нұқсан келтірген субъектілер жәберленуші жаққа мүлікті және моральды келтірілеген шығынның орнын толтырады. Азаматтық-құқықтық жауаптылықтың ерекшелігі, ол құқық бұзушыға тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жазалармен қатар қолданылатындығында және келтірілген экологиялық *зиян* үшін *өтем*, *өтемақы* төленуінде. *Өтем заттай* және *ақшалай* өтелуі мүмкін. *Заттай өтеу* дегеніміз, егер жер бұзылып, оған зиян келтірілсе, оның өзінің бұзылмай тұрғанға дейінгі бастапқы қалпына келтіруді айтуға болады.

13 тақырып. Жер құқығының негіздері

Жер – табиғаттың берген сыйы ретінде, адам қоғамының пайда болуына дейін болған.

Жер – тұтастай алғандағы адамзат үшін қажетті және басты материалдық ресурс болып табылады. Аталған бұл термин көп қырлы болып табылады және бірнеше мағынада қолданылады:

1. Жер кең мағынада алғанда Жер шары ретінде түсініледі.
2. Жер адамның өмір сүретін ортасы және табиғи байлықтардан, жер бедерінен, ландшафттардан құралатын Жер шарының қабаты ретінде.

3. Жер жер құқығының реттеу пәні ретінде. Бұл тұста біз жер деген түсініктің астарынан табиғи ресурстарды, ауыл және орман шаруашылық өндірістерінің басты өндіріс құралы, құрылыстар, құрылымдар және басқа да объектілер салу үшін қажет болып табылатын кеңістіктің базис деген мағыналарды көре аламыз.

Құқық саласы ретінде жер құқығы дегеніміз – жерді пайдалану мен қорғаумен, жерді жеке меншікке және жер пайдалану құқығына берумен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған құқық нормаларының жиынтығы.

Ғылым саласы ретінде жер құқығы дегеніміз – көптеген ғылыми теориялардың, тұжырымдардың, ой-пікірлерінің және әртүрлі ғылыми көзқарастардың жиынтығы болып табылады.

Оқу пәні ретінде жер құқығы - дәрістік және тәжірибелік сабақтардың жиынтығы, яғни, жер құқығы ғылымының негізгі ережелерінің белгіленген жүйе бойынша мазмұндалуы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 14-тармағына сәйкес, жер дегеніміз – Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез-келген еңбек процесінің аумақтық негізі. Осы анықтамаға сәйкес, жердің күнделікті өмірде атқаратын қызметі мен ролін анықтап алуға болады:

1. Жердің саяси-құқықтық қызметі. Яғни, мемлекетіміздің егемендігі белгіленген шекара шегіндегі, Қазақстан халқының тұрғылықты тұрақты мекені;

2. Жердің экологиялық қызметі. Яғни, жер қоршаған ортаның құрамдас және ажырамас бөлігі, табиғи ресурс;

3. Жердің экономикалық қызметі. Яғни, жер жылжымайтын мүлік ретінде танылып, азаматтық айналымның объектісі ретінде елдің байлығы байлығы.

Жердің әлеуметтік қызметі. Жер адамдардың өмір сүру негізі және еңбек процесінің аумақтық негізі болып табылады.

2 Жер құқығының пәні. Жер құқық қатынастары: түсінігі, объектісі, субъектісі және түрлері

Жер құқық қатынастары дегеніміз – жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға, жекелеген субъектілерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі қатынастар болып табылады.

Жер қоры Қазақстан аумағының барлық жерлерінің жиынтығы. Қазіргі жер қоры жеті санатқа бөлінеді:

1. ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлер;
2. елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
3. өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер;

4. ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;

5. орман қорының жері;

6. су қорының жері;

7. босалқы жері;

Жер учаскесі дегеніміз – белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілген тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 12-бап 13-тармағы).

Жер учаскесінің мынадай белгілері бар:

Біріншіден, тұрақты белгілі бір аумақта орналасқан жердің бір бөлігі;

Екіншіден, тұйықталған шекарасының болуы;

Үшіншіден, заңда белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетіндігі;

Төртіншіден, жер учаскесіне құқықтарды растайтын арнайы құжаттарының болуы. Мысалы, жер учаскесіне жеке меншіктің мемлекеттік актісі т.б.

Жер құқық қатынастарының субъектілері дегеніміз – жер құқығы қатынастарына қатысушылар болып табылатын және соған орай құқықтары бар әрі осы құқық қатынасында міндеттер атқаратын жеке және заңды тұлғалар, мемлекет. Мысалы: мемлекеттік органдар, жердің меншік иелері, жер пайдаланушылар, қазақстандық тұлғалар, шетелдік тұлғалар, халықаралық ұйымдар және т.б.

Жер құқық қатынастарының мазмұны дегеніміз – жер құқық қатынастарына қатысушылардың заңдармен белгіленген немесе реттелген құқықтары мен міндеттері.

Жер құқығының әдістері дегеніміз – жер қатынастарын реттейтін, яғни, жер құқық қатынастары субъектілеріне әсер ету амалдары мен тәсілдерінің жиынтығы. Жер құқығының әдістері екі түрге бөлінеді: императивті және диспозитивті.

Жер құқығының императивті әдістері – билік пен бағыныштылыққа негізделген, міндетті қатысушысы мемлекет немесе мемлекет мүддесін білдіретін билік органдары болады. Императивті әдістер жер ресурстарын мемлекеттік басқару саласында, мемлекеттік басқару функциясын жүзеге асырудың тәртібін анықтауда, жер учаскесінің шекті мөлшерін анықтауда, жер учаскесін тек нысаналы мақсатта пайдалану шектеулерін белгілегенде, т.б. жағдайларда қолданылады.

Жер құқығының диспозитивті әдістері – жер құқық қатынастары қатысушыларының теңдігіне, шарт еркіндігіне негізделген. Бұл әдістер жерге жеке меншік құқығын жүзеге асыру саласында және жерде дербес шаруашылық жүргізуде қолданылады. Яғни, жер құқық қатынастары қатысушыларына жер учаскесіне қатысты өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жер құқығының жүйесі дегеніміз - өзара тығыз байланысты жер құқық институттарының жиынтығы. Өзге құқық салалары сияқты жер құқығының жүйесі келесі бөлімдерден тұрады: жалпы бөлім, ерекше бөлім және арнайы бөлім.

Жалпы бөлімде жалпы ережелер, яғни жер құқығының түсінігі, пәні, әдістері, қағидалары, қайнар көздері қарастырылған. Сонымен бірге, жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, жер қатынастарын мемлекеттік реттеу және жер заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік мәселелері көрініс тапқан.

Жер құқығының ерекше бөлімінде жер қорының жекелеген санаттарының құқықтық режимі мен оларды қорғау жағдайлары қарастырылған. Атап айтсақ, ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлердің құқықтық режимі, елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жерінің құқықтық режимі, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауылшаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің құқықтық режимі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлердің құқықтық режимі, орман қорының жері, су қорының жері, босалқы жерлердің құқықтық режимі.

Арнайы бөлім шетелдердің жер заңдарын зерттейді. Шетел мемлекеттерінің, Қазақстан жерін пайдалану мәселелерін, халықаралық шарттармен реттелетін жерді жалдау қатынастарын және жерді халықаралық қорғау және жер қатынастары саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелерін зерттейді.

Жер құқығының қағидалары

Жер құқығының қағидалары дегеніміз – жер құқық қатынастарын реттеуде басшылыққа алынатын негізгі заңды түрде бекітілген бастамалар жиынтығы.

Жер кодексінің 4-бабында жер қатынастарын құқықтық реттеудің қағидалары аталған:

Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі;

- Жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;

- Жерді қорғау және ұтымды пайдалану;
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- Жерді нысаналы пайдалану;
- Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің басымдығы;
- Жердің жай-күйі және оған қол жетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс шараларды мемлекеттік қолдау;
- Жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою;
- Жерді ақылы пайдалану.

1. Жер құқығының қайнар көздерінің түсінігі және белгілері

Жер құқығының қайнар көздері дегеніміз – жер құқығы қатынастарын реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық келісім шарттардың жиынтығы болып табылады.

Белгілері:

- Жер қатынастары саласындағы мемлекеттің саясатын жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған;
- Жер қатынастарын реттеуге бағытталған;
- Бірнеше рет қолданылады;
- Жер құқық қатынастары субъектілерімен орындалуға міндетті болып табылады.

Жерге меншік құқығының түсінігі және түрлері

жерге меншік құқығы кез-келген өзге мүлікке меншік құқығы сияқты шексіз емес. Жерге меншік құқығы деген ұғымды екі түрлі, объективтік және субъективтік мағынада қарастыруға болады.

Объективтік мағынада: Бұл ұғым жерге меншік құқығын жүзеге асырумен туындайтын қатынастарды реттеуге бағытталған құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады. Бұл нормалар Қазақстан Республикасының көптеген заңнамаларында орын тапқан. Мәселен, Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Азаматтық кодексі т.б.

Субъективтік мағынада: Бұл ұғым тұлғаның өзіне тиесілі жер учаскесін заңда көрсетілген тәртіп пен шарттарды иелену, пайдалану және билік ету құқығын білдіреді. Жерге меншік құқығының мазмұнын иелену, пайдалану және билік ету құқығы құрайды.

Жер учаскесін иелену құқығы дегеніміз – заңда қарастырылған шекте меншік иесінің іс жүзінде жер учаскесін иемдену құқығы. Мысалы: жер учаскесін қоршап алуы, жер учаскесіне меншік құқығын куәландыратын құжаттарды дайындауы т.б.

Жер учаскесін пайдалану құқығы дегеніміз – жер меншік иесінің өзінің шаруашылық және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жер учаскесінің пайдалы қасиеттерін алуды жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Мысалы: жер учаскесіне дәнді-дақылдар егіп, өнімге меншік құқығын жүзеге асыруы, жер учаскесінде тұрғын үй құрылысын жүргізуі, мемлекеттік салық органдарының жер учаскесіне салық жинап алуы т.б.

Жер учаскесіне билік ету құқығы дегеніміз – меншік иесінің заңда рұқсат берілген шекте өзіне тиесілі жер учаскесінің заңды тағдырын шешу құқығы. Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына сәйкес, жер заңда көзделген шектер мен тәртіпте жеке меншікте болуы мүмкін. Жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей қорғалуы Жер кодексінде де бекітілген. Демек, жерге меншік құқығы екі түрлі нысанда болады. Олар: Жерге мемлекеттік меншік және жерге жеке меншік.

Жерге мемлекеттік меншік құқығы – мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы өзіне тиесілі жер учаскелерін заңда көрсетілген талаптар мен шарттар негізінде иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып танылады.

Мемлекеттік меншік құқығының объектілері болып жеке меншікке берілмеген жерлердің барлығы табылады. Мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге

берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының жер учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады.

Жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі – яғни меншік иелері. Республикалық меншіктегі жерлерге билікті Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады. Ал жергілікті меншіктегі жерлерге билікті жер учаскесі орналасқан жердегі жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Жерге жеке меншік құқығы – жеке тұлғаның немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаның өзіне тиесілі жер учаскесін заңда көрсетілген шарттар мен шектерде иелену, пайдалану және билік ету құқығы болып танылады.

Қазақстанда жерге жеке меншік құқығы шектеулі нысанда жүзеге асырылады:

1. Қазақстанның азаматтарына алты жағдайда ғана беріледі. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер келесі жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтарының жеке меншігінде болуы мүмкін:

- Шаруа \фермер\ қожалығын жүргізу үшін;
- Өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу үшін;
- Орман өсіру үшін;
- Жеке тұрғын үй құрылысы үшін;
- Саяжай құрылысы үшін;

Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері;

2. Қазақстанның заңды тұлғаларына үш жағдайда беріледі.

- Ауыл шаруашылық тауарлы өндірісін жүргізу үшін берілуі мүмкін
- Орман өсіру үшін;
- Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері.

3. Шетелдік тұлғаларға бір ғана жағдайда. Үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері.

Жерге жеке меншік құқығының объектілері болып Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген тәртіпке сәйкес елді мекендер, ауыл шаруашылық мақсатындағы, орман және су қорларының жерлері табылады.

Жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі – азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл ретте, егер жер заңдарында өзгеше белгіленбесе, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады. Қазақстан Республикасының Жер кодексі заңды күшіне енгенге дейін шетел азаматтары, шетел заңды тұлғалары және азаматтығы жоқ адамдар жерге жеке меншік иесі болып табылмайтын. Қазіргі кезде жер заңнамасын саралау нәтижесінде аталған тұлғалардың жеке меншік құқығында үйлерді \құрылыстар мен ғимараттарды\ олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлерді және олардың кешендерін салу үшін немесе олар салынған жер учаскелері бола алатыны анықталды.

Жер учаскесі деп – заңда белгіленген тәртіппен жер қатынастары субъектілеріне бекітіліп берілетін тұйық шекара ішіндегі бөлінген жер бөлігі.

Жер учаскесінің белгілері мынадай:

1. Тұрақты орналасқандығы;

2. Белгілі шекарада орналасқандығы;

3. Учаскеге құқығы бар екендігін растайтын құжаттың болуы. Жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар дегеніміз – осылардың негізінде азаматтар мен заңды тұлғалардың жер учаскесіне тиісті құқықтары (жеке меншік құқығы, жер пайдалану құқығы, сервитуттар және жер учаскесіне өзге де заттық құқықтар) туындайтын құжаттар. Құқық белгілейтін құжаттарға атқарушы органдардың жер учаскесіне құқық беру туралы құқықтық актілері, сатып алу-сату шарттары (айырбастау, сыйға тарту немесе жер учаскесін иеліктен шығару туралы өзге мәмілелер) және сот органдарының жер учаскесіне жеке меншік құқығын, жер пайдалану құқығын және жерге өзге заттық құқықтарды тану туралы шешімдері жатады.

Жер пайдалану құқығы дегеніміз – тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі немесе өтеусіз негізде мерзімсіз немесе белгілі бір мезгіл ішінде иелену және пайдалану құқығы.

Жер пайдалану құқығының мынандай түрлері бар:

1. Тұрақты жер пайдалану құқығы;
2. Уақытша жер пайдалану құқығы;
3. Өтеулі жер пайдалану құқығы;
4. Өтеусіз жер пайдалану құқығы;
5. Иеліктен шығарылатын жер пайдалану құқығы;
6. Иеліктен шығарылмайтын жер пайдалану құқығы.

Тұрақты жер пайдалану деп жерді алдын ала мерзімін белгілемей отырып пайдалану болып табылады. Тұрақты пайдалануға тек мемлекеттік тұлғаларға ғана беріледі. Бұл Жер кодексінің 34-бабында көрсетілген. Жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен мынадай мемлекеттік жер пайдаланушыларға:

1) кондоминиум объектілеріндегі үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды), үй-жайларды шаруашылық жүргізу құқығымен немесе оралымды басқару құқығымен иеленетін заңды тұлғаларға;

2) ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын заңды тұлғаларға;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерінде жер пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға беріледі. Сонымен қатар, тұрақты жер пайдалану құқығы шетелдік жер пайдаланушыларға тиесілі болмайды.

Уақытша жер пайдалану құқығы алдын ала мерзімін белгілей отырып пайдалану. Уақытша жер пайдалану құқығы екі түрге бөлінеді:

1. Қысқа мерзімді, ол бес жылға дейін пайдалану;
2. Ұзақ мерзімді, ол бес жылдан қырық тоғыз жылға дейін.

Уақытша жер пайдалану құқығын табыстау мерзімдері жер учаскесіне берілетін құқықты, оның нысаналы мақсатын және аумақты аймақтарға бөлуді ескере отырып белгіленеді.

Өтеулі жер пайдалану құқығы дегеніміз – жер пайдалану құқығы мемлекеттен сатып алынатындығын білдіреді. Жер учаскесіне уақытша өтеулі (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығы азаматтарға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарға табысталуы мүмкін. Жер кодексіне сәйкес, жер учаскесін жеке меншікке сатып алудың төрт түрлі жағдайы көрініс тапқан. Олар:

- Біріншіден, жерді жер учаскесінің кадастрлық бағалау құнына сәйкес сатып алу;
- Екіншіден, жер учаскесін кадастрлық бағалау құнына сәйкес, сатып алу сомасын төлеу мерзімін он жылға дейін ұзарту арқылы;
- Үшіншіден, жер учаскесінің кадастрлық құнына қарай айқындалатын жеңілдікті бағамен;
- Төртіншіден, жер учаскесінің кадастрлық құнына қарай айқындалатын жеңілдікті бағамен сатып алу сомасын төлеу мерзімін он жылға дейін созыру арқылы сатып ала алады.

Өтеусіз жер пайдалану құқығы, керісінше мемлекеттен сатып алынбайтынын білдіреді. Оларға мыналар жатады:

- шалғайдағы мал шаруашылығы, маусымдық жайылымдар үшін;

- тұрғын халықтың мал жаю мен шөп шабуы үшін ;
- мемлекеттік жер пайдаланушыларға;
- бақша өсіру үшін;
- қызметтік жер телімі;
- ортақ пайдаланатын жолдарды салу, мемлекеттік меншігі және әлеуметтік мәдени мақсаттағы объектілер құрылысы кезеңіне;
- тозған және бүлінген жерлерді қалпына келтіру кезінде;
- ҚР заңдарында белгіленген тәртіппен үйлерді және ғимараттарды уақытша өтеусіз пайдалануға берілген кезде,
- Ғибадат объектілері үшін діни объектілер;

Иеліктен шығарылатын жер пайдалану құқығы дегеніміз - оның иесі өзіне тиесілі жер учаскесін заңды тағдырын шешуге құқығы бар жағдайдағы пайдалану.

Иеліктен шығарылмайтын жер пайдалану құқығы дегеніміз - оның иесі өзіне тиесілі жер учаскесін заңды тағдырын шешуге құқығы болмайтын жағдайдағы пайдалану құқығы.

Жер пайдалану құқығының субъектілері және олардың түрлері.

Жер пайдалану құқығының субъектілері бірнеше топқа бөлінеді:

1. жеке және заңды тұлғалар.
2. ұлттық және шетелдік тұлғалар. Ұлттық жер пайдаланушыларға мыналар жатады: ҚР азаматтары, ҚР заңды тұлғалары, шетелдік қатысуы бар ҚР заңды тұлғалары; ал енді шетелдік жер пайдаланушыларға келесі тұлғалар жатады: Шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, шетел мемлекеттері, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер.

мемлекеттік және мемлекеттік емес тұлғалар. Мемлекеттік жер пайдаланушыларға: Мемлекеттік заңды тұлғалар жатады. Мемлекеттік емес тұлғаларға: Азаматтар, мемлекеттік емес заңды тұлғалар, кәсіпкерлер жатады.

3. тұрақты және уақытша жер пайдаланушылар

4. бастапқы және кейінгі жер пайдаланушылар Бастапқы жер пайдаланушыларға: Жерді тікелей мемлекеттен немесе басқа бастапқы жер пайдаланушыдан тәртібі арқылы алған тұлғалар болып табылады. Кейінгі жер пайдалануда бастапқы жер пайдаланушы өзінің биліктік мәртебесін сақтап отырады. Ал кейінгі жер пайдаланушылардың құқықтары бастапқы жер пайдаланушылармен шектеліп отыруы мүмкін.

Жерге меншік немесе пайдалану құқығы:

- 1) меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау;
- 2) меншік немесе жер пайдалану құқығын беру;
- 3) меншік немесе жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) арқылы туындайды.

Меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Меншік немесе жер пайдалану құқығы:

- 1) мемлекеттік органдар актілерінің;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды.

Жерге меншік және басқа да құқықтар келесі негіздер арқылы пайда болу мүмкін:

1. Меншік немесе жер пайдалану құқығын табыстау. **Табыстау** дегеніміз – жерді тұлғаға тікелей мемлекет арқылы беруін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау атқарушы органның жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзыретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі.

2. Меншік немесе жер пайдалану құқығын беру; **Беру** дегеніміз - тұлғаға жерге құқықтың басқа бір тұлғамен азаматтық құқықтық мәміле арқылы беруін білдіреді.

3. Әмбебап, мирасқорлық тәртібі арқылы ауысуы. **Әмбебап, мирасқорлық** дегеніміз - жерге құқықтың мұрагерлік арқылы пайда болуын білдіреді. Мысалы: мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы, т.б.

14- тақырып. Қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы

Қоғам мен азаматтардың мүдделерін қылмыстық қиянаттардан қорғау және құқықтық тәртіпті нығайту үшін мемлекет жүзеге асыратын шараларды орындауда басты роль атқаратын құқық қорғау органдары (прокуратура, алдын-ала тергеу және анықтау жүргізетін органдар) мен сот болып табылады. Бұл мемлекеттік органдардың қызметтері бір-бірімен байланысты болса да, олардың өкілеттіктері бірдей емес. Мысалы, алдын ала тергеу органы істелген қылмысты ашып, оны істеген адамды әшкерелейтін дәлелдемелер жинағанның өзінде айыпталушының кінәлігі жөніндегі мәселелерді шешуге және оған жаза тағайындауға өкілетті емес. Яғни, заңмен орнатылған тәртіп бойынша, алдын ала тергеу жүргізу аяқталған соң қылмыстық іс заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокурорға жіберіледі. Ал, прокурор тергеу органдарының жасаған тұжырымдарымен келіскен жағдайда бұл қылмыстық істі тиісті сотқа жіберуге міндетті. Содан кейін сот алдын ала тергеу жүргізу барысында жинақталған дәлелдемелердің және айыптаушы мен қорғаушы жақтарының келтірген дәлелдемелерінің негізінде сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігі және оған жаза қолдану немесе қолданбау жөнінде шешім шығарады. Сөйтіп, бұл қызмет тек қана заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады және қылмыс жөнінде заңды қолданумен байланысты болғандықтан *қылмыстық процес*, яғни *қылмыстық іс жүргізу* деп аталады.

Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында сот әділдігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттарда қаралатын істердің көпшілігі азаматтық істер болып табылады. Бұлар-азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, қаржы, салық және ведомствалық бағыныстағы соттардың қарастылуына жатқызылған басқа да құқық қатынастарынан туындайтын даулар.

Азаматтық істерді қарау мен шешу тәртібі азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңдармен белгіленеді. *Азаматтық іс жүргізу құқығы* – мемлекет белгілеген құқықтық нормалардың соттардың азаматтық істерді қарау және шешу тәртібін, басқаша айтқанда, азаматтық істер бойынша сот әділдігін сондай-ақ сот қаулыларын мәжбүрлеп орындау тәртібін реттейтін жиынтығы немесе жүйесі.

Азаматтық іс жүргізу құқығы жеке, дербес құқық болып табылады, оның да дербес нысанасы және реттеу әдісі бар. Азаматтық іс жүргізу құқығының реттейтін нысанасы сот пен іс жүргізуге қатысушы тұлғалар, яғни азаматтық сот ісін жүргізуге қатысушылар арасында туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Қылмыстық іс жүргізу бірнеше кезеңдерге бөлінеді. Олар қылмыстық іс жүргізудің сатылары деп аталады. Ол сатылар былайша аталады: 1) қылмыстық іс қозғау; 2) қылмыстарды алдын ала тергеу; 3) басты сот талқылауын тағайындау; 4) басты сот талқылауы; 5) апелляциялық саты сотында іс жүргізу; 6) үкімді орындау. Бұл аталғандар қылмыстық іс жүргізудің негізгі сатыларына жатады, яғни, жалпы ереже бойынша, әр қылмыстық іс осы сатылардан өтеді. Аталған сатыларды қылмыстық іс жүргізудің жеке кезеңдері деп түсінуге болады және олардың әрқайсысының өзіне тән міндеттері мен ерекшеліктері бар.

Қылмыстық іс қозғау сатысы. Әр қылмыс бойынша іс жүргізу осы сатыдан басталады. Бұл сатының мәні - өкілетті органдар, олардың лауазымды адамдары қылмыстық белгілері ашылған әр кезде іс жүргізуді бастау туралы тез арада шешім шығарулары қажет. Қылмыстық іс қозғау туралы шешім ғана одан әрі қылмыстық іс жүргізу қызметі толық көлемде атқарылады, яғни алдын ала тергеу немесе анықтама жүргізу арқылы істелген қылмыстың мән-жайларын ашу мүмкін болады. Қылмыстық іс қозғау өкілеттігі прокурорға және алдын ала тергеу жүргізу органдарына (тергеуші, анықтау органдары) берілген.

Қылмыстарды алдын ала тергеу сатысы. Бұл-әр қылмысты тез және толық ашып, айыпты адамды қылмыстық жауапқа тарту мақсатында қолданылатын және заңмен реттеген

тергеуші мен анықтау органдарының қызмет жүйесі болып табылады. Қылмыстарды тергеу екі түрде жүзеге асырылады 1) анықтау; 2) алдын ала тергеу.

Алдын ала тергеу және анықтау қызметі тергеу әрекеттерін (тінту, жауап алу, зат алу және т.б) қолдану арқылы жүргізіледі. Анықтау органдары тергеу әрекеттерімен қатар жедел іздестіру шараларын да қолданып қылмысты ашады. Алдын ала тергеу жүргізу айыпталушы ретінде жауапқа тартумен аяқталмайды. Бұдан әрі қарай істелген қылмыстың мән-жайын толық және жан-жақты ашып зерттеу тергеу органдарының міндеттеріне жатады.

Басты сот талқылауын тағайындау сатысы. қылмыстық іс айыптау қорытындысымен 1-сатының сотына келіп түскен соң іс жүргізудің жаңа сатысы басталады. Бұл кезде соттың төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша басқа судья істі осы сотта қарауға қабылдау мәселесін шешеді. Ол үшін судья қылмыстық істің материалдарымен мұқият, толық көлемде оқып танысуы қажет. Егер де алдын ала тергеу және анықтау жүргізу кезінде қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелер істі сот отырысында қарап шешуге жеткілікті болса, онда судья басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады. Бұдан кейін осы қаулыға сәйкес басты сот талқылауы жүргізіледі.

Басты сот талқылауы. Бұл сатыда алдын ала тергеу немесе анықтау жүргізу кезінде жиналған және айыптаушы мен қорғаушы жақтары ұсынған дәлелдемелер жан-жақты зерттеліп, соның негізінде қылмыстық іс бойынша сот төрелігі жүзеге асырылады. Ал басты сот талқылауының өзі бес бөлімнен тұрады: 1) дайындық бөлімі; 2) сот тергеуі; 3) соттағы сөзжарыстар; 4) сотталушының соңғы сөзі; 5) үкім шығару.

Апелляциялық тәртіппен істерді қарау. Бұл сатының негізгі мақсаты – заңды күшіне енбеген бірінші сатының соттары шығарған үкімдер мен қаулылардың дұрыстығын (заңдылығын, дәлелдігін) екінші саты сотының тез арада тексеріп, онда қателіктер жіберілген болса, ол қателіктерді уақытында жою болып табылады. Апелляциялық шағымды немесе наразылықты сот үкімдеріне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының үкімдерін қоспағанда, үкім жарияланған күннен бастап он тәулік ішінде беруге болады. Егерде үкімге апелляциялық шағым берілген болса, онда іс міндетті түрде апелляциялық сатының сотында қаралуы тиіс. Азаматтық іс жүргізу құқығының деректемелері азаматтық істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормалар баянды етілген нормативтік актілер болып табылады. Азаматтық іс жүргізу құқығының аса маңызды деректемесі 1999 жылы 13 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі болып табылады. Онда азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу егжей-тегжей регламенттелген. Азаматтық іс жүргізу кодексі жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы білімге азаматтық процестің барлық түрлері мен сатыларына қатысты нормалар енгізілген.

Құқықтың осы саласының нормалары “Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі” туралы 1995 жылдың 20 желтоқсанындағы конституциялық заң күші бар Жарлығында, “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы” туралы 1995 жылдың 21 желтоқсанындағы заң күші бар Жарлығында “Мемлекеттік баж туралы “Заң мен басқа заңдарда баянды етілген.

Азаматтық іс жүргізу құқығының деректемелері арасында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Пленумының түсіндірмелері ерекше орын алады. Ғылымда бір авторлар басшылыққа алынатын түсіндірмелер нормативтік сипатта болады деп санайды, басқалары өзгеше пікір ұсынады.

Мемлекетте заң шығарушы және атқарушы билікпен бірдей үшінші билік ретінде соттардың рөлін нығайту Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының басшылыққа алынатын қаулыларын құқық нормалары бар нормативтік актілер санауға негіз береді.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сот қорғауының кеңейтілуі азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларын қамтитын заң актілерінің шеңберін ұлғайтады, атап айтқанда сотқа қарасты мәселелер материалдық құқықтық түрлі салаларының заңдарына енгізілген. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасы-заң шығару қызметін жүзеге асырған Қазақстан мемлекетінің ең жоғарғы өкілді органы қабылдаған және қылмыстық іс жүргізу қызметінің тәртібі мен мазмұнын айқындайтын нормативтік құқықтық актілер

жүйесінен тұрады. Бұл құқықтық актілер 1994 жылғы 13 ақпанда бекітілген құқықтық реформаның Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру кезінде қалыптасты. Қазақстан Республикасының аумағында қылмыстық іс жүргізу тәртібі ҚР Конституциясының нормаларымен, конституциялық заңдармен, ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексімен және іс жүргізу тәртібін реттейтін өзге заңдармен айқындалады.

1997 жылдың 13 желтоқсанында қабылданып, 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген ҚР ҚДЖҚ –і қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін құқықтық нормалар жүйеленген түрде баяндалап, тұжырымдалған арнайы заң болып табылады. Бұл кодекс сот төрелігін жүзеге асыру принциптерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін белгілеген конституциялық нормаларға, сондай-ақ халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптері мен нормаларына негізделген.

Құрамы мен мазмұнына қарай ҚДЖҚ жалпы және ерекше бөлімдерден тұрады. Жалпы бөлімде қылмыстық іс жүргізудің негізгі ортақ ережелері бекітілген: қылмыстық іс жүргізудің міндеттері мен принциптері; қылмыстық іс жүргізудің жалпы шарттары; қылмыстық іс жүргізуді атқаратын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдардың өкілеттері және т.б. ережелер туралы.

ҚДЖҚ –нің ерекше бөлімінде іс жүргізу тәртібі біртіндеп өз кезеңімен реттелген қылмыстық істі қозғау, алдын ала тергеу және анықтау жүргізу, бірінші саты сотында іс жүргізу, сот үкімдері мен қаулыларын орындау және т.б. ҚДЖҚ-мен қатар қылмыстық іс жүргізу кезінде нақты мәселелерге байланысты басқа да заңдар қолданылады. Ондай заңдарға, жеке алғанда, мыналар жатады: 2000 жылғы 25 желтоқсанда шыққан “Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі жөнінде” конституциялық заң, 2000 жылғы 5 шілдеде шыққан “Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөнінде” заң және т.б. Сотта азаматтық іс: 1) өзінің құқығының немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін өтініш жасаған адамның арызы бойынша; 2) прокурордың арызы бойынша; 3) заң бойынша басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіне алатын болған жағдайда мемлекеттік басқару, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, кәсіподақтың, мекемелердің, ұйымдардың және азаматтардың мәлімдесуі бойынша қозғалады.

Азаматтық іс қозғау –процестің және маңызды сатысы.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 152 бабына сәйкес азаматтық іс бойынша арызды қабылдау туралы мәселені судья жеке дара шешеді. Арыз сотқа түскен күннен бастап бес күннің ішінде судья істі қозғау туралы ұйғарым шығарады. Мүдделі адамның құқығын соттың қорғауы імке асырылатыны немесе бұдан бас тартатыны соттың бұл мәселені дұрыс шешетініне байланысты болады.

Азаматтық іс қозғаудың алдында мүдделі адам талап-арыз, шағым (арыз) береді.

Талап-арыздың берілмеуімен талап бойынша іс қозғалады. Талап бойынша іс жүргізу азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй және басқа да құқық қатынастарының туындайтын субъективтік құқық немесе заңмен қорғалатын мүдде туралы дауларды қарау мен шешу жөніндегі соттың азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелген қызметі.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сотта олардың ата-аналары, асырап алушылары немесе қамқоршылары қорғайды, алайда сот мұндай істерге қатысуға кәмелетке толмағандардың немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың өздерін де тартуға міндетті.

Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ психикалық аурудың немесе ақыл-есінің кемістігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері-ата-аналары, асырап алушылары және қорғаншылары қорғайды.

Занда өкілдің өкілеттігі төл құжатпен немесе арнаулы куәлікпен куәландырылады. Басқа өкілдердің істі жүргізуге өкілдігі Азаматтық іс жүргізу кодексі 62 бабының талаптарына сәйкес рәсімдеугі тиіс.

Азаматтық істі қозғай отырып, бес күннің ішінде судья ұйғарым шығарады да, сонымен бірге істі өндірісіне қабылдайды және сол кезден бастап нақты іс бойынша процесс пайда болады. Осыдан кейін судья істі соттың қарауына әзірлейді, мұның мақсаты істі дұрыс және мезгілінде қарау мен заңды және негізді сот шешімін шығару болып табылады.

Азаматтық іс жүргізу кодексінің 174 бабына сәйкес аталған істерді қоспағанда, азаматтық іс екі ай ішінде қаралуға тиіс. Істі дайындау 7 күн ішінде жүргізіледі, күрделі істер бойынша судья дәлелді ұйғарым арқылы оны бір айға дейін ұзарта алады.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың азаматтық іс жүргізу құқықтарына, шет мемлекеттерге қойылатын талаптарға, шетелдік соттардың сот тапсырмалары мен шешімдеріне, халықаралық шарттарға арналған арнайы бөлім бар.

Қылмыстық іс жүргізу басқа сөзбен айтқанда *қылмыстық сот ісін жүргізу* деп те аталады, қылмыстық іс жүргізу заңында және ғылыми еңбектерде де осы екі термин аралас қолданылады. Бұл терминдер бір-біріне қайшы емес, олар бір ұғымды білдіреді деп саналады. Себебі – қылмыстық іс жүргізу алдын ала тергеу органдарының немесе прокурордың қызметімен аяқталмайды, қылмыстық іс жүргізудің жалғасы сот қызметі түрінде атқарылады. Сондықтан қылмыстық іс жүргізуді *қылмыстық сот ісін жүргізу* деп те атауға болады. Яғни, “қылмыстық сот ісін жүргізу” сот төрелігін жүзеге асырудың бір түрі болып табылады. Осыдан сот төрелігі ұғымының қылмыстық іс жүргізу ұғымымен сәйкес жері көрінеді, қылмыстық істі сотта қарап шешу сот төрелігіне жатады. Бірақ та қылмыстық іс жүргізу ұғымы сот төрелігі ұғымымен бірдей емес. *Сот төрелігі дегеніміз* – бұл соттың қылмыстық істермен қатар басқа да (азаматтық, әкімшілік) істерді қарап шешу үшін мемлекет атынан атқарылатын қызметтің арнайы түрі болып табылады. “Сот төрелігі” ұғымының тікелей мағынасы – сот қызметі болып табылады да, ал “қылмыстық іс жүргізу” ұғымы соттың қызметімен қатар алдын ала тергеу органдарының және прокурордың қызметін қамтиды.

15- тақырып. Халықаралық құқық. Халықаралық құқық нормалары мен мемлекеттердің тәуелсіздік құқықтарын құрметтеу мемлекеттер арасындағы сапалы өзара қатынастардың негізгі алғышарты болып табылады. Халықаралық қатынастарды халықаралық құқық реттеп отырады, сонымен бірге оның нормаларына өз әсерін тигізеді. Халықаралық құқық кез-келген қоғам өмірінде маңызды орынға ие болатын жан-жақты және дамыған халықаралық қатынастарды реттейді. Халықаралық қатынастар халықаралық құқық нормаларының мазмұнын айқындайды.

Халықаралық құқық тар мағынасында алғанда мыналарды: біріншіден, мемлекеттер мен мемлекет тәріздес құрылымдарды; екіншіден, өз тәуелсіздіктері үшін күресуші халықтар мен ұлттардың, мемлекеттік құрылымдардың орнығу процесін; үшіншіден, халықаралық ұйымдарды; төртіншіден, мемлекеттер тобын; бесіншіден, осы мемлекеттер арасындағы байланысты білдіреді.

Халықаралық жүйенің ерекшелігі – оның негізгі белгісі, мемлекеттің біріншіден, халықаралық жүйенің бір бөлігі болып табылатындығы, екіншіден, одан тыс та өмір сүре алатындығы.

Халықаралық қатынастар – бұл мемлекеттердің арасындағы саяси, экономикалық құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени, ғылыми, идеологиялық және өзге де байланыстар жүйесі.

Халықаралық қатынастарға мемлекеттер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту және кеңейту, халықаралық ұйымдар рөлінің артуы, бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздіктің жаңа проблемаларының туындауы, ядролық соғыстың алдын алу, халықаралық құқық рөлінің өсуі сияқты сипаттар тән.

Халықаралық құқық-құқықтың ерекше жүйесі. Халықаралық құқық-мемлекеттер арасындағы әр түрлі саяси, экономикалық және өзге де қатынастарды, сондай-ақ халықаралық қатынастарға қатысушы басқа да құрылымдарды реттейтін құқықтың бір бөлімі. Ол құқықтың ерекше жүйесі ғана емес, ішкі мемлекеттік құқықтың барлық өзге

салаларынан едәуір айырмашылығы бар. Халықаралық құқық халықаралық қатынастарды реттейтін шарттық және нормалар мен қағидалар жүйесін және мемлекеттің салыстырмалы келісілген еркін көрсетеді.

Халықаралық – құқықтық қатынастардың объектісі - бұл халықаралық қатынастың жалпыға белгілі қағидалары мен нормаларының негізінде құқық субъектілерінің өзара құқықтық қатынастарға түсуі.

Егер ішкі мемлекеттік құқықтың барлық салаларында субъектілер ретінде, яғни құқықтар мен міндеттемелерді иемдеушілер жеке және заңды тұлғалар болса, халықаралық құқықта субъектілер екі топқа бөлінеді: 1-топ- негізгі субъектілер: а) тәуелсіз мемлекеттер; ә) өз тәуелсіздіктері үшін күресуші ұлттар мен халықтар; 2-топ – қосымша субъектілер: а) халықаралық ұйымдар; ә) мемлекетке ұқсас құрылымдар.

Халықаралық құқықтың негізгі қағидалары халықаралық қатынастардың және халықаралық құқықтың осы заманғы жүйесінің маңызды заңдылықтарын көрсетеді. Қағидалар жүйесіне мынадай сипаттар тән:1) әмбебаптық;2) көпшілік мойындағандық;3) жалпыға міндеттілік;4) тұрақтылық.

Бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті қолдау негіздерін сипаттайтын қағидаларға мыналар жатады: аумақтық тұрақтылық қағидасы; күш қолдану және күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасауға тыйым сала отырып, пайда болған халықаралық дауларды бейбіт түрде шешу қағидасы; шекаралардың мызғымастығы қағидасы. Халықаралық ынтымақтастық қағидасы, біріншіден, мемлекеттердің тәуелсіз теңдіктерімен; екіншіден, ішкі істерге қол сұқпаушылық; үшіншіден, мемлекеттердің түрлі салаларда ынтымақтасуымен; төртіншіден, мемлекеттік тәуелсіздікті құрметтеуімен; бесіншіден, өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындауымен сипатталады.

Халықаралық жария құқық - бұл құқық субъектілерінің еріктерін үйлестіру жолымен жасалатын, әрі заңдық тұрғыдан міндетті деп танылатын және қажетті жағдайларда мәжбүрлеу жолымен қамтамасыз етілетін заң нормаларының жүйесі.

Халықаралық-құқықтық нормалар – бұл халықаралық жария құқық субъектілері тәртіптерінің белгілі бір ережелері.

Ондай нормаларға мынадай сипат тән:

- біріншіден, халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы қатынастарды реттеуі;
- екіншіден, міндетті сипаты, яғни құқықтық нормалардың заңдық күші, себебі құқықтық емес нормалардың өзіндік міндетті күші болады;
- үшіншіден, жалпы сипаты, яғни норманың әрекет етуі көптеген жағдайларды ескере қарастырған.

Доктринада және тәжірибеде партикулярлық (бытыраңқы) құқықтық нормалар белгілі. Партикулярлық термині (латынша *particularize* – ішінара, жеке) оқшауланған жергілікті деген мағынаны береді, яғни жалпы мемлекеттікке қарама-қарсы деген сөз. Қарастырылып жатқан контексте бұл әмбебап нормаларға қарағанда шектелген сипатта әрекет ететін нормаларды білдіреді. Құқықтық нормалардың мұндай түрлері белгілі бір географиялық орынмен, шекарамен, арналармен байланысты нақтылықты қажет еткен жағдайларда қолданылады. Ұлттар Лигасының халықаралық әділ сотының Тұрақты Палатасының тәжірибесі, кейінірек БҰҰ Халықаралық Сотының тәжірибелері партикулярлық әдеттегі нормалардың бар екенін растап берді. Партикулярлық нормаларда жалпылық сипаты жоқ, дегенмен құқықпен тығыз байланысты болады. Партикулярлық нормалар жалпы халықаралық құқықтың пайда болған және халықаралық құқық негізінде қызмет етеді.

Жалпы, халықаралық құқықтың императивтік нормаларына халықаралық құқықтың негізгі қағидаларын; әлемдік бірлестіктердің халықаралық құқықтың қол жеткізген адамгершілік стандарттарын - әділдік, адал ниет қағидаларын тарихи түрде бекітетін құқықтар мен нормалар; қол жеткізген гумандық деңгейді бекітетін – адамзат құқығы, халықтар, аз ұлттар құқығы жөніндегі, соғыс құрбандарын қорғау жөніндегі қағидалар; атмосфераны ластауға, жер бетін, теңіздерді былғауға тыйым салатын қағидалар мен

нормалар; халықаралық кеңістіктердің, ашық теңіздердің ғарыштарын, Антарктиканың режимін айқындайтын қағидалар мен нормаларды жатқызуға болады.

Диспозитивтік нормалар халықаралық құқық субъектілерінің арасындағы келісім нәтижесінде тәртіп ережелерінен ауытқуға мүмкіндік береді. Диспозитивтік нормалар мынадай болып көрінуі мүмкін: ”тараптар келісімімен өзгеше көзделмесе, тараптардың... мүмкіндігі бар“ – дегендей. Нормалардың диспозитивтігі шектелген міндетті күшімен емес, субъектілердің өздерінің арақатынасын жалпы нормада бекітілгеннен басқаша реттеу құқығын көрсетеді. Мәселен, халықаралық экономикалық қатынастар аумағында 1980 ж. халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы Конвенцияның 6-бабында диспозитивтік норма бар: тараптар Конвенцияны қолданбауы да мүмкін немесе 12-баптың талаптарын сақтағанда, оның кез-келген ережелерінен бас тартуға немесе оның әрекет етуін өзгертуге құқылы,- делінген.

в) халықаралық құқықтық реттеу тетігі қызметі бойынша – материалдық және іс жүргізушілік.

Халықаралық құқықтың қайнар көздерінің – заңи мағынасы – бұл, оның субъектілерінің келісілген еркін білдіретін халықаралық құқық нормаларына айналған нысандар.

Қайнар көздердің жүйесі негізгі және көмекші болып екіге бөлінеді. Негізгіге мыналар жатады:

- Халықаралық шарт;
- Халықаралық дәстүр;

Халықаралық құқықтың көмекші қайнар көздеріне мыналар жатады:

- Халықаралық ұйымдардың шешімдері, қарарлары;
- Халықаралық Соттың және Төрелік соттың шешімдері;
- Мемлекетішілік заңдар, ұлттық соттардың шешімдері;
- Халықаралық құқықтағы ғалымдар доктринасы;
- ”Өркениетті ұлттар таныған құқықтың жалпы қағидалары“.

Халықаралық шарт шарттасушы тараптар үшін құқықтар мен міндеттер түзеді, бұлар оның заң нормаларында бекітіледі. Осы қайнар көз халықаралық құқықтың негізгі қағидаларына сәйкес келетін заң нормаларын жасайды. Халықаралық құқық нормаларын жасайтын мемлекеттердің келісілетін еріктері аяқталған нысанда болғанда шарт жасалады. Соңғы жағдайда біз мемлекеттер арасында жасалатын келісімдерді де айта аламыз. Ол үшін ереже бойынша жазбаша бекітілген немесе ауызша айтылатын белгілі бір мәтін болуы керек. Халықаралық құқық доктринасы халықаралық шарттардың құқыққа сай болуының басты белгісі ретінде оларды жасау барысындағы еріктілікті айтады. Сондай-ақ, шарт тиісті мемлекеттердің тең құқылы ерік білдіруі болып табылған жағдайда құқықтың қайнар көзі болып саналуы мүмкін. Халықаралық шартта көп мәрте қолдануға есептелген жалпы нормалар немесе бір ғана жағдайда қолданылатын жеке нормалар болуы мүмкін.

Халықаралық дәстүр шарттан кейін екінші орынға ие, бұрындары ол басым дәрежеге ие болатын. Әдеттегі нормалар ұзақ мерзімді тәжірибенің нәтижесінде, құқық субъектілерінің ондай норманың заңи міндетті сипатын мойындағанынан кейін пайда болады. Шарттық және әдеттегі нормалар халықаралық құқықтың жалпы жүйесін құрайды, олар бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, халықаралық құқық нормаларын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді.

Халықаралық дәстүр дегеніміз халықаралық тәжірибеде қалыптасқан тәртіп ережесі, халықаралық құқық субъектілері оның заңи міндетті сипатын мойындайды. Дәстүрдің шарттық нормадан айырмашылығы тиісті ережелерді нақты көрсететін заңдық құжат еместігінде. Дәстүр барлық немесе бірнеше мемлекеттердің халықаралық әрекеттерінің ұқсастықтарының күші бойынша жинақталады. Ол ұзақ мерзім бойында қолданылады және заңдық міндеттілігіне сенім сипатында болады. Сонымен, мемлекет тәжірибелерінің ұзақтығы салыстырмалы сипатта. Бүгінгі таңдағы халықаралық қатынастарда әдеттегі

нормалардың қысқа мерзімде жасалуы да кездеседі, мысалы, ғарыш құқығында, теңіз құқығында.

Сөйтіп, халықаралық дәстүрге мыналар тән:

- Қолданылу мерзімінің ұзақтығы.
- Мойындалуының жалпылығы.
- Заңдық міндеттілігінің сенімділігі.

Халықаралық дәстүрдің пайда болуы үшін қайталанба тәжірибе керек. Халықаралық-құқықтық әдебиеттерде кез-келген қайталанудың әдеттегі нормалары жасалмайтыны жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Қандай да бір әрекеттердің қайталануы тәртіп нормасын жасауға әкелмеуі де мүмкін, ол жай әдетке айналып кетеді. Халықаралық әдет деп мемлекеттердің заңдық міндеттілігі бар деп есептелінбейтін жалпы тәжірибелерін айтады.

Халықаралық құқықтың басты қызметі – оның мемлекетаралық қатынасының негізгі қатысушылары мен арақатынасынан көрінеді. Халықаралық құқықтың қызмет етуі үшін, бір жағынан, халықаралық құқықтың және сыртқы саясаттың, екінші жағынан, халықаралық құқық пен дипломатияның арақатынасы мәселелері өзекті мәселе болып табылады. Дипломатия – сыртқы саясат құралы, сондай-ақ экономикалық, мәдени, әскери және өзге де сыртқы байланыс құралдарының дипломатиясымен іргелес тұратындығы сөзсіз.

Халықаралық құқықты жүйелеумен айналысатын халықаралық ұйымдардың ішінен Халықаралық құқық Институты Штаб-пәтері – Брюссель мен халықаралық құқық Ассоциациясы – штаб пәтері – Лондон айрықша орын алады, олар 1873 ж. құрылған болатын.

Ғаламдандыру дәуірінің басталғаны жаңа тұрпатты жаңа проблемалар қойып отыр. Бізге жалпы әлемдік жүйенің өзара тәуелділігін күшейтуге жәрдемдесе отырып, өзіміздің ұлттық тәуелсіздігімізді нығайтуға тура келеді. Бізге өзімізбен көршілес елдердің гүлденуіне кедергі келтірместен, қайта бір-бірімізге көмектесе отырып, ұлттық экономикалардың өсуін барынша ынталандыруға тура келеді.

Бізге бір мезгілде аймақтық ынтымақтастық механизмдерін бірлесе дамыта отырып, өзіміздің төлтума саяси институттарымызды нығайтуға тура келеді.

Өткенге көз жүгіртсек, бұрын дүкендердің бос сөрелерімен, өндіріс тұрып қалған ауыр жағдайда өз тәуелсіздігімізді бастадық. Бүгінде ол қиын күндер артта қалды. Қазіргі кезде Қазақстанда қалыптасқан қаржы жүйесі, ашық экономика жұмыс істеп тұр. Еліміздегі нарықтық заңдар Ресейдегіден 3-5 жылдай озық деңгейде. Ішкі жалпы өнімнің көлемі бойынша Қазақстан ТМД елдері ішінде ең жоғарғы көрсеткішке ие болып отыр. Экономиканың 75 пайызы жеке меншік қолында, ал қызмет көрсету саласы толық жекешелендірілген.

Қазіргі уақытта Қазақстан халықаралық аренада өз мүддесін қанағаттандыру бағыттарында жүйеленген жұмыстар атқаруда, яғни нарық экономикасын құру мен қоғамды демократияландыру бағытында елімізге жоғары баға берілуде.

Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастық адамзат баласының алдында тұрған күрделі проблемалардың мән-маңызын терең түсінуге тиісті деп санайды.

Халықаралық ұйым – бұл белгілі бір міндеттерді орындау үшін халықаралық шарт негізінде құрылған, тұрақты әрекет ететін органдар жүйесі бар, халықаралық құқық субъектілігінде және халықаралық құқық нормалары мен қағидалары негізінде құрылған мемлекеттердің тұрақты бірлестігі.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) – құрамына 189 мемлекет кіретін әмбебап халықаралық ұйым. Құрылып, қалыптасқалы бері БҰҰ ұдайы даму үстінде. Бүгінгі таңда оның мүшелерінің 2/3-сі бір кезде отарлық тәуелділікте болған, қазіргі кезде даму жолындағы мемлекеттер. Дегенмен, Біріккен Ұлттар Ұйымы абсалютті мұңсыз ұйым емес. Бұл ұйым 1945 ж. 51 мемлекетті біріктіріп, бүгінгі күнге дейін өз құрылымын ақтап қалды, мүшелерінің үш еседей артуына қарамастан, өз жұмысында бәз-баяғы рәсімін қолданып келеді. Бүкіләлемдік ұйымның барлық қызметі бір проблеманы шешуге бағытталған: ол - өзіне мүше әрбір мемлекеттің ұлттық мүдделерімен тұтастай алғандағы халықаралық

бірлестік мүдделерінің арақатынасын шешу. Осы негізгі проблема шеңберіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметін үш негізгі бағытқа бөлуге болады:

- Біріншісі – халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау.
- Екіншісі – БҰҰ-ның әлемді қайта қалыптастырудағы күнделікті әрекеттері.
- Үшіншісі – адамзаттың болашағын халықтар арасындағы ғаламдық ынтымақтастықты реттеу арқылы жоспарлау немесе болжау.

Бүгінгі күннің ірі саяси халықаралық ұйымы болып табылатын БҰҰ екінші дүниежүзілік соғыс барысында басқыншылық пен фашизм күштерін күйрету нәтижесінде пайда болды. Антигитлерлік одақ державаларымен соғыс жылдарында БҰҰ-ын құруға дайындық жүріп жатты және ол соғыстан кейінгі кезеңдегі бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы аса маңызды шаралардың бірі болатын. Әлем халықтары Ұлттар Лигасы ыдырағаннан кейінгі салдардың залалын бастан кешіп жатқан кезеңде БҰҰ құрылды негізінде, Ұлттар Лигасы 1940 жылы-ақ өз әрекетін тоқтатқан еді, ал қағаз

Ұлттар Лигасының екінші дүниежүзілік соғыстың алдын алуға шамасы келмеді, сөйтіп ұйым ретінде алдына қойған басты мақсаты халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмады. Сол кездері Ұлттар Лигасындай кемшіліктері жоқ, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді құралы бола алатын жаңа халықаралық ұйым құру қажеттігі сезіле бастады.

2.2 Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымы

Әмбебап халықаралық ұйымның құрылымы алты басты органнан және қажетті қосалқы органдардан тұрады. БҰҰ-ның басты органдары мыналар: Бас Ассамблея, Қауіпсіздік Кеңесі, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес, ОПЕК жөніндегі кеңес, Халықаралық Сот және Хатшылық. БҰҰ-ның артықшылықтары мен иммунитеттері туралы 1946 ж. 13 ақпанындағы Конвенцияға сәйкес, БҰҰ заңды тұлға болып табылады; жылжитын және жылжымайтын мүліктер алады; мүліктерге билік етеді; сотта іс қозғайды. БҰҰ-ның өкілдері басты және көмекші органдардағы конференцияларда өздерінің қызметтік міндеттемелерін атқарғанда және мәжіліске бару-келу кезінде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланады. БҰҰ-ның лауазымды адамдары сот жауапкершілігіне тартылмайды және қазыналық, кедендік артықшылықтарды пайдаланады.

Хатшылық – БҰҰ-ның әкімшілік органы. Жарғының 97-бабы Хатшылық құрамын былайша айқындайды: "Бас хатшыдан және Ұйымға қажетті болуы мүмкін персоналдан тұрады". Хатшылық персоналын Бас Ассамблея бекітетін ережелер бойынша Бас хатшы тағайындайды. Әрбір қызметкер БҰҰ-ға қатысы жоқ қандай да бір үкіметтен немесе басқа биліктен нұсқау алмау және бермеу жөнінде ант етеді. Қызметке қабылдау барысында және оның талаптарын айқындағанда, Жарғы еңбек қабілеттілігі, құзыреттілік пен адалдықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін және персонал таңдауда үлкен географиялық аумақты қамтудың маңыздылығын жетекшілік етуді көздейді.

Хатшылық өзіне жүктелген өкілеттіліктерге сәйкес, Біріккен Ұлттар Ұйымының органдар жүйесіне қызмет етуді қамтамасыз етуі, оның жасаған бағдарламаларын орындауы және БҰҰ бекіткен саясатты жүргізуі тиіс.

БҰҰ Хатшылығы, оның ішінде:

- БҰҰ құзыретіне енетін түрлі мәселелер жөнінде Бас Хатшыға хабарлайды, кеңес береді;
- БҰҰ Бас Ассамблеясының, оның комитеттері мен органдарының құжаттарын, баяндамаларын, қарарларын қабылдайды, аударады, тереді және таратады;
- мәжілістерде сөйленген сөздердің ауызша аударылуын қамтамасыз етеді;
- сессия мәжілістері туралы есеп жасайды, тереді, таратады;
- құжаттарды мұрағаттарда сақтайды, БҰҰ мүше-мемлекеттеріне Бас Ассамблеясының құжаттарын жібереді;
- БҰҰ мүшелері жасаған халықаралық шарттарды тіркейді және зерттейді.

Қызметкерлердің құқықтық жағдайы БҰҰ жарғысының 101-бабына сәйкес, Бас Ассамблеяның қарарымен бекітілген 1952 ж. 2 ақпанындағы қызметкерлер туралы ережемен реттеледі. Хатшылықтың қызметкерлері мамандарға, дала қызметіндегі қызметкерлерге, жалпы қызмет көрсету қызметкерлеріне және шаруашылық –техникалық қызметкерлерге бөлінеді. Мамандарға лауазымды тұлғалар жатады, техникалық қызметкерлер құрамына хатшылар, машинисткалар, курьерлер және өзге де жұмысшылар кіреді.

Хатшылыққа жұмысқа қабылдау екі түрлі жалдау арқылы жүзеге асырылады: тұрақты шарт негізінде (зейнет жасына жеткенге дейін) және уақытша шарт негізінде (хатшылық қызметкерлерінің 30% -ы осы жалдау түрімен қабылданады).

БҰҰ – ның қалыптасуы мен дамуының алғашқы сатыларында хатшылықтың қызметкерлері көбіне АҚШ, Ұлыбритания, Франция өкілдерінен құралды. Қазіргі кезде кадрларды таңдау мен орналастыруда әділ географиялық өкілдік қағидасы, сондай-ақ жеке бас қасиеттері, адалдық, әділдік, құзыреттілік ескеріледі. 100-бапқа сәйкес, “Бас хатшы және хатшылық қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында Ұйымның алдында жауапкершілігі бар халықаралық лауазымды тұлғалар ретінде олардың жағдайларына әсер ететін кез-келген әрекеттерден тартынуы тиіс”.

Хатшылықты бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысымен 5 жылға тағайындайтын Бас Хатшы басқарады. Оның өкілеттілік мерзімі осындай уақытқа тағы да созылуы мүмкін. Бас Хатшыны тағайындау туралы ұсыныс жабық мәжілісте қаралады және құпия дауыс беріледі. БҰҰ Бас Хатшысының жеке басы әмбебап ұйымның қызметі үшін үлкен маңызға ие. БҰҰ Жарғысының 97-бабына сәйкес, Бас хатшы ”Ұйымның бас әкімшілік тұлғасы болып табылады”.

БҰҰ Жарғысының жобасын дайындау барысында Хатшылықтың бас лауазымды тұлғасын қалай атау жөнінде түрлі ұсыныстар ұсынылды: төреші, президент, бас директор. Рузвельт “төреші” ұғымын қолдануды ұсынған болатын. Оның көзқарасы бойынша осы нұсқа халықаралық ұйымның штаб-пәтері басшысының мақсаттарына сай келеді. Ең соңында құрылтайшы - елдер Хатшылықтың негізгі орын ”Бас Хатшы” деп аталсын деген түйінге келді.

Бас Хатшы өз қызметінде жарғылық ережелеріне сәйкес, “Бас Ассамблеяның, Қауіпсіздік Кеңесінің, Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің және Қорғаншылық жөніндегі кеңестің отырыстарына қатысады, сондай-ақ осы органдар жүктейтін өзге де міндеттерді атқарады...” (98-бап).

Бас хатшының атқаратын қызметтерін шартты түрде саяси және әкімшілік деп екіге бөлуге болады. Бас лауазымды тұлғаның саяси қызметтеріне мемлекеттер арасындағы дауларды реттеуге күш салуы жатқызылады. Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңеске, өз ойы бойынша, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретін кез келген даулар туралы мәлімдеуге құқылы. Бас хатшының әкімшілік қызметтері мынадай:

- хатшылықтың департаменттеріне, басқармаларына және өзге де бөлімшелеріне жалпы директивті нұсқаулар беру;
- Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің барлық қызметтерін үйлестіру;
- БҰҰ-ның бас органдарына қызмет ететін Хатшылық қызметкерлерінің барлық жұмыстарына басшылық жасау;
- Бас Ассамблеяға БҰҰ жұмысы жөнінде есеп беру;
- БҰҰ басшылығымен өтетін халықаралық конференцияларға БҰҰ – ның атынан қатысу.

Біріккен Ұлттар ұйымы әрекет етіп келе жатқан кезеңдерден бері, мынадай тұлғалар бас хатшы лауазымында болды:

1. Трюгве Ли (Норвегия) – 1946 ж. Ақпаннан 1953 ж. Сәуіріне дейін. Норвегияның мемлекеттік қайраткері, дипломат, заңгер. Ол империализм саясатын жүргізді. Корея соғысы кезінде ол бет бейнесін ашып алды, онда Трюгве Ли АҚШ пен оның Кореядағы одақтастарының интервенциясын (басқа бір елдің ішкі өміріне зорлықпен қол сұғу) ақтаған еді.

2. Даг Хаммаршельд (Швеция) 1953 ж. Сәуірден 1961 ж. Қыркүйегіне дейін. Швед мемлекет қайраткері және дипломат. Ол дарынды адам және іскер дипломат еді. Д.Хаммаршельд Африкадағы әуе апатында құпия жағдайда қайтыс болған. Ол Африкадағы Конго дағдарысы кезінде катангалық сепаратистермен келіссөз жүргізу үшін барған болатын. Нью-Йорктегі Ист –Ривер көшесіндегі БҰҰ-ның бас ғимаратының алдында оған ескерткіш орнатылған. Даг Хаммаршельд 1961 ж. Нобель сыйлығына ие болды (өлгеннен кейін).

3. У Тан (Бирма) 1961 ж. қарашадан 1971 ж. қарашасына дейін. Бирмалық дипломат. Д.Хаммаршельд қайтыс болғаннан кейін 1961 ж. Қарашасынан бастап уақытша міндетін атқарушы болды. У тан қызметі халықаралық ортада кеңінен танылды, ол отар елдер мен халықтарға тәелсіздік беруді қызу қолдап, бейбіт қатар өмір сүру қағидасын жүзеге асыруды, даулар емн жанжалдарды келіссөздер жүргізу арқылы шешуді жақтады.

4. Курт Вальдхайм 1972 ж. бастап БҰҰ-ның бас лауазымды қызметінде болып, екі рет сайланды. Австрия мемлекеттік қайраткері дипломатиялық мемлекеттің барлық сатыларынан өткен тәжірибелі дипломат. К.Вальдхайм Бас хатшы ретінде үшінші рет жұмыс істеуге дайын екендігін білдіріп, БҰҰ тарихында қызықты факті ретінде қалды. Алайда, көптеген және түрлі сайлау рәсім оған жеңіс әкелмеді. Кейінірек К.Вальдхайм Австрияның Президенті болып сайланды.

5. Перес де Куэльяр Хавьер – перуандық мемлекеттік қайраткер, 1981-1991 жж. Бас хатшы болған. Аймақтық дау-жанжалдарды шешуге, адам құқықтарын қорғауға үлкен үлес қосты.

6. Бутрос Гали Бутрос (Египет) 1991 ж. Желтоқсан айында осы үлкен лауазымға сайланды. Бас хатшы ретінде бір рет сайланған.

7. Кофи Аннан – 1997 ж. Сайланған, БҰҰ –ның қазіргі Бас хатшысы. 2001 жылы Нобель сыйлығына ие болды.

Қазақстан Песпубликасы 1992 ж. 2 наурызында БҰҰ құрамына кірді. Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасын БҰҰ құрамына қабылдауға ұсынған Бас Ассамблеяның қарарын дауыс берусіз-ақ мақұлдады. Қазақстандық делегация БҰҰ-ның қайта құру жөнінде, дау-жанжалдардан кейінгі кезең проблемалары жөнінде, бітімгершілік күштерінің қорын құру туралы бағдарламалық ұсыныстар жасады. БҰҰ Қазақстандағы қызметіне 1993 ж. кірісті. Өз агенттерінің офистерін құрды. Мысалы, атап айтқанда, БҰҰ –ның даму бағдарламасы – БҰҰ ДБ; Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы – БДСҰ; білім, ғылым және мәдениет жөніндегі БҰҰ бағдарламасы – ЮНЕСКО; БҰҰ –ның босқындар мәселесі жөніндегі Жоғарғы Комиссар Басқармасы – БЖКБ; өндірістік даму жөнінде – ЮНИДО; Халықаралық еңбек Ұйымы – ХЕҰ; және т.б. Қазақстан БҰҰ –ның БДҰ, МАГАТЭ, ИКАО, ХДҚБ, ХВК, ЮНЕСКО сияқты мамандандырылған мекемелерінің мүшесі болып табылады.

КСРО ыдырағаннан кейін экономикалық дағдарысты басынан кешкен бұрынғы кеңес мемлекеттерінің бәріне келісілген әрекеттер, ынтымақтастық қажет болды, өзара тиімді шешімдер ізделді. Әлемдік тәжірибеден белгілі болғанындай, тұрақтылықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экономиканы реформалау үшін, әлемдік бірлестіктің интеграциялануы үшін бірлесу қажет еді. Сондықтан Тәуелсіз мемлекеттер Достастығының құрылуы – бұл тәуелсіз мемлекеттердің объективті және даму процесінің нәтижесі.

ТМД Жарғысының Кіріспесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына ерікті түрде біріккен мемлекеттер Достастықтың Жарғысын қабылдауға шешім қабылдағаны белгіленген. Мұнда ТМД-ға мүше-мемлекеттер халықаралық құқықтың көпшілік таныған қағидалары мен нормаларының, БҰҰ Жарғысы ережелерінің, Хельсинки Қорытынды Актісі мен Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі келісімнің өзге де құжаттары негізінде әрекет етеді. Сөйтіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы жоғарыда аталған халықаралық-құқықтық құжаттар ережелерінің жүзеге асуын көрсетеді.

1999 ж. сәуір айында, яғни Солтүстік Атлантика Одағының құрылғанына 50 жыл толғаннан кейін Вашингтондағы мемлекеттер мен үкімен басшыларының жоғары деңгейдегі мәжілісінде, НАТО елдері Солтүстік Атлантика Одағының Стратегиялық тұжырымдамасын

мақұлдады. НАТО қырық жылға созылған Еуропада соғыс өртін туындатпауының алдын алып келді. Қорғаныс пен диалогты үйлестіре отырып, бұл ұйым Шығыс пен Батыс арасындағы тайталасты бейбіт жолмен шешуде маңызды рөл атқарады. “Қырғи-қабақ соғыстың” қаупі жойыла бастаған соң, Еуропаның жаңа, көлемді интеграциялануының келешегі қалыптасып, Еуроатлантикалық қауіпсіздік құрылымы құрылып, онда НАТО ерекше орынға ие болды. Осы жылдар аралығында қаруды бақылау саласында маңызды оқиғалар өтті, бұл процеске Солтүстік Атлантика Одағы ерекше мүдде танытқан болатын. Одақ қауіпсіздіктің ортақ мүдделерінің сақталуын, ұжымдық қорғаныс және трансатлантикалық байланыстарды нығайтуды қамтамасыз етуі тиіс. НАТО әріптес-елдермен қатынасын тереңдетуге және жаңа мүшелерді қабылдауға дайын болуы қажет, барлық мүшелерінің бостандықтары мен қауіпсіздігін саяси және әскери құралдармен қорғау НАТО-ның негізгі және бұлжымас мақсаты. Барлық мүшелері қауіпсіздігінің ажырамастығын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттердің біріккен міндеттемелері мен ынтымақтастығы Солтүстік Атлантика Одағын қызметінің негізін қалайтын басшы қағидасы болып табылады.

Солтүстік Атлантика Одағы өзінің басты мақсатына жету үшін қауіпсіздік саласында мынадай маңызды міндеттерді жүзеге асырады:

- аймақтағы тұрақты қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- одақтастар арасында олардың мүдделерін қозғайтын мәселелер
- жөнінде консультациялар жүргізу;
- кез келген басқыншылық қаупіне қарсы қорғануды қамтамасыз ету;
- жанжалдардың алдын-алуға көмектесу және дағдарысты реттеуге, дағдарысты сезіну жөніндегі операцияларды қоса алғанда белсенді қатысу;
- өзара сенімге қол жеткізу мақсатында және солтүстік Атлантика Одағының біріккен әрекеттеріне қабілетті болу үшін басқа мемлекеттермен кең көлемді әріптестік, ынтымақтастық және диалогқа көмектесу.

Солтүстік Атлантика одағы үнемі өзгеріп тұратын жағдайда әрекет етіп келеді. Оның саяси рөлі артуда және әскери әріптестік пен өзге де мемлекеттермен, ресей, Украинаны қоса алғанда, ынтымақтастық пен диалог та даму үстінде; НАТО жаңа мүшелері қабылдауға дайын.

Қарулану, қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпауды бақылауға қолдау көрсету жөніндегі НАТО саясаты қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Солтүстік Атлантика Одағының мақсаттарына жетуге басты рөл атқаратын болады. Одақтас мемлекеттер ұжымдық қорғаныс және ұйымның барлық кешенді мақсаттарын орындау үшін жеткілікті қарулы күштердің барынша аз деңгейімен қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға ұмтылады. НАТО қауіпсіздікті нығайту элементтерін үйлестіруді қамтамасыз етуді жалғастыра беретін болады. Солтүстік Атлантика Одағы қарулану, қарусыздану және жаппай қырып-жоятын қарулар таратпауды бақылау жөніндегі келісімдерді дайындауға көмектеседі. Қаруды таратпау саласындағы басты мақсат оның таралуының алдын алу, ал егер ол таралған жағдайда оны дипломатиялық құралдар арқылы жою керек.

Мақсат-міндеттерді орындау үшін НАТО қажетті әскери әлуетті сақтап тұрады. Осындай міндеттерді орындау барысында ынтымақтастық және стратегиялық бірлік қағидаларының маңызы сол күйде сақталып қалатын болады. НАТО-ның Қарулы күштері Солтүстік Атлантика Одағының министрлерінің кездесуінде бұрынғы Варшава Келісім-шартының мемлекеттерін Солтүстік Атлантика Одағына тарту үшін шаралар қолдануға шешім қабылданды. Ол НАТО-ның бұрынғы Шығыс блогындағы мемлекеттердің 1994 ж. қаңтар айынан басталған “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасынан бастап, жақындасу процесін жалғастыруға мүмкіндік берді.

Солтүстік атлантикалық ынтымақтастық Кеңесі және НАТО-ның ұстанған “Бейбітшілік жолындағы әріптестік” бағдарламасы Қазақстанға трансатлантикалық қауіпсіздік құрылымын интеграциялау әрекетіне мүмкіндік береді және тәуелсіздікті қорғау мүддесін сенімді қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің қорғаныс қабілеттілігін арттыруға алғышарттар жасайды.

ЕСЕПТЕР

1. Мәслихат депутаты Сейдахметов тергеушімен куә ретінде жауап беруге шақырылды. Тергеушінің әрекеті заңға сай ма?
2. Ғылыми зерттеу институтының ұжымы кезінде өздері ұсынған депутат Қаптағановтың есебін тыңдау туралы шешім қабылдады. Бірақ Қаптағанов өзінің басқа елдің азаматтығын алуына байланысты депутаттық өкілеттігін тоқтатқанын айтып, есеп бермейтінін хабарлады. Қаптағановтың әрекеті заңға сай ма?
3. Қазақстан Республикасының институтында оқитын студент Ли Чан өз курстасы Томақбаеваға өзімен некеге тұруға және Қытай азаматтығын алуға ұсыныс жасады. Томақбаева өз келісімін беріп, алдымен Қазақстан азаматтығынан шығу керектігін айтты. Қазақстан Республикасының азаматтығы қандай жағдайда тоқтатылуы мүмкін.
4. АҚШ азаматтары ерлі – зайыпты Гопинстер және олардың 12,15,19 жасар балалары Қазақстанға көшіп, Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға шешім қабылдады. Оларға қай органға өтініш беруге қажет? Қазақстан азаматтығын қандай тәртіппен алуы мүмкін? Олардың балаларының азаматтығы туралы мәселе қалай шешілуі тиіс?
5. Журналист Наурызбаева шетел азаматына тұрмысқа шығып Біріккен Араб Әмірліктеріне көшіп кетті. Бірақ жүктілік және туу кезіне Қазақстанға келіп, осында бала туды. Наурызбаеваның баласының азаматтығы қалай анықталады?
6. С. Азаматы өз автокөлігінде бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетті және сол үшін жол полиция қызметкерімен тоқтатылды. С. құқықтың қай саласының нормаларын бұзды: азаматтық құқық, еңбек құқығы, әкімшілік құқығы, транспорт заңдарын.
7. Келесі актілердің қайсысын әкімшілік құқықтың қайнар көздеріне жатқызуға болады: заң ; кодекс ; жарлық ; қаулы ; бұйрық ; инструкция ; ереже ; телефонограмма ; әдістемелік нұсқау. Өз актілерін шығару құқығына қандай мемлекеттік органдар ие болады?
8. Үшінші сынып оқушысы, ата анасыз автобуста жол ақысын төлемей отырды. Контролер одан билетті көрсетуді талап етіп, ол көрсетпегеннен кейін айыппұл төлеуді талап етті. Бұл жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық болды ма, егер болса әкімшілік жауапкершілікке кім тартылады?
9. Зауыт директоры зауыт аумағын тазалау үшін сенбілікті өткізу және оны ұйымдастыру тобы туралы бұйрық шығарды. Бұл бұйрыққа сүйеніп ұйымдастыру тобы сенбілік өткізу уақытын, оған қатысушыларды тағайындап, оларды құрал сайманмен және көлікпен қамтамасыз етті. Лауазымды тұлғаның шешімі еңбек шартында көзделмеген және қоғамдық жұмыстарды орындауға негіз бола алады ма?
10. Жергілікті әкімшілік аппаратының екі лауазымды тұлғалары басқа үш азаматпен жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрды. Мемлекеттік қызметкерлердің әрекеті заңға сай ма?
11. Институт ректоры азаматтардан лаборант, оқытушы және проректор қызметтеріне алу туралы өтініштерді қабылдады. Аталған қызметтерді алу үшін қандай әрекеттер жасалуы тиіс? Қызметкерге алынушылардың қызметтік қатынастары қай уақытта пайда болады? Мемлекеттік қызметке алынушыларға қойылатын талаптар.
12. Сот шешімімен әрекет қабілеттігі жоқ деп танылған Асқаров өз меншігіндегі автокөлікті Бақтыбаевқа 250 000 теңгеге сатты. Асқаровтың шешесі шартты жарамсыз деп танылу туралы және Бақтыбаевтың автокөлікті саматовқа сатып жібергені анықталды. Бұл іс бойынша сот қандай шешім қабылдауы керек?
13. Сапарғалиев тұрғын үй салу үшін банктен несие алып, кепілге жер учаскесін қалдырады. Бұл учаскеде Сапарғалиев салған үй кепілге кіре ме?
14. Қанатов Сейітовке автокөлікті сатып алуға сенімхат берді, бірақ Сейітов ауыр халде ауруханаға түсіп өз міндетін атқара алмады да, қайта сенім тәртібінде сенімхатты Маратовқа берді. Бұл сенімхат Сейітов жатқан аурухананың бас дәрігерімен

- куәланді.Маратов Қанатовтан автокөлік сатып алды,бірақ автокөлік бағасы Қанатов берген сенімхатта көрсетілген соманың шегінен шығып кетті.Сенім беруші автокөлікті алудан бас тартты.Маратов Қанатовтың автокөлікті алуы және оны жеткізіп беруге кеткен шығындарды өтеуі туралы талаппен сотқа шағымданады.Бұл дауды шешіп беріңіз.
15. Азаматша Сүлейменова және оның бұрынғы күйеуі нотариусқа өздері жасаған шартты куәландыруға өтініш берді.Бұл шарт бойынша ажыратылған ерлі зайыптылар бір біріне балаларды асырау туралы талап қоюдан бас тартады, күйеуі ортақ меншікке құқықтан бас тартады, ал әйелі зейнеткерлік жасқа жеткенше жаңа некеге тұрмауға міндет алады.Бұл шарт заңды ма?
16. Келесі субъектілердің арасында қаржылық құқықтық қатынастар туындай ала ма:
- жеке тұлғалар (азаматтар);
- мемлекеттің қаржылық қызметін атқаратын органдар;
- мемлекеттің қаржылық қызметін атқаратын органдар және азаматтар;
17. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттің қаржылық қызметін атқаратын орган екендігін дәлелдеп беріңіз.
18. Мемлекеттің қаржылық қызметін атқаратын органдарға заң шығарушы және сот органдарын жатқызуға бола ма?Жауабыңызды түсіндіріңіз..
19. Республикалық және жергілікті бюджет кірістерінің көздерін атаңыз.
20. Қазақстан Республикасының азаматы Қасқыров, Түркияда іссапары кезінде жергілікті тұрғынмен төбелес шығарып оған орташа ауыр дене жарақаттады.Қасқыров қай мемлекеттің заңы бойынша жауапкершілікке тартылуы керек?
21. Түзеу мекемесіндегі отырған Құрбанов мас күйінде сотталған Болатовтың ішіне екі пышақ жарақатын келтірді және соның салдарынан Болатов ауруханада қайтыс болып кетті.Бұл әрекет құрамындағы қылмыс белгілерін атап көрсетіңіз?
22. Дауылбаев қызық көріп А-ны жағадан суға итеріп жіберді.А. жүзу білмеген еді (бұл туралы Дауылбаев білмеді) және сол себепті суға батып кетті.Дауылбаевтың кінәсі бар ма?
23. Шәкеев С –пен дауласып қалып С.оны ұрып соқты.Шәкеев үйден пышақ алып келіп С–ті куды.Қашып бара жатқан С – тың қарсы бетіне келе жатқан Тоқтаров оның аяғын шалды,ал Шәкеев бұл жағдайды пайдаланып С–қа бірнеше пышақ жарақатын келтірді. Нәтижесінде С қайтыс болып кетті. Тоқтаровтың әрекетінде қылмысқа қатысу белгілері бар ма?Қылмысқа қатысудың объективті және субъективті белгілерін ашып беріңіз.
24. Өз бақшасынан ұрлықтың алдын алу үшін Хамраев электр тоғы өткізілген сыммен бақшаны қоршады және қауіпсіздік мақсатында "Өмірге қауіпті!Электр тоғы!" деген хабарламаларды іліп қойды.Жасөспірім В. Және О. түнде бақшаға түсті және нәтижесінде В. элетр тоғының әсерінен қайтыс болып кетті.Бұл жағдайда қажеттілік қорғану орын ала ма?
25. Учаскелік инспектор өз танысымен жеке әңгімесінде ,жабдықтау бөлімінің бастығы Құсайынов 500 000 теңге сомасындағы ақшалай қаражатты ұрлағанын білді.Бұл жағдайда қылмыстық істі қозғауға негіз бар ма?Қылмыстық істі қозғаудың себептері мен негіздерін атап көрсетіңіз.Жасалған қылмыс туралы арыздар және хабарлауларды тексерудің тәртібі қандай?
26. Айыпталушы Оспанов пәтерін тінту кезінде 10 бейнемагнитофон, 50 кг май және 120 кг ет табылды.Барлық табылған тауарларды криминалды полиция қызметкері, өз шешімі бойынша сату үшін дүкенге тапсырды.Полиция қызметкері дұрыс істеді ма?

27. Келесі талаптар бойынша соттылықты анықтаңыз:
- Алимент талап ету
 - Қарызды талап ету
 - Жұмысқа қайта алу талабы
 - Тұрғын үй иемденуді бөлу талабы.
28. Қамалов және Бұрханов мас күйінде бір – бірімен төбелесіп қалды және нәтижесінде Бұрхановтың жаңа пальтосы жыртылып қалды.Келесі күні оның әйелі Қамаловтан пальтосының құнын өндіріп алу туралы талаппен сотқа шағымданды.Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?
29. 15 жасар Сәрсенов , тоғыз сынып бітіргеннен кейін , база директорына өзін жұмысқа қабылдауын сұрап өтініш берді.Директор Сәрсенов 16 жасқа толмады деп оның өтінішін қабылдамады.Директор шешімі дұрыс па?
30. Фабрика қаладан 10 км қашықтықта орналасқан жерге көшінуе байланысты, фабрика қызметкерлері жаңа жұмыс орнына шығудан бас тартты.Фабрика әкімшілігі қызметкерлерін жақын уақытта олар жұмыстан шығарылуы туралы ескертті .Бұл дауда кімнің пікірі дұрыс?
31. Ресторан бухгалтері директор бұйрығымен бухгалтериядан осы ғимаратта орналасқан және осы еңбекақымен ас бөлмесіне ауыстырылды. Бухгалтер ас бөлмесінде жұмыстан бас тартты, себебі ол мұндай ауыстыруға келісімін берген жоқ еді. Ресторан директорының ойынша бұл жұмыс ауыстыру емес жұмыс орнын ауыстыру ,сондықтан қызметкердің келісімі қажет емес.Бұл дауда кімнің пікірі дұрыс ?
32. Асанов 28 қазан күні оны 5 қарашадан бастап өз еркі бойынша жұмыстан шығарылуы туралы өтініш берді.Бірақ әкімшілік оны жұмыстан шығару туралы бұйрықты 12 қарашадан шығарды.Әкімшілік әрекеттері заңға сай ма?
33. Бухгалтер Әлімжановаға жұмысқа кешігіп келгені үшін 1 сәуір күні сөгіс шығарылды.28 тамыз күні ол жұмысқа тағы да кешікті. Әкімшілік 5 қыркүйек күні Әлімжанованы еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан шығарды. Әлімжанова бұл бұйрықпен келіспей сотқа жүгінді.Сот қандай шешім қабылдауы тиіс?
34. Программист Серкебаеваны 4 айдан көп ауырғанына байланысты әкімшілік жұмыстан шығарды.Жұмыстан шығарылу кәсіподақпен келісілген жоқ және Серкебаеваның орнына жаңа қызметкер алынған жоқ, оның міндеттері басқа программисттер арасында бөлінді. Серкебаеваны жұмыстан шығару заңды ма?
35. Азамат Есенов үлкен мөлшерде заңсыз ағаштарды шауып тастады. Бұл құқық бұзушылық үшін қандай жауапкершілік белгіленген?
36. Жер заңымен жер учаскесін мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктерге мәжбүрлеп алу белгіленген. Мемлекеттік және қоғамдық қажеттіліктер деген не?

ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ БОЙЫНША ЕМТИХАН СҚРАҚТАРЫ:

1. Құқық және мемлекет ұғымдарының анықтамасы және арақатынасы.
2. Құқықтық мемлекеттің негізгі сипаттары.
3. Азаматтық қоғам.
4. Мемлекеттің мәні және әлеуметтік функциясы.
5. Мемлекет нысаны (басқару нысаны, мемлекеттік құрылым, саяси режим).
6. Мемлекеттің белгілері.
7. Мемлекеттің пайда болуы туралы теориялар.
8. Құқықтық қатынастардың ұғымы және ерекшеліктері.
9. Құқықтық қатынастардың құрамы.
10. Құқық бұзушылықтың ұғымы және құрамы.
11. Құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері.
12. Субъективті құқық және заңдық міндет.
13. Құқық бұзушылықтың түрлері.
14. Заңдық жауапкершіліктің ұғымы және белгілері.
15. Заңдық жауапкершіліктің түрлері.
16. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы - құқық саласы ретінде.
17. Қазақстан Республикасының Конституциясының жалпы сипаттамасы.
18. Қазақстан Республикасындағы сот билігінің конституциялық негіздері.
19. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мәртебесі.
20. Қазақстан Республикасының Президенті.
21. Қазақстан Республикасының Парламенті.
22. Сот билігінің ұғымы.
23. Конституциялық құқықтық нормалар және олардың түрлері.
24. Конституцияда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтары.
25. Қазақстан республикасы Үкіметінің ұйымдастырылуы мен қызметінің конституциялық негіздері.
26. Мемлекеттік билік жүйесі, оның түрлері.
27. Атқару билігі органдары жүйесінің ұйымдастырылуы.
28. Атқарушы биліктің орталық органдары.
29. Азаматтық құқықтың түсінігі, пәні және реттеу әдістері.
30. Азаматтық құқықтың қайнар көздері және жүйесі.
31. Азаматтық құқықтық қатынастардың түсінігі және түрлері.
32. Азаматтық құқықтық қатынастардың мазмұны.
33. Азаматтық құқықтық қатынастардың субъектілері және объектілері.
34. Заңды тұлғалардың түсінігі, белгілері және түрлері.
35. Азаматтық құқықтық қатынастардың мазмұны, субъектілері және объектілері. Құқыққабилеттілік және әрекетқабилеттілік.
36. Мәміле нысаны. Мәміленің жарамдылығының жарамсыздығының негіздері.
37. Әкімшілік құқықтың құқық жүйесіндегі орны.
38. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түсінігі.
39. Әкімшілік жазалардың мақсаты, түрлері, мәжбүрлеу шаралары.
40. Әкімшілік құқықтың пәні және әдістері.
41. Әкімшілік құқықтың қайнар көздері.
42. Әкімшілік құқықтық қатынастар.
43. Мемлекеттік қызметтің қағидалары, түсінігі.
44. Отбасы құқығы ұғымы, қағидалары.
45. Некеге туру шарты және тәртібі.
46. Некені бұзу және некені жарамсыз деп таңу.
47. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері.
48. Ата-ана және балалардың құқықтары мен міндеттерінің пайда болу негіздері.

49. Алименттік қатынастар.
50. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының түсінігі.
51. Қазақстан Республикасының прокуратурасы.
52. ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдары.
53. Сот төрелігі және оның қағидалары.
54. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. Әділет органдарының жүйесі.
55. ҚР ішкі істер органдары.
56. Қаржы полициясы және оның атқару қызметі.
57. ҚР адвокатура мен нотариат.
58. Қазақстан Республикасының қаржылық құқығы құқық саласы ретінде.
59. Мемлекеттің қаржылық қызметі.
60. Бюджеттік құқық және мемлекеттік бюджет.
61. Қаржылық бақылаудың ұғымы және түрлері.
62. Мемлекеттік салық жүйесі.
63. Еңбек құқығының түсінігі, пәні және әдістері.
64. Еңбек құқығының қағидалары.
65. Еңбек құқығының қайнар көздері.
66. Жеке еңбек шарты.
67. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты. Еңбекті қорғау.
68. Еңбек тәртібі – тәртіптік және материалдық жауапкершілік.
69. Қазақстан Республикасындағы зейнет ақымен қамсыздандыру.
70. Сақтандыру құқығының түсінігі.
71. Қылмыстық құқықтың ұғымы.
72. Қылмыстық құқықтың қағидалары.
73. Қылмыстық-құқықтық нормалардың құрылымы.
74. Қылмыстың ұғымы, қылмыстарды топтастыру.
75. Қылмыстың құрамы.
76. Қылмыстық жазаның ұғымы, белгілері мен мақсаттары.
77. Қылмыстық жазалардың жүйесі мен түрлері.
78. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.
79. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.
80. Қоршаған ортаның түсінігі, қоршаған ортаның объектілері.
81. Табиғи ресурстаға меншік құқығы, объектілері мен субъектілері
82. Табиғат пайдалану құқығы.
83. Қазақстан Республикасындағы табиғатты пайдалану құқығының түсінігі және түрлері.
84. Қазақстан Республикасында жер қорының түсінігі.
85. Жер құқық қатынастарының түсінігі.
86. Жер құқық қатынастарының объектілері мен субъектілері.
87. Жерге меншік құқығының түсінігі, түрлері.
88. Қылмыстық іс жүргізу құқығының ұғымы және міндеттері.
89. Қылмыстық процесске қатысушылар.
90. Азаматтық іс жүргізу құқығының ұғымы.

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНЕН ГЛОССАРИЙЛЕР

Абайсыздық - неосторожность. Егер қылмыс істеген адам өзінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін біле тұра, бірақ жеңіл ойлылықпен ондай зардаптар болуы мүмкін екенін болжамаған болса, қылмыс абайсыздықпен істелді деп танылады.

Адамның өз басына ешкімнің тимеуі - неприкосновенность личности. Соттың қаулысы немесе прокурордың рұқсаты болмайынша ешкімді қамауға алуға болмайды.

Адвокат, қорғаушы - адвокат. Қоғамдық кәсіби ұйым болып саналатын қорғаушылар алқасының мүшесі. Қорғаушылар қатарына жоғары білімі бар заң адамы қабылданады.

Азаматтығы жоқ адам - лицо без гражданства. Қандай да болсын мемлекеттің азаматы болып есептелмейтін адам.

Айып - штраф. Заңда немесе шартта белгіленген тәртіппен немесе жағдаймен қолданылатын материалдық ықпал ету, ақшалай жазалау шарасы.

Айыпкер - обвиняемый. Қылмыс істеді деп айып тағылған адам.

Айғақ адам - понятой. Тергеу әрекеттерін растау үшін тергеуші шақырып алған бөгде адам.

Аккредитив - аккредитив. Латынша "сенім білдіру" деген мағынада айтылады. Қазіргі кезде екі жуықтас мәнге ие болған: а) аты-жөні жазылған тұлғаның, банктен көрсетілген мөлшерде ақша алуға құқығы барын куәландыратын атаулы бағалы қағаз;

ә) ақшаны қолма-қол емес, аудару арқылы есептесетін есеп шоттын және банктік есеп айырудың бір түрі.

Акцент - акцент. Шарт жасасу туралы қарсы жақтың ұсынысын қабылдау.

Ақысыз шарт - безвозмездный договор. Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алса - бұл ақысыз шарт болып табылады.

Алиби - алиби. Қылмыс жасады деп айып тағылған адамның қылмыс жасалған жерде болмай, басқа жерде болып, қылмысқа қатысы жоқтың дәлелі.

Алқа - коллегия. Мемлекеттік басқарудың орталық органдарының жанынан құрылатын кеңесші орган. Ол басқарудың орталық органдарының басшы қызметкерлерінен құрылады.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы - специальное государственное пособие. Әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерге жәрдемақылардың өзге түрлеріне қарамастан берілетін ақша.

Ауыр дене жұмыстары - тяжелые физические работы. Қызметкердің ауыр заттарды қолымен көтеруге немесе орын ауыстыруға байланысты қызметтердің түрлеріне 300 ккал/ сағаттан астам күш-қуат жұмсайтын басқа да жұмыстар.

Әкім - аким. Жергілікті атқарушы органдарды басқарады, Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

Әлеуметтік жеке код - социальный индивидуальный код. Жеке зейнетақы шоттарын енгізу мен оған бақылау жасау және азаматтарды бірегейлендіру бойынша басқа да әлеуметтік рәсімдер мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар әрбір азаматқа тағайындалатын тұрақты жеке код.

Бас тарту төлемі - отступное. Тараптардың келісімі бойынша міндеттеме орындалудың орнына бас тарту төлемін беру арқылы тоқтатылуы мүмкін. Мысалы, ақша төлеу, мүлік беру, т. б.

Бандитизм - бандитизм. Азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру, сол сияқты осындай топты басқару.

Банк кастодиан - банк кастодиан. Клиенттердің сеніп тапсырған бағалы қағаздары мен ақшаларын жауап-кершілікпен сақтау және есепке алу жөнінде қызмет көрсететін банк.

Бос орын - вакансия. Жұмыс берушідегі бос жұмыс орыны.

Брокер - брокер. Сыйақы үшін шарт негізінде іс-қимыл жасайтын, клиенттердің тапсырмасы бойынша, солардың есебінен және мүдделерін көздеп бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асырушы делдал.

Бұйрық - приказ. Мемлекеттік басқару органдарының, заңды тұлғалардың әкімшілігінің нақты мәселелерді шешуге арналған кесімі.

Вексель - вексель. Вексель берушінің ешқандай шарт қойылмаған міндеттемелерін не вексельде көрсетілген өзге төлеушінің вексельде көзделген мерзім келген кезде вексель иесіне белгілі бір соманы төлеуін куәландыратын бағалы қағаз.

Венчурлік фирмалар - венчурные фирмы. Ғылым-ды көп қажет ететін прогресшіл технологиялар мен өнімдерді әзірлеу мен игеруді жүзеге асыратын инновациялық қызмет субъектілері.

Демпинг - демпинг. Қазақстан Республикасының аумағына өзінің қалыпты бағасынан төмен бағамен сатылатын тауар жеткізу.

Де-факто - де-факто (іс жүзінде). Халықаралық құқықта бір мемлекетті немесе үкіметті екінші мемлекеттің мойындауының бір түрі.

Де-юре - де-юре (заң жүзінде). Халықаралық құқықта бір мемлекетті немесе үкіметті басқа мемлекеттің ресми түрде толық мойындауы.

Диаспора - диаспора. Өзінің тарихи шығу тегінен тысқары елдерде тұрып жатқан халықтың бір бөлігі (этникалық қауымдастық).

Дивиденд - дивиденд. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қоғамның өз акционер-леріне оларға тиесілі акциялар бойынша төлейтін сыйақысы.

Ереже - положение. Қандай да бір мемлекеттік органның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттілігін белгілейтін нормативтік құқықтық кесім.

Ережелер (қағидалар, рәсімдер) - правила. Заң белгілеген тәртіп, қағида, мысалы, ішкі еңбек тәртібінің ережелері.

Есірткілер - наркотики. Есірткі немесе психотроптық заттар деп жіктелген, оларды шектен тыс пайдаланғанда туындауы мүмкін зардаптарға байланысты халықтың денсаулығы үшін ықтимал қаупі бар (есірткі, психотроптық заттар мен прокурорлардың тізіміне енгізілген), Қазақстан Республикасында бақылау жасауға тиіс өсімдіктер, заттар немесе препараттар.

Жала жабу - клевета. Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату.

Жалақы - заработная плата. Еңбек үшін оның күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйақы (табыс).

Жалгер - арендатор. Мүлікті ақы төлеп, уақытша иеленуге және пайдалануға міндеттеме алған аренда шартының тарабы.

Жарлық - указ. Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерінің түрі. Жарлықтар рәсімді және рәсімі жоқ болып бөлінеді.

Зандардың қайшылығы - коллизия законов. Бір мәселеге байланысты қабылданған кем дегенде екі заңның біріне-бірінің қайшы болуы.

Зейнетақы - пенсия. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан, жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдерінің жиынтығы.

Зорлық, озбырлық - узурпация. Өкіметтің немесе басқа адамның белгілі бір құқықтарын заңсыз тартып алу.

Иесіз заттар - бесхозяйная вещь. *Меншік иесі жоқ, немесе меншік иесі белгісіз зат, немесе меншік иесі оның құқығынан бас тартқан зат.*

Карцер - карцер. *Күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін қасақана бұзған адамды ұстауға арналған бір адамдық камера.*

Кешірім беру - помилование. *Сотталған адамға тағайындалған жазаны жеңілдету немесе сотталды деген атағын жою туралы кесім. Кешірім беруді Қазақстан Президенті ғана шеше алады және тек жеке адамға қолданады.*

Кодекс - кодекс. *Біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп, жүйеге келтірілген заң.*

Қайырмалдық - пожертвование. *Жалпы пайдалану мақсатында затты немесе құқықты сыйға тарту.*

Қорлау - оскорбление. *Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту.*

Қашу - побег. *Қылмыстық құқықта жазалау немесе қамауға алу негізінде бұлтартпау шараларын қолдану орнынан өз бетінше кетіп қалу.*

Құзау хат - ходатайство. *1) Мемлекеттік ұйымға немесе тиісті құзыреттегі қоғамдық ұйымға жолданған ресми өтініш немесе ұсынба. 2) Сот өндірісінде іске қатысушының тергеу өндірісі немесе кез-келген қылмыстық іс бойынша шешім шығарған соттың әрекеттері жөнінде іс жүргізуші органдарға немесе басшы тұлғаларға ауызша немесе жазбаша өтініш жасауы.*

Құқықтық режим - правовой режим. *Белгілі бір затты, жаратылыс, т. с. с. құбылысты пайдаланудың, қорғаудың заңда белгіленген тәртібі. Мысалы, қорықтың құқықтық режимі.*

Құқықтық сана - правосознание. *Адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың, ұлттардың құқыққа, заңдылыққа, сот әділдігіне байланысты қалыптасқан көзқарасының, ойларының, сезімдерінің жиынтығы.*

Мекеме - учреждение. *Басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қыз-меттерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландыратын ұйым.*

Мораторий - мораторий. *Қарыз өтеу, белгілі бір әрекетке тыйым салу, қаржы міндеттемелерін орындау мерзімдерін төтенше жағдайларға байланысты үкімет қаулысымен кейінге көшіру.*

Нормативтік кесім - нормативный акт. *Құқықтық нормативтері бар мемлекет органы жасаған құжат.*

Нұсқаулық - инструкция. *Заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын егжей-тегжейлі көрсететін нормативтік құқықтық кесім.*

Опцион - опцион. *Келісілген баға бойынша және шартта белгіленген мерзім ішінде бағалы қағаздардың белгілі бір түрінің белгілі бір мөлшерін бір тараптың сатып алуға құқығын және екінші тараптың сатуға міндеттемесін куәландыратын екі жақты шарт.*

Ферта - оферта. *Шарт жасасу туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс.*

Өзіндік капитал - собственный капитал. *Шаруашылық жүргізуші субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері.*

Пайдақорлық - корысть. *Қылмыс жасаудың бір түртікісі, негізі болуы мүмкін. Мысалы, ұрлық, пара алу пайдақорлық ниетпен жасалады. "*

Патент иеленуші - патентообладатель. *Қорғау құжатының иесі.*

Патронат - патронат. *Уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны.*

Парақорлық - взяточничество. Қалыптасқан қылмыстық құқықта қылмыстың үш түрін: пара алуды, пара беруді, парақорлыққа делдал болуды қамтитын ұғым.

Порнография - порнография. Жынысқа, жыныстық қатынастарға қатысты әлденелерді бейнелеудегі әдепсіздік, шектен шыққан арсыздық.

Пролонгация - пролонгация. Шарттарда онда қаралған әрекет мерзімінен мейлінше ұзарту.

Регресттік талаптар - регрессное требование. Кері талап. Басқа тұлғаның міндеттемесін орындаған борышқор орындалған міндеттеме мөлшерінде сол тұлғаға кері талап қоюға құқылы.

Санаткерлік меншік - интеллектуальная собственность. Шығармашылық қызметтің объектілендірілген нәтижесіне меншік.

Сезікті - подозреваемый. Қылмыс істеді деген сезікпен үсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адам.

Сервитут - сервитут. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа адамдардың жеке меншік құқығындағы немесе жер пайдалану құқығындағы жер учаскелерін нысаналы пайдалану құқығы.

Симуляция - симуляция. Дені сау адамның белгілі бір ауру түрімен өтірік ауыруы, сол ауруға шалдыққан болып көрінуі. Оның екі түрі бар: ойдан шығарылған және әдетке айналған.

Субсидиялар - субсидиялар. Заң актілерінде белгіленген мақсаттар үшін коммерциялық ұйымдарға бюджеттен бөлінетін тегін және қайтарымсыз телемдер.

Суррогат ана шарты - договор суррогатного материнства. Балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім.

Сұрау салу - запрос. Парламент депутаты, депутаттар топтары, комитеттер Министрлер Кабинетіне, оның мүшелеріне олардың қызметіне қатысты сұрау салуы мүмкін. Мұндай сұрауға сұрау салынған органдар жауап беруге міндетті.

Тағылық - вандализм. Үйлерді немесе өзге де құрылыстарды жазулармен немесе суреттермен, немесе жұртшылықты намысына тиетіндей өзге де іс-әрекеттермен қорлау, сол сияқты көлікте немесе өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру.

Тергеу изоляторы - следственный изолятор. Бұлтартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Терроршы - террорист. Террорлық іс-әрекетті жүзеге асыруға қатысушы адам.

Техникалық шарттар - технические условия. Нақты өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын техникалық талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.

Тонау - грабеж. Бөтен мүлікті ашық ұрлау.

Тонаушылық - мародерство. Шайқас даласында өлгендер мен жараланғандардың заттарын ұрлау (тонау).

Ұрлық - кража. Бөтен мүлікті жасырын ұрлау.

Цессия - цессия. Азаматтық заңдарға сәйкес міндеттемедегі талаптарды азайту.

Чартерлік шарт - чартерный договор. Әуе кемесінің иесі мен әуе кемесін жалдаушының арасында жасалынатын әуе кемесін жалдау шарты.

Шешім - решение. Құқықтық кесімнің бір түрі: 1) Өкілдік және әкімшілік органдардың кесімдері. 2) Азаматтық істерді қарағанда сот органдарының қабылдайтын кесімі.

Шпионаж - шпионаж. Нақты бір мемлекеттің құпиясы болып табылатын экономикалық немесе басқа сипаттағы мәліметтерді астыртын жинау, ұрлау немесе басқа мемлекетке беру түріндегі ұшырасатын қылмыс.

Иссапар - командировка. Жұмыс берушінің үкімі бойынша қызметкерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу.

Эксгумация - эксгумация. Мәйітті көрден қазып алу. Заң бойынша эксгумация көрден қазып алудың мақсатын көрсете отырып, шығарылған тергеушінің қаулысы немесе соттың ұйғарымы бойынша жүзеге асырылады.

Эмбарго - эмбарго. Тауарларды, бағалы қағаздарды, т. б. шетелге шығаруға не шетелдерден әкелуге тыйым салу.

Эмиссия – эмиссия. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру.

Абайсыздық-неосторожность. Егер қылмыс істеген адам өзінің әрекетінің немесе әрекетсіздігінің қоғамға қауіпті зардаптары болуы мүмкін екенін біле тұра, бірақ жеңіл ойлылықпен ондай зардаптар болуы мүмкін екенін болжамаған болса, қылмыс абайсыздықпен істелді деп танылады.

Адамның өз басына ешкімнің тимеуі-неприкосновенность личности. Соттың қаулысы немесе прокурордың рұқсаты болмайынша ешкімді қамауға алуға болмайды.

Адвокат, қорғаушы-адвокат. Қоғамдық кәсіби ұйым болып саналатын қорғаушылар алқасының мүшесі. Қорғаушылар қатарына жоғары білімі бар заң адамы қолданылады.

Азаматтығы жоқ адам-лицо без гражданства. Қандай да болсын мемлекеттің азаматы болып есептелмейтін адам.

Айып-штраф. Заңда немесе шартта белгіленген тәртіппен немесе жағдаймен қолданылатын материалдық ықпал ету, ақшалай жазалау шарасы.

Айыпкер-обвиняемый. Қылмыс істеді деп айып тағылған адам.

Айғақ адам-понятой. Тергеу әрекеттерін растау үшін тергеуші шақырып алған бөгде адам.

Ақысыз шарт-безвозмездный договор. Бір тарап екінші тарапқа одан ақы алмай немесе ешнәрсе бермей бір нәрсені ұсынуды міндетіне алса-бұл ақысыз шарт болып табылады.

Алиби-алиби. Қылмыс жасады деп айып тағылған адамның қылмыс жасалған жерде болып, қылмысқа қатысы жоқтың дәлелі.

Алқа-коллегия. Мемлекеттің басқарудың орталық органдарының жанынан құрылатын кеңесші орган. Ол басқарудың орталық органдарының басшы қызметкерлерінен құрылады.

Карцер-карцер. Күзетте ұстаудың белгіленген тәртібін қасақана бұзған адамды ұстануға арналған бір адамдық камера.

Кешірім беру-помилование. Сотталған адамға тағайындалған жазаны жеңілдету немесе сотталды деген атағын жою туралы кесім. Кешірім беруді Қазақстан Президенті ғана шеше алады және тек жеке адамға қолданады.

Кодекс-кодекс. Біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп, жүйеге келтірілген заң.

Қайырмалдық-пожерование. Жалпы пайдалану мақсатында затты немесе құқықты сыйға тарту.

Қорлау-оскорбление. Басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту.

Қашу-побег. Қылмыстық құқықта жазалау немесе қамауға алу негізінде бұлтартпау шараларын қолдану орнынан өз бетінше кетіп қалу.

Құзау хат-ходатайства. 1). Мемлекеттік ұйымға немесе тиісті құзіреттегі қоғамдық ұйымға жолданған ресми өтініш немесе ұсынба. 2). Сот өндірісінде іске қатысушының тергеу өндірісі немесе кез-келген қылмыстық іс бойынша шешім шығарған соттың әрекеттері жөнінде іс жүргізуші органдарға немесе басшы тұлғаларға ауызша немесе жазбаша өтініш жасауы.

Құқықтық режим-правовой режим. Белгілі бір затты, жаратылыс, т. с. с, құбылысты пайданудың, қорғаудың заңда белгіленген тәртібі. Мысалы, қорықтың құқықтық режимі.

Құқықтық сана-правосознание. Адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың, ұлттардың құқыққа, заңдылыққа, сот әділдігіне байланысты қалыптасқан көзқарасының, ойларының, сезімдерінің жиынтығы.

Мекеме-учреждение. Басқару, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы қызметтерді жүзеге асыру үшін меншік иесі құрған және қаржыландыратын ұйым.

Мораторий-мораторий. Қарыз өтеу, белгілі бір әрекетке тыйым салу, қаржы міндеттемелерін орындау мерзімдерін төтенше жағдайларға байланысты үкімет қаулысымен кейінге көшіру.

Нормативтік кесім-нормативный акт. Құқықтық нормативтері бар мемлекет органы жасаған құжат.

Нұсқаулық-инструкция. Заңдардың қоғамдық қатынастардың қандай да бір саласында қолданылуын егжей-тегжейлі көрсететін нормативтік құқықтық кесім.

Опцион-опцион. Келісілген баға бойынша және шартта белгіленген мерзім ішінде бағалы қағаздардың белгілі бір түрінің белгілі бір мөлшерін бір тараптыңстап алуға құқығын және екінші тараптың сатуға міндеттемесін куәландыратын екі жақты шарт.

Оферта-оферта. Шарт жасау туралы бір немесе бірнеше нақты жақтарға жасалған ұсыныс.
Өзіндік капитал-собственный капитал. Шаруашылық жіргізуші субъектінің өз міндеттемелерін шегеріп тастағаннан кейінгі активтері.

Пайдақорлық-корысть. Қылмыс жасаудың бір түрткісі, негізі болуы мүмкін. Мысалы: ұрлық, пара алу пайдақорлық ниетпен жасалады.

Патент иеленуші-патентообладатель. Қорғау құжаттының иесі.

Патронат-патронат. Уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адамның жасасқан шарты бойынша ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны.

Парақорлық- взяточничество. Қалыптасқан қылмыстық құқықта қылмыстың үш түрін: пара алуды, пара беруді, парақорлыққа дәлдел болуды қамтитын ұғым.

Порнография- порнография. Жынысқа, жыныстық қатынастарға қатысты әлденелерді бейнелеудегі әдепсіздік, шектен шыққан арсыздық.

Пролонгация- пролонгация. Шарттарда онда қаралған әрекет мерзімінен мейлінше ұзарту.

Регрестік талаптар-регрессное требование. Кері талап. Басқа тұлғаның міндеттемесін орындаған бoryшкер орындалған міндеттеме мөлшерінде сол тұлғаға кері талап қоюға құқылы.

Санаткерлік меншік-интеллектуальная. Шығармашылық қызметтің объектілендірілген нәтижесіне меншік.

Сезікті-подозреваемый. Қылмыс істеді деген сезікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлдыртпау шарасы қолданылаған адам

Сервитут-сервитут. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басөа адамдардың жеке меншік құқығындағы немесе жер пайдалану құқығындағы жер учаскелерін нысаналы пайдалану құқығы.

Симуляция-симуляция. Дені сау адамның белгілі бір ауру түрімен өтірік ауыруы, сол ауруға шалдыққан болып көрінуі. Оның екі түрі бар: ойдан шығарылған және әдетке айналған.

Субсидиялар-субсидиялар. Заң актілерінде белгіленген мақсаттар үшін коммерциялық ұйымдарға бюджеттен бөлінетін тегін және қайтарымсыз төлемдер.

Суррогат ана шарты-договор суррогатного материнства. Балалы болуды қалайтын адамдар мен бойға бала бітірудің жасанды әдісін немесе эмбрион имплантациясын қолдануға келісімін берген әйелдің арасындағы келісім.

Сұрау салу-запрос. Парламент депутаты, депутаттар топтары, комитеттер Министрлер кабинетін, оның мүшелеріне олардың қызметіне қатысты сұрау салу мүмкін. Мұндай сұрауға сұрау салынған органдар жауап беру міндетті.

Тағылық-вандализм. Үйлерді немесе өзге де құрылыстарды жазулармен немесе суреттермен, немесе жұртшылықты намысына тиетіндей өзге де қоғамдық орындарда мүлікті қасақана бүлдіру.

Тергеу изоляторы-следственный изолятор. Бұл тартпау шаралары ретінде қамауға алу қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Терроршы-террорист. Террорлық іс-әрекетті жүзеге асырауға қатысушы адам.

Техникалық шарттар-технические условия. Нақты енімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге немесе өнімнің бірнеше түріне қойылатын техникалық талаптарды белгілейтін нормативтік құжат.

Тонау-грабеж. Бөтен мүлікті ашық ұрлау

Тонаушылық-мародерства.Шайқас даласында өлгендер мен жараланған-дардың заттарын ұрлау(тонау)

Ұрлық-кража.Бөтен мүлікті жасырын ұрлау.

Цессия-цессия.Азаматтық заңдарға сәйкес міндеттемедегі талаптарды азайту.

Чартерлік шарт-чартерный договор.Әуе кемесінің иесімен әуе кемесін жалдаушының арасында жасалынатын әуе кемін жалдау шарты.

Шешім-решение.Құқықтық кесімнің бір түрі:

1)Өкілдік және әкімшілік органдардың кесімдері

2)Азаматтық істерді қарағанда сот органдарының қабылдайтын кесімі

Шпионаж-шпионаж.Нақты бір мемлекеттің құпиясы болып табылатын экономикалық немесе басқа сипаттағы мәләметтерді астыртын жинау,ұрлау немесе басқа мемлекетке беру түрүндегі ұшырастын қылмыс.

Иссапар-командировка.Жұмыс берушінің үкімі бойынша қызметкерді тұрақтыжұмыс орнынан тыс жерге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу.

Эксгумация-эксгумация.Мәйітті көрден қазып алу.Заң бойынша эксгумация көрден қазып алудыңмақсатын көрсете отырып шығарылған тергеушінің қаулысы немесе соттың ұйғарымы бойынша жүзеге асырылады.

Эмбарго-эмбарго.Тауарларды,бағалы қағаздарды, т.б. шетелге шығаруға не шетелдерден әкелуге тыйым салу.

Эмиссия-эмиссия.Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру.

Де-факто- де факто (іс жүзінде). Халықаралық құқықта бір мемлекетті немесе үкіметті екінші мемлекеттің мойындауының бір түрі.

Де-юре- де-юре (заң жүзінде). Халықаралық құқықта бір мемлекетті немесе үкіметті басқа мемлекеттің ресми түрде толық мойындауы.

Диаспора- диаспора. Өзінің тарихи шығу тегінен тысқары елдерде тұрып жатқан халықтың бір бөлігі.

Дивиденд- дивиденд. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес қоғамның өз акционерлеріне оларға тиісілі акциялар бойынша төлейтін сыйақысы.

Ереже- положение. Қандай да бір мемлекеттік органның немесе оның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттілігін белгілейтін нормативтік құқықтық кесім.

Ережелер- правила. Заң белгіленген тәртіп, қағида мысалы, ішкі еңбек тәртібінің ережелері.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы-специальное государственное пособие.

Әлеуметтік қорғауды қажет ететіндерге жәрдемақылардың өзге түрліне қарамастан берілетін ақша.

Ауыр дене жұмыстары-тяжелые физические работы.Қызметкердің ауыр заттарды көтеруге немесе орын ауыстыруға байланысты қызметтердің түрлеріне 300ккал/сағаттан астам күш-қуат жұмсайтын басқа да жұмыстар.

Әкім-аким.Жергілікті атқарушы органдарды басқарады,Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

Әлеуметтік жеке код-социальный индивидуальный код.Жеке зейнетақы шоттарын енгізу мен оған бақылау жасау және азаматтарды бірегейлендіру бойынша басқа да әлеуметтік рәсімдер мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін заңға сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар әрбір азаматқа тағайындалатын тұрақты жеке код.

Бас тарту төлемі-отступное.Тараптардың келісімен бойынша міндеттеме орындалудың орнына бас тарту төлемін беру арқылы тоқталуы мүмкін.Мысалы:ақша төлеу,мүлік беру,т.б.

Бандитизм-бандитизм.Азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақстаныда тұрақты қарулы топ (банда)күру,сол сияқты осындай топты басқару.

Банк кастодиан– банк кастодиан. Клиенттердің сеніп тапсырған бағалы қағаздары мен ақшаларын жауапкершілікпен сақтау және есепке алу жөніндегі қызмет көрсететін банк.

Бос орын-вакансия.Жұмыс берушідегі бос жұмыс орны.

Брокер-брокер. Сыйақы үшін шарт негізінде іс-қимыл жасайтын, клиенттердің тапсырмасы бойынша, солардың есебімен және мүдделерін көздеп бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді жүзеге асырушы делдал.

Бұйрық-приказ. Мемлекеттік басқару органдарының, заңды тұлғаларының әкімшілігінің нақты мәселелерді шешуге арналған кесімі.

Вексель-вексель. Вексель берушінің ешқандай шарт қойылмаған міндеттеме-лерін не векселде көрсетілген өзге төлеушінің вексельде көзделген мерзім келген кезде вексель иесіне белгілі бір сомманы төлеуін куәландыратын бағалы қағаз.

Венчурлік фирмалар-венчурные фирмы. Ғылымды көп қажет ететін прогресшіл технологиялар мен өнімді әзірлеу мен игеруді жүзеге асыратын инновациялық қызмет субъектілері.

1. **Адвокат** – ҚР-да адвокаттар коллегиясының мүшесі, оның міндеттеріне азаматтар мен ұйымдарға: заң мәселелері бойынша кеңестер мен түсіндірмелер, заңдар жөнінде ауызша және жазбаша анықтамалар беру; арыздар, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау; сотта, арбитражда және т.б. мемлекеттік органдарда азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істерде өкілдік ету; жәбірленушінің, азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің қорғаушысы, өкілі.

2. **Алименттер** - әдекімді асырауға жұмсалатын қаржы. Отбасылық қарым-қатынастар – неке, туыстық, туыстыққа теңестірілген қарым-қатынастар алименттік міндеттеменің негізі болып табылады.

3. **Апелляция** – сот үкімін шағымдау нысандарының бірі. А.-бірінші инстанция сотының үкіміне байланысты тараптардың шағымдануына орай екінші инстанция сотының істі қайта қарауы.

4. **Арбитраж** – тараптардың немесе құзіретті органдардың келісімі бойынша құрылған, мүліктік және соған қатысты мүліктік емес дауларды шешетін орган.

5. **Хабарсыз кету** – тұрақты тұратын жерінде азаматтың ұзақ уақыт бойы болмауын сот тәртібімен айқындау.

6. **Даусыз деректер** – азаматтық құқықта және істе: азаматтық істі дұрыс шешу үшін маңызы мол деректердің бар екендігі тараптардың дауын туғызбайтын мән-жайлар. Егер дерек талапкердің әрі жауапкердің түсіндірмелерімен – бір тараптың дәлелдеуімен және екінші тараптың мойындауымен расталса, онда ол даусыз болып саналады.

7. **Иесіз мүлік** – азаматтық құқықта: меншіктенушісі жоқ немесе меншіктенушісі белгісіз мүлік. Сондай-ақ, талап етілмеген жүктер, пошталық жодамалар, талап етілмеген олжа және басқалар да И.м. болып табылады.

8. **Ведомство** – нақты бір мемлекетте қоғамдық өмірдің белгілі саласын немесе аясын басқаратын және мемлекеттік басқару органдары жүйесіне кіретін орталық мекеме.

9. **Заттық құқық** – субъективтік азаматтық құқық, оның объектісі зат болып табылады. З.қ-ы иеленуші адам қандай да бір белгілі іс-әрекетке, басқа да міндетті адамдардың жәрдеміне жүгінбей-ақ, оны дербес өз бетінше жүзеге асыра алады.

10. **Виндикациялық талап** – азаматтық құқықта: меншікті қорғаудың тәсілі; оның көмегімен меншік иесі бөгде тұлғаның иелігіндегі өзінің мүлкін қорғай алады.

11. **Қарсы талап** – бастапқы талаппен бірге қарау үшін жауапкердің сотта немесе арбитражда мәлімдеп, талапкерге өз бетінше қоятын шағым талабы; жауапкерді оған қарсы қойылған талаптан қорғаудың құралы.

12. **Азаматтық талап** – азаматтың немесе заңи тұлғаның қылмыстық іс барысында мәлімдеген және қылмыстық іспен бірге қаралатын, қылмыстың кесірінен шектірілген материалдық залады өтеу жөніндегі талап шағымы.

13. **Азаматтық іс жүргізу** – азаматтық іс жүргізу нормаларымен белгіленген азаматтық істі соттық талдау мен қараудың, сондай-ақ соттың және кейбір басқа органдардың қаулыларын орындаудың тәртібі.

14. **Азаматтық іс** – азаматтар мен заңи тұлғалардың құқылары мен заңды мүдделерін қаулайтын, азаматтық құқық туралы дау-дамай бойынша қаралатын іс; заңда көзделген

реттерде әкімшілік органдардың немесе лауазымды адамдардың уәкілеттігін асыра пайдаланып, азаматтардың құқыларына нұқсан келтіре отырып жасаған іс-әрекеттеріне талап-шағым бойынша қаралатын іс; сот қарайтын және шешімін табатын, заңи мәні бар деректі айқындау туралы іс.

15. **Азаматтық іс жүргізу құқығы** – соттың азаматтық істерді талқылауының және шешімін табуының тәртібін, сондай-ақ соттар мен басқа да бір органдардың қаулыларын орындаудың тәртібін белгілейтін құқық саласы.

16. **Талап қою мерзімі** – сотта, аралық сотта немесе басқа заңи органда бұзылған құқықты қорғау үшін заңмен белгіленген мерзім.

17. **Әрекетке қабілеттілік** - өзінің іс-әрекеттерімен құқылар иеленуге және өзіне заңи міндеттер алуға, сондай-ақ құқық бұзушылық әрекет жасағаны үшін жауапкершілік арқалауға тұлғаның (азаматтың, ұйымның) қабілеттілігі.

18. **Дәлелдемелер** – қылмыстық және азаматтық істерде заңда белгіленген тәртіппен алынған және істің материалдарында бекітілген, істің дұрыс шешімін табу үшін маңызы бар мән-жайлар туралы нақты деректер (мәліметтер).

19. **Шағым** – азаматтың немесе заңи тұлғаның сотқа, мемлекеттік органға, лауазымды басшыға өзін-өзі басқару органына, лауазымды тұлғаға өз құқылары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы жөнінде ауызша не жазбаша түрде арыздануы.

20. **Заңды өкіл** - әрекетке қабілеті жоқ, әрекетке қабілеті шектеулі, немесе әрекетке қабілеті бола тұра, тәни жағдайының (қартаюының, ауруының) салдарынан өзінің құқыларын және өзінің міндеттерін жекелей жүзеге асыра алмайтын адамдардың жеке басылық, мүліктік құқылары мен заңды мүдделерін заңның күшімен барлық мекемелерде, соның ішінде сот мекемесінде қорғауға қатысатын азамат.

21. **Істі сырттай қарау** – талапкердің не жауапкердің, немесе екеунің де қатысуынсыз соттың іс қарауы.

22. **Сот инстанциясы** - белгілі бір күзіретпен сотта іс қараудың сатылары.

23. **Талап** – нұқсан келтірілген немесе даулы құқыларды немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғаудың заңи құралы.

24. **Талапкер** - өзінің нұқсан келтірілген немесе даулы құқы мен заң жүзінде қорғалатын мүддесін қорғау үшін сотқа, аралық сотқа шағымданушы тұлға.

25. **Өтемақы** – кесел келтіру арқылы азаматтық-құқықтық міндеттерін іс-жүзінде атқаруға мүмкіндік бермеу салдарынан туындаған шығындарды өтеу.

26. **Жеке тұлға** – азаматтық құқықтың субъектісі ретіндегі жеке адам.

27. **Заңи тұлға** – меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелрі бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және жеке беймүліктік құқылар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта, аралық сотта талапкер де, жауапкер де бола алатын ұйым.

28. **Жеке беймүліктік құқылар** – субъективтік құқықтың бір түрі. Мүліктік мазмұнға ие болмайтын игіліктерді иелену құқысы.

29. **Мұралау** – қайтыс болған адамның (мұраға қалдырушының) мүлкінің мұрагеріне өтуі.

30. **Негаторлық талап** – азаматтық істе меншік иесінің немесе жедел басқару құқығы субъектісінің өзіне тиесілі (немесе, оның қарауына берілген) мүлікті пайдалану немесе билік жүргізу құқын жүзеге асыруына кедергі болар кемшіліктерді жою туралы талаптары.

31. **Нотариат** – ҚР-да мәмілерлерді куәландыру, мұрагерлік құқыларды рәсімдеу, азаматтық құқыларды заңи бекітуге, әрі олардың келешекте бұзылуы ықтималдығын болдырмауға бағытталған басқа да іс-әрекеттер жасау жүктелген органдар жүйесі.

32. **Нотариус** – ҚР-да нотариалдық іс-әрекеттерді жасайтын нотариаттың лауазымды адамдары.


33. **Соттылық** – бірінші инстанция бойынша қарауға жататын істерді соттарға бөліп беру, яғни нақты бір істің шешімін табуға тиісті сотты айқындау.

34. **Құқық қабілеттілігі** – субъективтік құқықтар мен заңи міндеттерді арқалай алудың мемлекет мойындаған қабілеті.

Мемлекеттің функциялары




Мемлекетті саяси басқаруының нысаны





Құқықтық норманың заңды күшінің уақыты





Мәмілелер

Мәмілелер – азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттер

Мәмілелерді жіктеу

Ерік білдіру бойынша:

1. біржақты
2. екіжақты
3. көпжақты

Жасалу түріне байланысты:

1. ауызша
2. жазбаша
3. жай жазбаша
4. нотариальды куәландыру
5. үндемей әрекет жасау арқылы

Жарамсыз мәмілелердің жіктеуі

- Абсолютті жарамсыз немесе болымсыз.
- Заңдарға сәйкес келмейтін.
- Жалған мәмілелер.
- Әрекет қабілеттілігі жоқ адамдар.



Құқықтық тәртіп, оның заңмен және заңдылықпен қатынасы

Құқықтық тәртіп – барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, азаматтардың құқықтық норманы дұрыс, қатаң орындай арқылы қоғамда дамыған тәртіптің қалыптасуы.

Заңдар – Құқықтық тәртіптің нормативтік негізі.

Заңдылық – қоғамдық қатынастарға қатысушылардың заңдар мен заңдарға негізделген актілердегі құқық нормаларын жүзеге асыруда өздеріне басшылық етіп алатын, ұстанатын принципі.

Құқықтық тәртіп – заңдылықтың, құқықтық норманың қатаң орындалуының қортындысы.


Мемлекеттің басқару нысаны



Мемлекеттің нысаны




Мемлекеттің құрылымдық нысаны








Құқықтық қатынас – мемлекеттік кепілді құқықтық норма арқылы басталатын екі жақты құқығы мен міндеті бар қоғамдық қатынас.



Құқықтық қатынастың субъектілерінің құқығы мен міндеттері



ҚР Конституциясы бойынша негізгі құқықтар мен бостандықтар

Азаматты

- Өмір сүру құқығы
- Өзіндік бостандық құқығы
- Өзіндік салым мен құпиясын сақтау құқығы
- Жүріп-тұру, тұрғын орын таңдау бостандығы
- Ой, шығармашылық бостандығы
- Ұждан бостандығы


Саяси

- Мемлекет ісін басқару құқығы
- Мемлекет органдарына сайлау және сайлану құқығы
- Бірлесу құқығы
- Жиналыс, митингі және демонстрация өткізу, қатысу құқығы өкімет органдарына өтініш және арыз айту құқығы

Әлеуметтік-экономикалық

- Денсаулықты қорғау, медициналық көмек алу құқығы
- Әлеуметтік қорғану, өзін қамсыздандыру, үй-жай алу құқығы
- Білім алу құқығы
- Еңбек бостандығы және кәсіпкерлік құқығы
- Жекеменшік құқығы
- Денсаулық лайықты табиғи ортаның сақталуы құқығы.

Еңбек құқығының құрылымы



Қазақстан Республикасының нормативті актілердің түрлері

Заңдар

- Қоғамдық өмірдің күрделі мәселелері бойынша қабылданады.
- Айырықша заң шығару жолымен бекітіледі.
- Заңды Парламентте немесе референдум арқылы бекітіледі.
- Заңды мемлекеттің басқа органдары өзгерте алмайды.
- Заң құқықтық жүйенің негізі болады.

Заңға тәуелді актілер


- Заңнан туатын, заңды орындау барысында қабылданатын актілер.
- Мемлекет басшысының нормативтік жарлығы.
- Үкіметтің нормативтік қаулысы.
- Министрліктер және ведомствалардың нормативтік актілері.
- Жергілікті басқару мемлекеттік аппараттың нормативтік шешімдері.

Заңның түрлері

Конституциялық

Жай заңдар

Отбасы құқығының құрылысы



Мемлекет белгілері

Мемлекеттің егемендігі

Құқықтық жүйенің болуы

Билеуші органдардың болуы

Халықтың аулақ болуы

Басқару аппаратының болуы, басқарудан басқа істермен шұғылданбайтын адамдардың болуы

Арнаулы қаражат қорларын құру үшін салықтар жинау

Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, қоғамдық тәртіп сақтайтын органдардың болуы

әскер

Полиция


Барлау

Ішкі әскер

Құқықтың мазмұны мен белгілері



Құқықты бұзу, оның түрлері



Құқықтық сана – адамның құқықтық нормалардың мазмұнын, оның бағытын, әсерін жан-жақты түсіну, сол арқылы өзінің сана сезімін дамыту, нығайту.

Белгілері

- Құқықтық идеология;

- Құқықты құрметтеу;

- Құқықтық идеялар;

- Құқықтық нанымдар;

- Құқықтық түсініктер;

- Құқықтық анықтамалар;

- Құқықтық білімдер;

- Құқықтық психология;

- Құқықтық көзқарас;

- Құқықтық сезім;


- Заңды сақтау дағдысы;

- Құқықтық дәстүрлер;

- Құқықтық көңіл;

- Құқықтық бағыттама.

Заңды шарттар – себептер



Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары



Заңды тұлғалар




Әкімшілік құқықтық қатынастар – мемлекеттік басқарушы органдардың басқарушы-жарлықшы қызметін реттейтін құқықтық рәсімдер жиынтығы

Әкімшілік құқықтық қатынастар – мемлекеттік қызметтің барысын, атқарушы органдардың қызметін, атқарушы органдардың азаматтармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен бірлескен іс-әрекеттерін, әкімшілік құқық



Еңбек құқығының құрылымы



ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

I. Нормативтік құқықтық актілер:

5. Қазақстан Республикасының 1995 ж. 30 тамызда қабылданған Конституциясы, (1998 ж. 7 қазанда және 21 мамырда 2007 ж. енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен);
6. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы, 1991ж. 16 желтоқсан;
7. Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, 1990 ж. 25 қазан;
8. «Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1998ж. 24 наурыз;
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, 2001ж., 30 қаңтар;
6. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы, 2001ж., 23 қаңтар;
28. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік нышандары туралы» Заңы. 1996ж. 24 қаңтар;
29. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» ҚР Заңы. 1991жыл 20 желтоқсандағы, Алматы: Юрист, 2005.
30. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2007 ж. 15 мамыр;
31. Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Заңы, 1998 ж., 17 желтоқсан;
32. Қазақстан Республикасының 27 желтоқсан 1994 жылғы Азаматтық кодексі (жалпы бөлім);
33. Қазақстан Республикасының 1 шілде 1999 жылғы Азаматтық Кодексі (ерекше бөлім);
34. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 1997 ж. 16 шілде;
35. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі, 1997ж. 13 желтоқсан;
36. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі, 1999ж. 13 шілде;
37. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі, 2003ж., 20 маусым;
38. Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі, 09 қаңтар, 2007 ж.;
39. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, 1998ж., 2 шілде;
40. «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы. 1997 жыл 15шілде.
41. Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңы. 2001 жыл 09 шілде.
42. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі. 2001 жыл 12 маусым.;
43. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі 24 сәуір 2004 жыл.
44. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы 2007 жыл 7 қыркүйек.
45. ҚРЗ «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы, Алматы: Юрист, 2005.
46. ҚРЗ «Патент туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі, Алматы: Юрист, 2005.
47. ҚРЗ «Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы, Алматы: Юрист, 2005.
48. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық Заңы.
49. «Прокуратура туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
50. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
51. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы.
52. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы.
53. «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңы.
54. ҚР Президентінің «ҚР халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы» заң күші бар Жарлығы, 1995.

II. Арнайы әдебиеттер тізімі:

24. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Баспа, 1998.- 256 б.
25. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1994.- 160 б.
26. Бакқұлов С.Д. Құқық негіздері: Оқулық. – 2-ші басылым. – Алматы, 2004. -248 б.
27. Дулатбеков Н.О. и др. Мемлекет және құқық негіздері / Дулатбеков Н.О., Амандықова С.Қ., Турлаев А.В. – Астана: Фолиант, 2001.- 252 б.
28. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық / Е. Баянов. - Өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, қайта жөнделіп 2-ші рет басылуы. – Алматы, 2003.- 692 б.
29. Булгакова Д.А. Мемлекет және құқық теориясы: Оқу құралы. – Алматы, 2004.
30. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. Алматы, 1997ж;
31. Дулатбеков Н., Амандықова С., Турлаев А. Мемлекет және құқық негіздері. Оқулық. Алматы, 2001 ж.
32. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Оқулық. Алматы, 1997 ж.;
33. Административное право. Оқулық, жауапты редакторы А.А. Таранов. Алматы, 1998 ж.;
34. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2000.-28 б.
35. Байжанов Н. Неке және отбасы. Алматы, 1997 ж.;
36. Тулеугалиев Г.И. Азаматтық құқық. Жалпы бөлім. А.,2001 ж.;
37. Дулатбеков Н.О. Қылмыстық жазаны жеке даралау. Оқу құралы. Қарағанды 1996 ж.
38. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2000 – 1-том. Ерекше бөлім.428 б. 2-том. Ерекші бөлім.- 378 б.
39. Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім. Алматы,2000 ж.;
40. Қайржанов Е.И. Жастар арасындағы заң бұзушылық және онымен күресу шаралары. Алматы, 1999ж.
41. Сапарғалиев Ғ.С. Мемлекет және құқық негіздері Алматы, 1999 ж.
42. Ағыбаев Қылмыстық құқық. Оқулық. Ерекше бөлім, Алматы 2000 ж.
43. Байжанов Н. Неке және отбасы. Алматы, 1997 ж.
44. Бакқұлов. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2001 ж.
45. Дулатбеков, Амандықова, Турлаев. Қазіргі Қазақстанның мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2004 ж.
46. Ашитов О. Мемлекет және құқық негіздері. Алматы, 2004 ж.
24. Оспанов Қ.И. Құқық негіздері. Алматы. «Жеті Жарғы» 2007 ж.
25. Ж. Құлжабаева: Халықаралық жария құқық, Алматы, 2003.
27. Сарсембаев М.А. Международное право, А., Данекер 2002.